ISBN 23-08-0590
Индекс 74661

ШӘКӘРІМ.
Ғылыми-танымдық журнал.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2023 жылдың 4 қазанында қайта тіркеліп, №13921-Ж куәлігі берілген. 2005 жылдан шыға бастады.

БАС РЕДАКТОР

Орынбеков Думан
Шәкәрім университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры

Бас редактордың шығармашылық орынбасары

Әубәкірова Қарлығаш – PhD доктор

Бас редактордың ғылыми орынбасары

Қасымова Әсем – PhD доктор

Шығарушы редактор

Шаңбай Тұрдықұл – Шәкәрім музейінің басшысы

© Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, 2024

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Сыдықов Ерлан, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

Мағауин Мұхтар, Қазақстанның халық жазушысы

Мырзахметұлы Мекемтас, филология ғылымдарының докторы, профессор

Еспенбетов Арап, филология ғылымдарының докторы, профессор

Есім Ғарифолла, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

Қойгелді Мәмбет, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

Әбдіғази Балтабай, филология ғылымдарының докторы, профессор

Жақып Бауыржан, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жоғары мектеп ұлттық ғылыми академиясының корреспендия мүшесі

Ердембеков Бауыржан, филология ғылымдарының докторы, профессор

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Пряхин Георгий, жазушы-академик, Ресей сөз өнері академиясының вице-президенті, «Художественная литература» баспасының Бас редакторы

Бирай Нергиз, PhD доктор, профессор. Памуккале университеті, қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі

Сөйлемез Орхан, PhD доктор, профессор. Кастамонлу университетінің түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің профессоры

Қынаджы Баран Жемиле, PhD доктор, қауымдастырылған профессор. Анкара Хажы Байрам Велми университеті, қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері бөлімінің аға оқытушысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Шәкәрім. Ғылыми-танымдық журнал

МАЗМҰНЫ

ҚҰНАНБАЙ ҚАЖЫ

Нұрбек Саясат. Құттықтау сөз....3

Ғарифолла Есім. Құнанбай – жақсы қазақ....5

Арап Еспенбетов. Құнанбай – тарихи тұлға....8

Тұрсын Жұртбай. Құнанбай: тарихи шындық және көркемдік шындық....12

Ахмет Тоқтабай. Құнанбай қажының қытай жеріндегі жәдігерлері....17

АБАЙТАНУ

Зейнолла Тоқаев. Қазақ даласындағы сайлау тарихынан: Абай, Шәкәрім және Мұхтар Әуезов....22

ШӘКӘРІМТАНУ

Тұрдықұл Шаңбай. Шәкәрім: «Пайғамбар қыл ақылды...»....27

Айжан Аманжол. Абай – Толстой – Шәкәрім: рухани үндестік....33

АЛАШТАНУ

Ербол Тілешов. Алаш қозғалысы: басталуы, тұтастығы, қатысушылары....37

Дарын Садықов. Алашорда үкіметінің тәуелсіздікті қалыптастырудағы атқарған ролі....51

Гульнур Тортенова. Алаштың үш арысы....58

Мадияр Насыров. Тарих ғылымында «инскрипт» қолтаңбаның мәні....62

ҚАЙЫМ МҰХАМЕТХАНҰЛЫ

Дина Мухамедхан. Хроника борьбы Каюма Мухаметханова за реабилитацию творчества Шакарима....72

Арап Еспенбетов. Қайым Мұхаметханұлы және абайтану мәселелері....79

Ғарифолла Есім. Ұстаз ұлағаты....84

Ақмарал Смағұлова. Абай – оның пешенесіне жазған тағдыры (Қайым Мұхамедханұлының дүниеден өткеніне 20 жыл)....89

ТҮРКОЛОГИЯ

Нұрболат Бөгенбаев. Аббасқұлы Бакиханов – алғашқы әзербайжан ағартушысы....92

УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ

Серікбай Маусымбаев. Біздің университетке Шәкәрім есімінің берілу тарихынан....96

ФОТООБЪЕКТИВТЕГІ АҚИҚАТ

Университет тынысы 99

Қадірлі конференцияға қатысушылар!
Қымбатты қонақтар!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің атынан ұлы Абайдың әкесі, данышпан Шәкәрімнің атасы, XIX ғасырдың көрнекті қайраткері Құнанбай Өскенбайұлының туғанына 220 жыл толу құрметіне арналған «Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Семей қаласының зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде: «Ұлы Абайды ұлықтағанда, оның әкесі Құнанбайдың ел тарихындағы еңбегін ұмытпауымыз қажет. Ол – Семейге ғана емес, тұтас қазақ тарихында өз орны бар тұлға», – деп атап көрсеткеніндей, ойшылдың қалыптасу ортасын жан-жақты зерттеу қашанда өзекті болмақ. Ұлы Даланың құнарлы бір пұшпағы – Қазақ жерінің әсем де, қатал табиғаты, өзінің қойнауында дүниеге келген перзенттерін жас күндерінен-ақ тіршіліктің сан алуан қатал сынынан өткізіп, олардың дара тұлғаға тән мінезін, кісілік қабілетін қалыптастыратын. Түбінде көшпелі қоғамның тұлғалы басшыларына айналатын олардың бойларынан табандылықты, әділдікті, көрегендікті, шешендікті, қалыптасқан салт-дәстүрді, әдет-ғұрып заңдарын жетік білу, қиын-қыстауларда жол табу, халықтың сеніміне ие болу және ел басқару сияқты қасиеттерді көруге болатын. Олар сол сияқты қазақ руханиятының да қамқоршылары бола білді.

Сондай дара тұлғалардың бірі – Құнанбай Өскенбайұлы. Ел ішінде «мырза» атанған Құнанбай қажы «Ескі там» медресесін салдырған. Қазақ балалары шариғат ілімдерімен қоса фольклор, фәлсапа, математика сынды дүнияуи пәндерді де оқуы керек деп шешім қылған. Ат үстінде шайқасып, білек күшіне бағынған замана кейпі түс өзгертіп, енді оқу-ғылымның, білімнің заманы келе жатқанын аға сұлтан ерте бағамдаған.

Құнанбай қажының ел түсінігіндегі бейнесінен, оның жүріп өткен жолынан халқымыздың тарихының күрделі кезеңдерін көргендей боласыз. Шынында Құнанбай да өз дәуірінің заманы тұлғасын сомдаған перзенті. Оның іс-хәрекеті сол дәуірмен біте қайнаған қазақ өмірінің де көрінісі. Құнанбай бейнесінің қарама-қайшылықты болуының себебінде де осындай заңдылықтар жатыр.

Ұлы Дала кемеңгерлеріне тән Құнанбай Өскенбайұлының да мағыналы өміріне зер салғанда, оның да халқына адал қызмет етіп, елдік, ұлттық бірегейлікті сақтауда қазақ дәстүрінің негізіне сүйенгенін, оңтайлы шешімдерді қабылдағанын көреміз. Ол қоғам үшін озық білімнің де қажеттігін жақсы түсінген тұлға болды.

Қадірлі қауым! Құнанбай Өскенбайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жұмысына сәттілік тілеймін!

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрі
Саясат Нұрбек

ҒАРИФОЛЛА ЕСІМ, *көрнекті философ-ғалым, жазушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сый-лығының лауреаты. Абайтану және Шәкәрімтану саласының қалыптасуына даралық көзқарасымен келді. «Хакім Абай», «Данышпан Шәкәрім», «Кемеңгер Мұхтар» және «Ғұламанаме» сияқты іргелі еңбектердің авторы. Ойшылдың жиырма кітаптан тұратын «Сана болмысы» атты ғылыми-сериялық еңбегі – қазақ фәлсапасының мәйегі. «Мұң» атты фәлсапалық романы, «Жар жағасы» жинағы қазақ фәлсапалық прозасының қалыптасуында өзіндік орны бар шығармалар. Академик Ғарифолла Есімнің Құнанбай Өскенбайұлының 220 жылдығына арналған «Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында жасаған «Құнанбай – жақсы қазақ» баяндамасын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.*

ҚҰНАНБАЙ – ЖАҚСЫ ҚАЗАҚ

Құнанбай туралы әңгіме көп. Ақиқат пен аңыз араласып кеткен. Тұлға тағдыры солай болатыны шындық. Өсіріп айту, әсірелеп айту, ғайбаттап айту секілді «айтулар» да жеткілікті, Мұхтар Әуезов «Абай жолының» бірінші, екінші кітаптарында Құнанбайға «шаң жолатпаған». Үшінші кітабында «Жақсы – Құнанбай» деп баға берген.

Құнанбай – Абайдың әкесі, Шәкәрім қажының атасы. Бұл – айырықша айтылатын құбылыс.

* * *

Мәселе осылай болғанда, Құнанбай туралы сөз қалай басталмақ?

Бірінші сөз. Құнанбай – дара тұлға.

Екінші сөз. Құнанбай – ақын, ойшыл Абайдың әкесі.

Кейінгі кезде Құнанбайдың образын, тарихи портретін жасауда әдебиет және өнер саласында Құнанбайды жеке-дара дәріптеу аңғарылады.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов болса, Құнанбайға **Абайдың өлшемімен келген.** Ол Құнанбайдың образын Абай арқылы ашқан. Бұл керемет және ешқашан өзгермейтін шындық.

Анығын айтқанда, Құнанбай Абайдың әкесі болмаса, Еуразия ұлттық университетінің ректоры, академик, тарихшы жерлестеріңіз Ерлан Батташұлы Сыдықов Құнанбай туралы тамаша кітап жазып, оны орыс тілінде Мәскеулік баспадан шығара ма?!

Бұл кітаптың құндылығы орыс оқырманы үшін Құнанбайдың Абайдың әкесі болғандығынан. Әйтпегенде, заманында Құнанбаймен иықтас тұлғалар болған. Реті келгенде айта кетейін, менің атам Түйте Нүрекенов полковник, дуанбасы, он екі мың жылқы біткен бай Құнанбаймен бірге Меккеге қажылыққа барған. Атам сонда сырқаттанып, қаражатын Құнанбайға аманат етіп тапсырып, үй тұрғызған. Қазақта мықты тұлғалар құдайға шүкір, баршылық болған.

* * *

Кеңес заманыда «Абай жолын» терең түсінбеген әдебиетшілер Құнанбай мен Абайдың арасынан бітіспейтін қақтығыстар тапты. Олары қате еді. Мен «Абай жолы» романын 4-5 рет қайталап оқып шыққан адаммын, бірақ ешбір жерде Мұхтар Әуезов Абайды әкесіне не әкесін баласына қарсы онтогонистік тұлғалар етіп баяндамаған. Мәселе мында:

Құнанбай өз заманының адамы. Құнанбай дәстүрлі қоғамда туып, өсіп-өнген тұлға. Оның сөздері мен істері өз заманының мінез-қылықтары.

Абай болса, жаңа заманда өсіп-өніп келе жатқан тұлға. Оның сөздері де, істері де әкесінен өзгеше болуы – табиғи жағдай. Бұл жерде ешқандай қайшылық жоқ. Керісінше, Абай әкесін өнеге тұтып, ұстаз санайды.

«Абай жолы» романында Құнанбай мен Абайға қатысты мынадай жолдар бар: Құнанбай баласы Абайға: «Сен оқыдың да, білім алдың, ұстаз көрдің», – дейді(394 б.).

«– Біз надан өстік. Бірақ сол білімің жұрт алдында ата сыйлауды неге білдірмейді саған? Көп көзінше таласып кеп, әкеңді сүрінткенде не мұратқа жетпексің?» (394 б.). Білімнің ата сыйлауға қауқары жетпесе, ол – не білім? Құнанбай дұрыс айтып отыр. Дәстүр бойынша атаның алдынан шығу – әдепсіздік. Көптің алдында әкені сүріндіру – қандай білім? Ол жақсылық нышаны емес.

«*– Ол кінәңіз орынды. Айып менде екені рас. Ғафу етіңіз!*» – деді (394 б.).

Байқасақ, жеңіс – Абай жағында емес, Құнанбай жағында. Әкеге қарсы шығу білім бе?

Құнанбай Абайға сабақ берді.

* * *

«Абай жолы» романында Мұхтар Әуезов Байдалы, Қаратай, Бөжей, Байсал бәрі Кәумен үйінде түстеніп отырғанда «Жақсы кім?» деген сөз шығып қалады. Оған Қаратай: **«Жақсы – Құнанбай»,** – деп жауап қайырады (Абай жолы, 3-кітап, 173-174 б.).

«Абай жолы» романында **жақсы** деген сөз екі адамға ғана қатысты айтылған. Бірі – Құнанбайға, екіншісі – Абайға қатысты.

Бұл Мұхтар Әуезовтың Құнанбайға және Абайға берген бағасы. Кейінірек «Абай деген жақсы шығыпты» дейді романда (Абай жолы, 2-кітап, 446 б.).

* * *

Мұхтар Әуезов осы жағдайды романда жан-жақты бейнелеп баяндаған.

Жазушы хакім Абайдың әкесінің портретін жасаған. Бұл өлшем үнемі де сақталуы керек. Құнанбай – Абайдың әкесі. Осы басты құндылық. Мұхтар Әуезов әлемге Абайдың әкесінің образын ұсынған. «Абай жолы» романының бірінші, екінші кітаптарының басты кейіпкері – Құнанбай.

Кейінгі кездерде Құнанбай туралы образын, Құнанбай туралы тарихи деректерді баласы Абайға қатыссыз жеке-дара қарастырушылық аңғарылады. Ойлаймын, Құнанбайды Абайдан бөліп қарастыру дұрыс болар ма екен?!

Басымдылық қай жағында Құнанбай тұлғасы ғана ма? Жоқ әлде, оның Абайдың әкесі болғандығы қажет пе?

Осы мәселеде жазушы Мұхтар Әуезов Құнанбайды Абайдың әкесі ретінде бейнелеген. Осы бағыт дұрыс. Қажеттілік Құнанбайдың Абайдың әкесі болғандығында.

Құнанбайды жеке-дара қарастыру қандай шындыққа бастайды? Ойлану керек!

* * *

Қорытынды. Түйін. Соңғы сөз. Бүгінге Құнанбай образының қажеттілігі неде?

Біріншіден, ол ақын, ойшыл Абайдың әкесі.

Екіншіден, қазақтың дәстүрлі қоғамының абызы.

Үшіншіден, Тобықты қауымы, жұртының, елінің көшбасшысы.

Төртіншіден, сөзі, ісі өнеге болатын шешен.

Бесіншіден, Құнанбай, қалай десек те, дәстүрлі қоғам мен жаңа қалыптасып келе жатқан қилы заманның арасындағы көпір, өткел.

Алтыншыдан, Құнанбай образынан біз қазақ халқының мұңлы тарихын айқын аңғарамыз.

Жетіншіден, Құнанбай баласы Абайға сабақ бере отырып, оның ақын, ойшыл болып қалыптасуына ұстаздық еткен тұлға.

* * *

Қадірлі қауым!

Бүгінде тобықты жұртында Құнанбайдай тұлға бар ма?

Мен Абай, Шәкәрім туралы айтып отырған жоқпын. Әңгіме Құнанбай туралы.

Мұхтар Әуезов жоғарыда айттым, «Абай жолы» романында Құнанбай – тобықтының жақсысы, – деген баға берді.

Олай болса, бүгінгі тобықты елінде Құнанбай сияқты жақсы бар ма?

Егер жоқ болса, неге жоқ?

Неге тобықты жұртының тұқымынан тұлға және жақсы адамдар шықпауда?

Ауыр мәселе. Бүгінгі күнде елді басқарып отырған генерал, губернатор, уезд бастығы емес.

Абай облысының әкімі – қазақ.

Абай ауданының әкімі – қазақ.

Осы азаматтардың қасында Құнанбай сияқты тұлға, Құнанбай сияқты жақсы қазақ бар ма? Бұл үлкен мәселе.

Алайда, бұлай ел ішінде әңгіме бола қалса, тобықтылардың және өзге ағайындардың жүгіріп барып, ақыл сұрайтын адамы бар ма?

Ел тыныштығын, ынтымағын, бірлігін сақтап отырған абыз, қариялар бар ма?

Ақын Сағи Жиенбаев айтқандай:

Дүниеге келер бір рет,
Дария кеуде тау мүсін.
Құрыштан құйған құдірет,
Қарттарым аман-саумысың? – деп біздер кімдерге арқа сүйеп, ел ырысына разы болып аттанамыз?!

Тыңдағандарыңызға рахмет!

ҚҰНАНБАЙ ҚАЖЫ

АРАП ЕСПЕНБЕТОВ, *ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Парасат» орденінің иегері, Семей қаласының және Абай ауданының құрметті азаматы. Семей қалалық ономастика комиссиясының мүшесі. «Уақыт өрнегі», «Шәкәрім және Сұлтанмахмұт», «Ақындары Алаштың», «Абай әлемі» сияқты монография, ғылыми зерттеу және оқулықтардың авторы. Шәкәрім университеті жанындағы «Абай және ұлттық руханият» орталығының жетекші ғылыми қызметкері.*

Профессор Арап Еспенбетовтың Құнанбай Өскенбайұлының 220 жылдығына арналған «Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конферениясында жасаған «Құнанбай – тарихи тұлға» баяндамасын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.

ҚҰНАНБАЙ – ТАРИХИ ТҰЛҒА

Қазақ тарихының сан ғасырлық өткеніне үңілгенде, халқына пана болған ел қорғаған батырлар, екі ауыз сөзбен талайдың тағдырын шешкен билер, ділмарлықпен аузына дүйім жұртты қаратқан ақпа шешендер, ел-жұртының тағдыршешті кезеңдерінде өлең-толғауларымен қалың көпке жол көрсетіп, бағдар нұсқаған ақын-жыраулар көпке аян. Жасыратындығы жоқ, көптеген тұлғаларымыздың есімін естігенімізбен тарих алдындағы еңбегін жіліктеп көрсетуге кеңестік кезеңде шарасыз едік. Кейбір елге тұтқа болған хандарымыз, батырларымыз, билеріміз жөнінде жадағай түсініктер қалыптасып, тарихымыз бұрмаланып келді. Айтылған олқылықтарды орын-орнына қоюға, тарихи еңбектеріне әділ баға беруге, шындықтың бетіне түзу қарап ой толғасақ, егемендіктің арқасында ғана қол жеткіздік.

Егемендіктің көк туы желбірегелі бері өткенімізді саралап, қазақ тарихындағы біртуар тұлғалармен табыстық. Алаш ақиықтарының алтын есімі халқымен қауышты. Тарихтағы көптеген әділетсіздіктер, орын алған астамшыл көзқарастар біртіндеп өзгеріп келеді. Бірақ, бәрі де орнына келді. Шешімін таппаған мәселелер жоқ десек, асығыстыққа ұрынарымыз хақ.

Біз әңгіме ауанына тартқалы отырған бірегей де күрделі тұлға – Құнанбай. Қазақ әдебиетінің әлемдік классикаға қосқан аса зор үлесінен саналатын академик-жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы орталық кейіпкер Құнанбайды кім білмейді дерсіз?! Рас, Мұхтар Әуезов өзінің суреткерлік құдыретінің арқасында Құнанбайдың сан қырлы бейнесін қазақ оқырманының көкейінен кетпестей етіп бейнелеп берді. Одан бері де дүниеге келген ірілі-ұсақты көркем шығармаларда, тарихи еңбектерде Құнанбай тұлғасы өрнегін тапты.

Ұлы Абайдың 175 жыл мерейтойы қарсаңында бұл мәселе жаңаша, басқаша реңк алды. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Семейде болған кездесуде: «Алдағы жылы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толады. Осы айтулы датаны біз тұтас ел болып мемлекеттік деңгейде атап өтуіміз керек. Біз үшін бұл мерейтойдың маңызы ерекше, тарихи датаны ақыл-парасатпен салиқалы деңгейде өткізуге баса мән беру керек. Негізгі мақсат – дана Абайдың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу», – деп атап көрсеткен болатын. Зиялы қауым өкілдерімен болған кездесуде: «Ұлы Абайды ұлықтағанда оның әкесі Құнанбайдың ел тарихындағы еңбегін ұмытпауымыз қажет. Ол – Семейде ғана емес, тұтас қазақ тарихында өз орны бар тұлға. Оны халқымыз жақсы

біледі, қадір тұтады», – деп Құнанбайдың есімін ұлықтауға да айрықша мән берді. Мерейтой аясында ауқымды істер атқарылды, жұрт көңілінен шығатын дүниелер бүгінде менмұндалап тұр.

Өткен ғасырдың бас шенінде Алаш ардақтылары Абай және Абайды туғызған Құнанбай жайында әділ де биік пікірлерін ұсынған еді. Әлихан Бөкейханов: «Абай әке жағынан алғанда Тобықты руының белгілі шонжары мен биінен тарайды. Ақынның бабасы, Тобықтының батыр биі Ырғызбай... ат төбеліндей көсемнің бірі ретінде ол тобықты руын Түркістаннан аса құнарлы, жайылымы мол Шыңғыстауына көшіріп әкеледі. Абайдың атасы Өскенбай дала халқына әділ би ретінде танылды. Оған басқа рулардың қазақтары да жүгініп дауларын шешкізді. Абайдың әкесі Құнанбай да басқа рудың қазақтарына өктемдік жүргізген, оны тек қана төре тұқымдарының сұлтандарына ғана тән лауазым Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайлануы дәлелдейді» десе, Ахмет Байтұрсынов: «Абай Семей облысының қазағы, руы тобықты... Өз әкесі Құнанбай жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақты төрелер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен», – деп тиянақтай түседі. Өткен ғасырдың бас шенінде берілген баға Құнанбай тұлғасының даралығын сол уақытта танытты. Амал не, кеңестік кезеңдегі қиянатшыл, жауыздық саясат Алаш ардақтыларының өзін де, сөзін де халық жадынан тасалауға тырысты. Алмас пышақ қын түбінде жатпады. Тұмшаланған шырқыраған шындық елімен сағына қауышты.

«Ол сыпатты қазақтан, дүниеге ешкім келмепті». Бұл – Абайдың 1885 жылы жазған өлеңі. 1895 жылы 15 қарашада Алматыда 27 жасында сүйікті ұлы Әбдірахман қайтыс болады. «Кешегі Оспан ағасы», «Кешегі өткен ер Әбіш», «Әбдірахман өлгенде», «Әбдірахман өліміне», «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы», «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың шығарып берген жоқтауы» тағы басқа шығармалары сүйікті ұлының қазасына тебіренген, күйзелген ақынның жан дүниесінде өрнек тапқан. Қатты қайғырған және өзінің көптеген шығармаларын арнаған. «Әбдірахман өлгенде» деп аталатын өлеңінде Абай Құнанбайдың қоғамдағы орны, қадір-қасиеті, қайталанбас кесек бейнесін суреттеген. Ауыр қаза үстіндегі тебіреніс, өмір, өлім философиясы, Абайдың әкесіне берген бағасы, міне, осының барлығы бір өлеңде көрініс тапқан. Құнанбай сынды адам да бұл дүниеден өткен. Дүние жалғанның кімге болса да тартар бір сыбағасы өлім деген нәрсені айтқысы келген.

Арғы атасы қажы еді.
Пейіштен татқан шәрбатты.
Жарықтықтың өнері,
Айтуға тілді тербетті...
Мұңлы-шерлі жоқ-жітік,
Аңсап алдын кернепті,
Бәрінің көңілін тындырып,
Біреуін ала көрмепті.

Абайдың Құнанбайға беріп отырған бағасы осындай.

Әділ мырза ер болып,
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубасын еске түсіріп,
Тентекті тиып, жерлепті.
Ол сыпатты қазақтан,
Дүниеге ешкім келмепті.
Өлмейтін атақ қалдырып,
Дүниеге көңілін бөлмепті.
Жарлығына Алланың,
Ерте ойлаған көнбекті,
Оларда тірі қалған жоқ,
Тірлік арты өлмекті.
Оны да алды бұл өлім,
Сабырлық қылсақ керекті, –

дейді. Міне, өлім философиясы. Әкесіне Абайдың өзі осындай жоғары баға беріп кетсе, Мұхтар Омарханұлы Құнанбайды бағалауда өзгеше тәсілге келген. Құбылмалы заман салқынын тигізгенімен, Әуезов Құнанбайын асқақтата суреттеген. Басқаша баға беруі мүмкін де емес еді. Романда ел ісіне ерте араласқан Абай іс-әрекетін жете бейнелеген. Түрлі

тапсырмалар, сәлемді жеткізу, жауабын, бір сөзін өзгертпей баяндап беру сықылды нәрсеге үйреткен. Абай он жасында үш жыл Ахмет-Риза медресесінде болады да, үш жыл оқығаннан кейін ерте оянған, есейген, талапты, ақылды баласын ел билеу ісіне салмақ ойда болады, солайша тәрбиелейді. «Әке балаға сыншы» демекші, Құнанбай баласына түрлі тапсырмалар беріп, ел арасындағы сөзге, дау-дамайға, билікке араластыра бастайды. Қарапайым ғана бір адамдарға менің сәлемімді жеткіз дейді. Сәлемін жеткізіп, қайта емтихан тапсырған сияқты, ал менің сәлеміме ол қалай жауап берді? – деп бір сөзін өзгертпей, қайталап, қадағалап, айтуды үнемі талап етіп отырған. Бұл – үлкен нәрсе. Халықтық демократиядағы үлкен дүние. Сәлемді және оның жауабын өзгертпей жеткізу бұл тек санасы таза, жүрегі ояу жандардың қолынан ғана келетін нәрсе. Мұхтар Әуезов Құнанбай бейнесін әртүрлі іс-әрекеттермен, қимылдармен аша түседі.

Мұхтар Омарханұлы Абай өмірбаянының төрт нұсқасын жазғаны белгілі. Төртнұсқада Құнанбай туралы деректер мен ордалы ойлар үнемі жаңартылып, үнемі жетілдіріліп отырған. Тек қана Абайдың өмірбаянын жазып қоймаған, соның ішінде Абайдың әкесі, Абайға өмір сабағын берген Құнанбайдың өмір деректері мен іс-әрекетін өзгертіп отырған. Мысалы, бірінші нұсқа 1933 жылы толық жинақ жарық көргенде пайда болды, екінші нұсқа 1940 жылы 95 жылдығына орай, үшінші нұсқа 1944 жылы жазылды, төртінші нұсқа 1950 жылы жазылған.

Құнанбай елдің арасында жиын болып отырғанда Абайды үнемі қатыстырған. Ақсақалдар, әр рудың басшылары отыр, солармен әңгімелесіп болғаннан кейін, «Балам, сен қала тұршы. Айтатын бір сөзім бар» дейді. Сонда мынадай сын айтады: «Кез келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді соны айтайын дейді. Ең әуелі, сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің, жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Кісіге қадірің болмайды. Екінші, көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайтын, делбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші мінің – орысшылсың» дейді. Қарап отырсаңыздар, 1940 жылы жазған «Абай өмірбаянының» екінші нұсқасында, Құнанбайдың жаңағы айтқан үш сынының үшіншісін жазбай қалдырып кеткен. Өйткені халықтар достығы бар және т.б. дүниелердің барлығын ескере келіп, «орысшылсың» деген сөздің өзі ұлтшыл деп бағаланып келген Мұхтар Әуезовтің өзіне қайта оқ боп тиетіндігін түсінгендіктен алып тастайды. Ал 1944 жылы жазған үшінші нұсқада жаңағы мінді айтып көрсеткен. Бірақ сол міннің аяғы жоқ. Оны біз М.Әуезовтің басқа еңбегінен оқимыз. Жаңағы екеуі қайталанады, «сен әлгі жайдақ су сияқтысың» деген нәрсені, «елдің бәрімен жақын ұстайсың» деген, үшінші «орысшылсың» деген сөзді толықтырып айтады: «Орысшылсың дегенге заман орыстікі. Ол – жеңген, біз – жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білмесең, алысқа шығудан мағына жоқ. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі алуға керек деп білемін», – дейді Абай әкесі Құнанбайға. Құнанбай бұл жауабына қанағат қылып тоқтап, «Ақыры не болса да бетіңнен жарылқасын. Өзің білген бетіңмен жүріп көрерсің» деген екен.

Біздің зерттеушілердің Құнанбай туралы айтқан пікірлері сан алуан. Құнанбайдың образын «былай жасау керек пе еді», «былай жасау керек пе еді» деп әртүрлі пікір айтады, әртүрлі ой тастайды. Тіпті кейбір сәуегейлер төрт томдық романның өзін қысқартып екі том қылуға да, бір том жасауға да болар еді дейді. Оның барлығы сөз емес, бөз деп айтуымызға болады. Бұл шығарма өзінің бағасын алған, Мемлекеттік сыйлыққа, Лениндік сыйлыққа ие болған. Әлемдегі жауһар дүниелердің қатарынан орын алған. Сондықтан оны өзгертуге біздің ешқандай құқымыз жоқ.

Поляктың саяхатшысы Адольф Янушкевич бір жарым ғасыр бұрын өте әділ бағасын берген. Янушкевич пен Құнанбай 1846 жылы 11 маусым күні кездескен. Бұл туралы саяхатшының күнделігінде анық жазылған. Құнанбайға берген бағасы ғажап: «Дала атақтыларының бірі Құнанбай бидің жасы Барақтан шамалы ғана үлкен. Қарапайым қазақтың баласы

– Құнанбай. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес, және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталастарының, елі туралы қам жейді. Дала заңдары мен құран қағидаларының баянды білгірі. Қазақтарға қатысты Ресей заңдарын жатқа біледі. Қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай әулиенің даңқына бөленген. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да қиырдағы ауылдардан келіп жатады». Құнанбайдың көзін көріп сөйлескен жан болғандықтан, Янушкевичтің бұл пікірі терең мағыналы деп бағалай аламыз.

Құнанбай – аға сұлтан, дүйім жұртты, халықты аузына қаратқан көреген басшы, қайраткер. Құнанбай – қазақтың шешімді биі, кесек сөйлейтін, кесіп айтатын, не іс әрекетке барса да, ұстанған жолына берік, әділдік ауылынан алыстамайтын тұлға. Өзі оқымағанмен, кейінгі ұрпақтың тәрбиелі, өнегелі, білімді болуын қолдаған зиялы жан. Білім құдіретін жан-жақты түсінген жан. Бұған дерек ретінде XIX ғасырдың ортасында, мөлшермен 1850 жылдары Абай елінде, Шыңғыстауда, Ескітам деген жерде мектеп ашқан. Оған Ғабитхан молданы, білімді адамдарды жинақтап оқытқан және өзінің баласы Абайды Ахмет Риза медресесіне оқуға жіберген.

Ахмет Риза медресесі қазіргі абайтанушылардың пікіріне қарағанда озық үлгідегі, биік мұраттағы, биік мақсаттағы оқу орны болған. Ахмет Риза медресесінде қызмет жасағандардың көбі Қазандағы, Стамбулдағы, Уфадағы, Троицкдегі медреселерден үлгілі білім алған, жан-жақты білімді жандар. Ендеше Ахмет Риза медресесіндегі үш жыл Абайға зор нәр берген. Әрине, Ахмет Риза медресесінің кітаптарын, бағдарламаларын тауып, оны зерттеу – болашақтың ісі.

Құнанбай дінді терең түсінген. Кеңестік кезеңде Құнанбайды жай тақуа, діндар, Меккеге барған жан ретінде түсіндіргісі келді. Ал Құнанбай, шын мәнінде, түсініп оқыған, түйсініп қабылдаған, діннің қағидаларына бойлай енген тұлға. Қарқаралыда мешіт салғызған, ол жайдан жай нәрсе емес. 1874-1875 жылдары Меккеге қажылық сапарға барған.

Құнанбай Меккеде тәкие үй салдырған. Бұл оның халық қамын ойлаған тұлға екенінің көрінісі. Алыстан арып-шаршап қаншама ай жүріп, біресе жаяу, біресе кемемен, біресе көлікпен әрең жеткен адамдардың тынығатын, демалатын жері, қонақ үй тәкиені салуы бұл тегіннен-тегін нәрсе емес.

Ел арасында бірде тәкие, бірде тақиа деп аталып жүр. Дұрысы қайсы? Абай тәкие демей «уақып үй» деген.

Меккеде уақып үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты,
Бір Құдайдың жолына,
Малды аямай бұлапты.

Енді осыларды тарқатып көрсек, «тәкие» араб сөзі. Бұл бірінші дәруіштер жатағы, пақырлар баспанасы дейтін ұғым берсе, екіншіден қарттар үйі дейтін мағынаны береді. Парсы тіліндегі «тәкие» деген сөз «текие» тірек, сүйеніш деген мағыналары бар. Тәкие – хақ паналайтын, жан сақтайтын жер деген сөз. Тәкиені тұрғызуы – Құнанбайдың көрегенділігі, білімдарлығы, халыққа жасап отырған жақсылығы.

Ақшоқыдағы қорым жөнделді, бұл да үлкен шаруа, әрі Құнанбайға деген зор құрмет. Қазақтың белгілі тарихшысы Ерлан Бәтташұлы Сыдықовтың «Жизнь замечательных людей» деп аталатын сериядан «Құнанбай» кітабы жарық көрді. Біз, сондай-ақ, Құнанбай қажыға арналған Бейбіт Сапаралының, Тұрсын Жұртбайдың, Рысхан Мусиннің т.б. еңбектерін білеміз. Бірақ мына еңбектің ерекшелігі жаңа заманның, жаңа уақыттың сөзін айтып отырғандығында. Орыс тілінде жазылғандықтан, елдің баршасы оқитын дүние. Құнанбай есімін насихаттауға көп септігін тигізері сөзсіз. Құнанбай туралы аңыз-ақиқат сарапталып, ғылыми жүйеге түскен. Құнанбай тұлғасын тануда түйінді ой, салмақты толғам ұсынған, сипаты, келбеті ерек туынды.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ, *жазушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Шығармашылық жолын поэзиядан бастап, прозаға ойсып, кейіннен ғылымға бет бұрған. «Жетісу» газетінде, «Білім және еңбек», «Жұлдыз» журналдарында, М.Әуезов музейүйінде, ҚазҰУ-да қызмет еткен. 2001 жылдан Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-ті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры. «Кетбұға», «Құнанбай», «Ұраным – Алаш!..» тағы басқа көркем шығармалары мен ғылыми-зерттеу еңбектері жарық көрген. Профессор Тұрсын Жұртбайдың Құнанбай Өскенбайұлының 220 жылдығына арналған «Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында жасаған «Құнанбай: тарихи шындық және көркемдік шындық» баяндамасын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.*

ҚҰНАНБАЙ: ТАРИХИ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ
(Тезистер)

Көшпелі қоғамның соңғы көкжалдарының бірі, «қарадан шыққан хан» атанған Құнанбайға әдеби кейіпкер ретінде бұйырылған баға – оның өз өміріндегі іс-әрекетіне, ақыл-ойына, қол қайратына көрсетілген құрметтен көрі әлде қайда пәс әрі екіұшты. Күрделі оқиғалармен күрмелеген көркем бейнеге орай айтылатын пікірлердің қарама-қайшы келетін, тіпті, әділетсіз көрінетін де тұстары бар. Ол әділетсіздіктің кілті – «Абай жолы» роман-эпопеясының: «Қайтқанда», «Қатқабатта», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген әрбір бөлімінің аттарында жатыр

Оған жалған да, жазмыш та, жазушы да кінәлі емес. Құнанбайдың атын көркем шындық арқылы әлемдік және мәңгілік тұлғаға айналдырған басты «айыпкер» Мұхтар Әуезовті кінаға тартудың да ешқандай қисыны жоқ. Ол – көркем ойдың иірімі иіп әкелген өмір заңдылығы. Егерде жазушы, етек басты өмірдің сүрлеуіне түсіп, ықылым заманның иініне көнсе, онда «Абай жолы» роман-эпопеясының еңсесі осыншама биікке көтерілмес еді.

Ал, көркем әдебиеттің Мәңгілік категориясы болып табылатын көркем шындықтың әсерінен арыла алмаған біз үшін әкелі-балалы екеуінің бірі – қатыгездіктің, бірі – адамгершіліктің нышаны болып қалды.

Бұл арадағы тартыс – әке мен баланың, яғни, Құнанбай мен Абайдың арасындағы, тіпті, адам мен адамның арасындағы пендешілік мүдде қайшылығы емес, қоғамдық коллизия – қоғам мен қоғам арасындағы жанталасқан шарпысулар.

Әдебиет қисынының қағидасы бойынша, көркем кеңістік – кәдімгі уақытқа тәуелсіз. Сондықтан да, көркемдік шындық – абсолютті шындыққа жақын.

Мұхтар Әуезовтің таңдаған уақыты – «тарихи мүмкіндіктердің ауысқан кезеңі», «қазақ халқының жүз жылдық тіршілігі»[1.51,312], яғни, ол көшпелілер әлемінің заман талқысына түскен, мәңгіліктің тұңғиығына батуға бет алған тұяқ серпер дәуіріндегі барлық қайшылықты құбылыстарды қамтуға салауат алды. Осынау тарихи кеңістік жазушының құзырына несиесіз көшті. Енді сол құзырындағы уақыттың шекарасын анықтап, оған шартты фабулалық сыпат беріп, тарихи оқиғаға деректік дәлел ұсынып, өлі уақытты тірілтетін рухани қуаттың көзін табуы тиіс. Бұл ретте Мұхтар өзінің алдына: «өзінің романдарында Абай арқылы қазақ халқының жарты ғасырлық өмірін көркем сүзгіден өткізуді» [1.51.316], «оның өмірін, күресін, өскен ортасын, өз басынан кешкен өмір тіршілігінің нақтылы деректері арқылы тарихи жағынан дәл, дұрыс суреттеуді, деректердің ішінде қоғамдық мәні бар ірілерін де, жеке басқа, от басына ғана тән ұсақтарын да... кейіпкердің жан дүниесіне жинап, ой-сезімінен, ақыл сарабынан өтіп,

... соның бәрі ақынның шығармасында сәулеленіп, оның дәуірін бейнелеуі шарт» [2. 2, 308].

Ал өмірлік шындық – көркем шындықтың құрбандығы. Осы уақытқа дейін солай болып келді. Қазір де солай. Солай болып қалады да.

Міне, осы арадан бастап тарихи дәлел мен тарихи тұлға толықтай жазушының еркіне көшеді. Мұхтар Әуезов бұл мүмкіндікті барынша толық және даналық пайыммен қапысыз пайдаланды

Ал Құнанбай бейнесін сомдағанда М.Әуезов өзін қалай сезінген?

Алғаусыз, бірақ астары терең мәселе. Өйткені, Мұхтардың Құнанбайға көзқарасы – жай жазушының жағымсыз кейіпкеріне көзқарасы емес, ол Әуезовтің – Абайға, тіпті Әуезовтің – Әуезге көзқарасы. Сондықтан да, Құнанбайға Мұхтардың да «неғылайыны» болуы шарт. Жоғарыдағыдай қатал да әділетсіз тұжырымға бірден келсе – шығарманың тағдырына деген сүйініш-күйініштен жүрек қуатын суытып алар еді. Жазушы үшін одан өткен тоқырау, өзін-өзі жоғалту табыла қоймайды. Ол өз үкімінің тарихи шындықпен сәйкеспейтінін терең сезінген. Сезіне отырып:

«Тарихи романдардан оқушы көбіне көрсетілген шындықтардың өмірлік дерегін, типтердің прототиптерін, искусство шындығының арқауы болған өмір шындығын іздейтіні бар. Бұл тұрғыдан келгенде, өзі әр түрлі жасанды қылықтармен жақсы адам ретінде көрсетпек болған дала феодалы Құнанбай жөнінде нағыз шындықты табуым қиындау болды, басқаша айтқанда, оның жеке әріптері арқылы өз бейнесін дәл елестету қиын еді» [3, 12, 113] – деп тұлға Құнанбай мен оқырманның алдында ақталғандай болды.

Оған мәжбүр етіп отырған: тарихи не өмірлік шындық біткен жерден көркем шындық басталады – деген талмауытты әдеби талап, яғни, шығармашылық қағидат.

Бұл орайдан алғанда, әділетті қалпына келтіруүшін айта кететін бір үлкен шындық бар. Біз, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясының басты кейіпкерлері Құнанбай мен Абайдың көркем шындық арқылы бейнеленген кнйіпкерлер басынан кешкен тауқыметті, тіршіліктегі нақты адамдар – Құнанбай Өскенбай ұлы мен Абай Құнанбай ұлының өмірімен байланыстыра түсіндіреміз. Бұл – екеуіне де қиянат. Мысалы, Абайдың қалыптасқан ғылыми өмірбаяндарда Құнанбайға үш үлкен «заңдық айып» тағылады және Құнанбайдың Абайға таққан үш мінін – Құнанбайдың өзінің бойындағы міні ретінде түсіндіреді. Шындығында, бәрі де өмірдегі болған тосын оқиғаларға дәстүрлі заң баптарына орай қолданылған қатал жазалау шаралары еді. Тар заманның тар қыспағында тап болған бір оқиға – екінші, одан үшінші оқиғаға жалғасып, салмағына орай оның көтерер жазасын да ауырлатып, алғысынан гөрі қарғысын қоюлатып, Құнанбайды шыңырауға батыра бергені анық еді. Біз соның ішінде, Құнанбайдың қаталдығы мен әділеті араласқан негізгі үш тосын оқиғаға ғана тоқталамыз.

Қодар: «Абай жолындағы» көшпелілердің тіршілік коллизиясы Қодар-Қамқа қасіретінен басталады. Ол өзі өмірде шын болған күнәһарлардың қазасы ма? Жоқ, Мұхтардың қиялдан тудырған хикаясы ма?

Құнанбайдың мойнына отыз жас мөлшерінде адам құнын арқалатқан, зұлым да қатыгез оқиға – Құнанбайдың Қодар мен Қамқаны түйенің өркешіне дарға асқызуы. Иә, бұл өмірде болған оқиға, жазаны шариғат жолымен жүзеге асырған – Құнанбай [4.1; 2.]. Өте қатал да тосын үкім. Бірақ, жалғыз ұлы өлген соң жесір қалған келінінің қойнына барып, ақыры елсізге алып қашып кетіп, әуейі болған Қодардың қылмысын қалай ақтауға болады? Солардың соңынан ере кетіп, әуейілік құрған бозөкпелер мен бойжеткен қыздарға кім тиым салады. Атасы мен келінінің арасындағы қасиетті сыйласымдықты зинақорлыққа айналдырған Қодар мен Қамқаға қандай сот кешу береді? Егер мұндай бейбастаққа үкім кеспесе, қазақ жұрты азып, тозып, ар-ұяттан айрылмай ма? Бір елдің тізгінін ұстаған Құнанбай оны билер келесіне салып, ашық сот жүргізіп, жазаға тартуын қандай заң жоққа

шығара алады. Бұл – қасиетсіздікке үкім, ұрпаққа ескерту, ұлттың ұятын қорғау. Ел иесі ретінде сондай шешімге барғаны үшін де Құнанбай жазықты ма?

Үрім-бұтақтың жүзіқаралық індетке ұшырамауы үшін жасалған қатал да әділетті кесім. Егер Құнанбай өзінің қатаң қимылы арқылы жастардың жүрегін тітіркендірмесе, дарға асылардың алдында қымсынудың орнына: «Соңғы тілегім – Қодарды бір иіскетіңдерші» [5, 136], – деп қылымсыған Қамқа сияқты қарлардың көбеймесіне кім кепіл.

Бұл оқиға мөлшермен 1835-1843 жылдардың аралығында, Абай тумай тұрған кезде өткен. Мұхтар Әуезов өзінің қойын дәптеріне: «Қодар-Қамқа әңгімесін Абайдың естуі мүмкін» [6;7], – деп жазуы да сондықтан.

Қодар-Қамқа трагедиясындағы тіршілік коллизиясында, міне, осындай шындық шыңырауы жатыр.

Жан ашуын шақыратын екінші бір ең бір дертті оқиғаны сұрақ қоюдан бастайық: ата мен келіннің, әке мен баланың ар ұятын, қыршында кеткен әруақтың ар-ұятын айғыздатпағаны үшін де Құнанбай жазықты ма? Бұл – қарғайтын емес, алғайтын қасиет. Үмітей мен Әмір туралы қысқа қайырайық. Қазақ жеті атаға толмай өзара қыз алыспайды. Ал Әмір мен Үмітей бір әкеден туған ағайынды екі кісінің ұлы мен қызы, Құнанбайдың өз немерелері. Ырғызбайлылығынан сескенген жұрт олардың бұл «серілігін» Құнанбайдан жасырады. Екі әйелі, бала-шағасы бар Әмірдің астамсып кеткені сондай, Үмітейдің ұзатылып барған жеріндегі шымылдықтың ішін босатпайды. Бұл – басыну ғана емес, қанша Ырғызбай тұқымы, сал-сері болса да арсыздық еді. Сүйекке таңба! Бұл оқиғаны махаббат хикаясы ретінде суреттеген М.Әуезовтің өзі: «Абай Әмір мен Үмітей үшін мына жұрт өсегінен қысылып кетті... Мыналарға да, өзіне де ауыр болады-ау деп қысылу үстіне ұялып та барады», «Шолақтеректегі ел бұл келіске сұмдықтай қарады. Сол ауылдардың аталық, елдік абыройын таптағандай көрді», «Үмітей болса бұған сіңлі (анығында қызы – Т.Ж.) есепті еді. Айғыз сол өз төркінінің тойынан ашуланып қайтты» [8, 2, 233-234], – деп емеуірін танытады. Тіпті Құнанбайдың ата жауының өзі Қаратай да: «Сені мен менің өлер күнімізде бетке таңба түсті. Сені аяғанмен, айтпай тына алмадым. Өзге кімге айтушы ем!» – деп қипақтайды. Абайдың өзі: «Бұларды шариғат та қосады» [8, 2, 236],– деп арабтардың немерелес туыстарына үйлене беретінін меңзейді.

Ендеше, Құнанбайдың: «Менен туған арам қан, бәдбақыт нәсілдерім мына екеуі. Жаратқан ием, я Кәрім Алла, менің қолымнан өлтіртпедің. Бендең болған бар тілегім сол болсын. Ал мына екеуін! Жібер өзіннің ақ бұйрықты ажалыңды. Уын, зәрін өзгеге жаймай тұрғанда, жой көздерін, жоғалғырлардың!» – деп, қолының сыртымен теріс батасын беруі [8, 2, 237] – сауап! Осы үшін де Құнанбай ақ некелі махаббатты қорғағаны қатыгез боп шыға ма?! Егер атасы мен келінінің, ағасы мен қарындасының әуейілігіне тыйым салмаса – Құнанбай – Құнанбай бола ма, ел билей ме? Үрім-бұтағының азғындық жолына түсуіне қалай жол беріп қояды. Құнанбайдың бұл қаталдығы – қатыгездік емес, қатал да әділ үкім!

Құнанбайға тағылған үшінші айып – «дін жолындағы құлшынысы». Абайға қарата: «Үшінші мінің – орысшылсың» – деген ескертудің зілі де ауыр, мағынасы да терең, тектік-діни намысты қозғайтын мәселе. Құнанбайдың дүние ісінен бет бұруға ұмтылғаны шындық. М.Әуезовтің қатирасында Құнанбайдың Меккеде қалып қою ниеті болғанын, тек орыстүрік соғысы басталып кеткеннен кейін кешіккені үшін Ресей консулы айып-пұл салып, ырықсыз қайтарған деген жазу бар. Әке мен бала арасындағы суысуды, яғни, Құнанбай мен Абай арасындағы қатқыл сөздердің тамырын олардың өмірге деген көзқарастарының қайшылығынан іздеу ең сенімді себеп сияқты көрінеді.

Сондай бір әкелік айбатты Құнанбай қажыдан қайтып келген соң, Абайдың мына мінездері үшін көрсетсе керек. Құнанбай қажыдан келгенде, ауылының маңынан шошақ найзалы мылтықты солдаттарды, шұрқырасқан үйір-үйір жылқы мен қора-қора қойды көреді. Себебін сұрағанда, Абай: Орыс пен түрік

соғысын ескерте келіп, мына жылқыны – орыс әскеріне көлік ретінде, қойды – азықтүлік, қаражат ретінде жиып жатқанын, сонымен қатар қалың қазақтың Русияны қолдап, түріктерге қарсы шығуы туралы үндеу хат жазып жатқандықтарын – айтады. Сол арада Құнанбай қатты ашуланып, Абайға ауыр-ауыр кінә тағып, істеп жатқан әрекетін дереу тоқтаттырады.

Бұған, архивте сақталып қалған «Хатқа (хаттың мәтіні орысша және араб әрпімен қазақ тілінде жазылған) қол қойған болыстардың тізімінде Абайдың, інісі Ысқақтың, құдасы Мүсірәлі Алыбаевтың аты-жөні атап көрсетілген» [9. 1; 2; 3] – деген хаты дәлел.

Меккеден жаңа келген, жолай Станболдағы, Қырымдағы, ішкі Ресейдегі саяси жағдайды, Ресей қол астына жаугершілікке түскен мұсылман жұртының қайғы-қасіретін көріп келген Құнанбай Абайдың бұл қадамын қолдамағаны түсінікті. Өйткені мұсылман дүниесін өз көзімен көрген, түркі елінің мақсат-мүддесіне қанық Құнанбай үшін ислам дүниесіне қарсы қаракетке бару – қияметтік қиянат еді. Сонымен қатар, Абай соңғы жылдары қазақтың дәстүрлі заңы мен әдетін «орыс заңына» жығып беріп, ұлықтарға иек сүйеген тәсіліне де қарсы шығады. Бұл, оның Абайға айтқан үшінші ескертуіне, яғни, «мініне» тікелей қатысты және әкенің баласына айтқан соңғы өсиетті тапсырмасы еді. Оны тыңдамасқа Абайдың еш лажы да жоқ еді. Әке сөзінен кейінгі өзінің көңіл-күйін Абай:

Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Өзіме – өзім жақпадым.
Енді қайда сыия алдым.
Қалап алған көп мінез,
Қалайша қып тыия алдым? [10, 302], –

деп білдірді. Расында да, Абайдың «ойланатын да, қолға алатын да» жөні де және оның себебі бар еді.

Сонымен қатар, Құнанбайды «діншіл» атандырған бір қатал әрекеті – немересі Әмірді «салалы саусақтарымен шеңгелдей қылқындыруы». Жазушы М.Әуезов бұл оқиғаны Әмір мен Үмітейдің әуейілігі тұсындағы теріс батамен қабаттаса суреттейді. Рас, Құнанбайдың «діндарлығы мен ел билеу жөніндегі ірілік, мықтылығы, алысты болжағыш ақылдылығы, мінезінің суықтығы, қаттылығы, сонымен бірге мырзалығы, намаз оқушы кедейлерге ат, киім беруі, әншейін орта қалыптағы қазақтан кесек болғандығы», «ақыл мен сөзге, келелі кеңеске билік, байлауға келгенде көпті тоқтатып, орта жүздің басты билерінің қатарындағы кісі боп саналғаны» ақиқат жайлар. Бірақ Мекеден келген соң «дүние ісіне араласпай тек жатқан», Алладан ақ өлім мен иман ғана тілеп, фәниден уаз кешкен тірі әулие Құнанбай, жат емес, туған атасы Құнанбайдың намазын бұзу үшін таңғы мінәжатқа ұйып отырғанда жынды емес – әумесер, сал-сері емес – сайтан, бала емес – қос қатыны, үш баласы бар әке – Әмір жайнамазды аяғымен баса отырып ап, «Жалаңбұт» атты көргенсіз күйді тартып, саусағын, тілін шығарып, бет-аузын қисандатып:

Сыпыра бойдақ, сылқылдақ,
Буыны жоқ – былқылдақ.
Сұлу келіншек, сұлу қыз,
Кез келсе – Әмір сылқылдат.
Сылқылдат, Әмір сылқылдат! [11], –

деп ән айтқан есерсоқ немересінің «алқымынан, жалаңаш мойнынан сығымдап қысып кеп буындырып, өзіне қарай сілке тартып, қинамағанда» Құнанбай не істейді!

Тарихи дерекке жүгінсек бұл арада да Құнанбай күнәдан сыртқары. Оның екі машайықтың алдында да, елдің алдында да, заңның алдында да жазығы жоқ. Мұны М.Әуезов жақсы білген және «Қаракөз» пьесасында бояуын сіңіре суреттеген. Өзінің бұл қадамын ақтаған сыңай танытып:

«Енді ол (Құнанбай) мораль сақтағансып: Әмірді, оны сүйген Үмітейді сол ниетіне құрбан етпек болады» [3.12, 121], – дейді сенімсіздеу желеумен.

Міне, осы үш оқиға үшін Құнанбайға қарғыс қамыты кигізілді.

Дүние аударылып-төңкеріліп түсіп отырған осы оқиғалардың барлығы да Абайдың ер жетуіне, көзқарасын қалыптастыруға тікелей әсер етті. Тарихи шындық пен уақыттың ақиқаты осы.

Ал бұл оқиғаларды алып тастасаңыз, не оның барлығы Абайдың қатысуынсыз өтсе – «Абай» романы қандай күйге түсер еді? Әлем әдебиеті, оның ішінде қазақ руханияты ұлы Абай бейнесінсіз қалатыны сөзсіз. Даналардың уақытқа бағына бермейтіні, өз «заманына сыймайтыны», «замананың ақыры оны илейтіні» (Абай) сондықтан. Өйткені уақыт мәңгілік, адам фәнилік. Тек көркем уақыт пен көркем шындық қана оны тірілте алады. Қалпына келтіреді. Екінші өмір береді. Көркем уақыттың шекарасын дәл анықтап, уақыт шындығын сара санамен белгілей білгендіктен де Мұхтар Әуезов Абайдың көркем өмірін ұзартты.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Абайтанудан жарияланбаған материалдар/Құрастырғандар: Л. М. Әуезова мен М. Мырзахметов. – А.: Ғылым, 1988.

2. Әуезов М.О. Абайды білмек парыз ойлы адамға/Құрастырған М.Мырзахметов.– А.: Санат, 1997.

3. Әуезов М.О. Он екі томдық шығармалар жинағы. – А.: Жазушы, 1967 – 1968.12 т., 308].

4. 1. Бөжеев М. М. О. Әуезов: библиографиялық көрсеткіш. – А.: Мектеп, 1966; 2. Бөжеев М. Замана кейіпкерлері. Ғылыми зерттеулер. Құрастырушылар Г. және А. Бөжеевалар// -А.: - М-АРИ, -2013. 312 б. Б118-200.

5. Шәкәрім. Шығармалары// – А.: Жазушы, 1988; 2. Шәкәрім. Түрік, қазақ-қырғыз hам ханлар шежіресі. – А., 1991.

6. 1:«Әуезов үйі» ғылыми- мәдени орталығы, Қолжазба қоры, КП, 382-папка; 74 папка; к. 1. № 29;

7. Әкімов Т. Даналық мәйегі (М.Әуезов туралы деректер) // -А.: –Ана тілі. 1997. -189 б.

8. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Екінші кітап// -А.: Жазушы, 2013. 432 б. Б430.

9.1. Бейсенбаев М. Абай және оның заманы. – А.: Жазушы, 1988; 2. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – А.: Арыс., 2001.

10. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Редакциясын қарап, түсініктерді, жаңа материалдарды толықықтырып баспаға дайындаған Ә.Жиреншин//-А.: Қазмеемкөркемәдеббас. -1961. -694 б..

11.Әмірдің «Сыпыра бойдағы»: [«Абай жолындағы» бір эпизод тарихы] // Қазақ әдебиеті.–1979.– 14 желт.

12. Тақырыпқа қатысты авторлық басылымдар: 1. Көркемдік және тарихи шындық. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тарихи деректер туралы. // Жұлдыз. –1979. -№11; 2. Құнанбай туралы өмірлік дерек және образдың тууы туралы // Жұлдыз.–1996.– №5.–127-174 б.; 3. М. Әуезовтен Құнанбайды арашалаудың қажеттігі неде? // Қазақ әдебиеті.– 2000.– 7 сәуір (№ 14).– 7-10 б.; 4. Тағы да М. Әуезов пен Құнанбай хақында... // Қазақ әдебиеті.– 2000.– 5 мамыр.; 5. Тағы да М.Әуезов пен Құнанбай хақында... // Қазақ әдебиеті.–2000. –7 шілде (№ 27).–7 б. жалғасы 10 б.; 6. Құнанбай. Тарихи және әдеби тұлға / Пікір жазғандар Қирабаев С.С., Нұрғали Р.– Алматы: Алаш, 2004.– 400 б.; 7. «Кешегі өткен би Құнанбай... («... Қандай еді: тарихи және әдеби тұлға»). Монография//Нұр-Сұлтан.: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспаханасы.-2020. б.

АХМЕТ ТОҚТАБАЙ, *көрнекті тарихшы-этнолог ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор. 40 жылдан астам академиялық ғылыми салада жүйелі еңбек етіп, қазақтың жеті қазынасы мәселесін іргелі зерттеуші. «Қазпроектреставрация» инст-нда, Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ-де, кейіннен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында еңбек етуде. КСРО ҒА-ның этнография институнда стажировкада болды. Самарқандттағы Жалаңтөс батыр салдырған Тилликари және Шир-дор медреселерін зерттеп, Әйтеке би өмірінен тың деректерді тұңғыш ғылыми айналымға түсірді. Моңғолия, Қытай, Ресей, Орта Азия қазақтары тарихын зерттеудің бағдарламасын жасады. Көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Еңбектері АҚШ, Германия, Италия, Англия, Ресей, Түркия, Қытай елдерінде жарық көрген. Ғалымның Құнанбай Өскенбайұлының 220 жылдығына арналған «Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференнсиясында жасаған «Құнанбай қажының қытай жеріндегі жәдігерлері» баяндамасын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.*

ҚҰНАНБАЙ ҚАЖЫНЫҢ ҚЫТАЙ ЖЕРІНДЕГІ ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Бала кезімде әке-шешем малда, жаздың басында ел жайлауға көшіп бара жатқанда, күзде ел жайлаудан түскенде Сайхан тауының солтүстігіндегі Қарой ауылында отыратынбыз сонда есімде қалғаны ауылдың шығыс бетінде Өтеудің бейіті деп аталатын шикі кірпіштен қаланған үлкен дөңгелек көне зират тұратын. Шіліңгір ыстықта атты қамтарып қойып, көлеңкесінде дем алатынбыз. Мидай жазық даланың ортасында мен мұңдалап көрінетін үлкен мазар жолаушылар, малшылар, шопырлар үшін бейне бір маяк сияқты болатын. «Өтеу бейітінің ар жағында», «бер жағында», «батысында – шығысында», деген секілді сөздер әлі күнге дейін құлағыма сіңісті болып қалған еді.

2012 жылы августың басында Қытай Ғылым академиясы ұйымдастырған «Дала жібек жолы және Алтай аймағындағы халқаралық экономикалық байланыстар» атты халқаралық конференцияға қатыстым. Конференцияның мәдени бағдарламасы бойынша Алтайдың көрікті жерлерін, мәдени орындарын, тарихи ескерткіштерін араладық. Алтай қаласының қазақ музейімен танысып жүргенде экскурсовод қыз «Бізде Абайдың әкесі Құнанбайдың ері мен шапаны бар деп айтып қалды. Мен елең етіп көрсетуін өтіндім». Ердің ағаш қаңқасы ғана сақталған екен, көненің көзі екені көрініп тұр. Оған қарағанда шапанның сақталуы жақсы. Жасыл түсі көне тозданғанымен сырлаяқтың сыры кетсе де, сыны кетпес дегендей кезінде бағалы киім екені бірден байқалады. Құнанбайдыкі екеніне қандай дәлелдеріңіз бар дегенімде нақты мен мәнжайын білмеймін, музейдің басшысы біледі, ол кісінің қолында бұл заттардың мәліметтері бар деп жауап берді экскурсовод. Құнанбайдың Алтайға барғаны белгілі факт, бұл оқиға туралы Шыңжаңдағы қазақ тарихшысы Асқар Татанай, жазушылар Оқап Қыдырқан, Бейбіт Сапаралы жазған және ел аузында тараған ауызекі әңгімелерден белгілі. Сондықтан Құнекеңнің Алтай сапарынан қалған шығар деп ойладым. Уақыттың аздығынан ешқандай тексере алмадым. Осы оқиғадан соң арғы беттегі таныстарға, әріптестерге Алтайдағы музейге телефон шалып, хат жазып іздестірген болып едім, мардымды еш нәрсе өндіре алмадым. Ақыры осы жылдың ақпан айында жолым түсіп Алтай қаласына барып біраз нәрсенің басын ашып қайттым.

Бәрі бір хаттан шықты деп әңгімесін бастады Құнанбай жайында зерттеп

жүрген Алтай қаласының тұрғыны Мұрат Әбілқасымұлы: «Мұра» журналының 2013 жылғы № 1 санының 5-бетінде жарияланған Семейдегі Шәкәрім атындағы Университеттің профессоры Мұхтарбек Кәрімовтің жазған бір-екі сөзіне көзім түсті. Хатта: «Аса құрметті Мұхтарбек Қарпықұлы Кәрімов мырзаға: өздерің берген шабыттан ой түсіп, «Шинжиаң газетіне» «Шынжаңда Абай ұрпағы бар ма» деген мақала жаздым, жариялап жатса – ел құлағы елу хабар келіп қалуы да ғажап емес, талай бауырларым іздестіріп жатыр тек хабар келіп жатса тағы да айтармын. Сұлтан Жанболатов» делінген. Сұлтан Жанболатов ағаның осы сөзінен мен де шабыт алып, қарап жатпайын деп өзім танитын адамдармен хабардар болып, Алтай қаласы көлемінде Абай ұрпағы бар ма деген сұрау салдым және арнайы іздедім. Жолым болып Алтай қаласының Шірікши ауылындағы бір тойда аға сұлтан Құнанбайдың жиеншары Өмірбек Баймұқамбетұлымен жолығып, бетпе-бет сөйлесіп, аға сұлтан Құнанбайдың қарындасы Айбала, ал Айбаладан туған кейінгі ұрпақтары жөнінде нақты мәлімет алдым.

Құнанбайдың әкесі Өскенбай би мен Өтеудің құдалығы туралы Өтеудің Намаз деген ұлынан туатын Әубәкір Халитұлы (1903 жылы Қазақстанның Зайсан өңірінде туып, 1987 жылы Алтайдың Шірікши ауылында қайтыс болған) былай деп кейінгі ұрпақтарына аманаттап айтып кеткен екен. Осыдан шамамен 180 жылдың алды-артында Жантекейден тараған Сүйінбай одан Есіргеп одан тараған Өтеу әулеттері кезінде аға сұлтан Құнанбай тіпті оның арғы атасы Өскенбай би мекен еткен қазіргі Қазақстанның Семей, Шыңғыстау, Жидебайлардың маңында көшіп-қонып жүріп, аға сұлтан Құнанбайдың әкесі Өскенбай би ауылмен құдай десіп құдаласып, Өскенбай бидің Айбала деген қызын Өтеу өзінің Шомақ деген ұлына айттырып алып береді. Өтеу мен Өскенбай би ортасында міне осылайша құдалық қатынас орнайды.

Өтеу әулеті өз кезінде сол дәуірдің ауқатты байларының бірі екен. Ұрпақтарының айтуына қарағанда Өтеуге 10 мың жылқы, 5 мың қой бітіп, елі мен жұртына байлығымен де, адамгершілігімен де жаққан адам екен. Елі мен жұрты Өтеуге: «Сіз би болыңыз» деген талапты қойған. Сонда ол кісі мен би болмаймын, би түсетін үй боламын деп отырып алыпты. Кейін ол кісінің айтқаны келіп, Өтеу әулеті қазіргі Қазақстанның Зайсан өңірін мекен еткен. Өтеудің бүкіл өмірі де осы арада өтіпті. Өтеу өз заманында көріпкелі бар қасиетті адам болғаны шындық. Күнбатыстан бір шу шығады, сол шу күншығысқа да жетеді, шудың алдында өңшең сарышаш жирен сақалдылар жүреді, бай – бағылан, би – батыр сияқты елдің қаймақтарының бәрін құртып, өңшең құл – құтан, зәһәр – залым, дінсіз – бетсіз, қағылған – соғылған екі жүзді үш жүзділер ел басқарып, халықты қан қақсатады зардабы ұзаққа кетіп, ақырында Алла тағаланың қаһарына ұшырап, күні бітеді екен деп айтып отырған. Жылына бір-екі рет шүлен таратып тұрыпты (шүлен деп бай малын, кедей-кепшіктерге жарлы-жақыбайларға тарату рәсімі).

Өтеу қайтыс болғаннан кейін, сол маңдағы ауыл адамдары Өтеу зиратына барып ауық-ауық құран оқып, зират маңынан өткен жолаушылар аттарынан түсіп, жаяулап барып құран оқып, бет сипап аттанады екен. Бұл қазірге дейін дағдыға айналыпты. Өтеу қоныс еткен ауылдардың малына түрлі індет тигенде, мал иелері малдарын қоралап айдап, Өтеудің зиратының маңына бір күн түнетеді екен. Ғажабы сол түні апарған малға қасқыр шауып, ертесінде ауырған малдар ада-күде жазылатын болыпты. Бұл іс бертінге дейін жалғасыпты. Бәлкім ол кезде мал шипагері болмағандықтан осылай істеген де шығар. Алайда, бір қасиеттіліктің жіп ұшы көрініп тұрғандай.

Өтеудің Ораз, Намаз, Шомақ, Абыз, Әби есімді бес ұлының ортаншысы Шомақ. Осы Шомақ Өскенбай бидің күйеу баласы. Шомақ сөзге шешен, еліне беделді болып, Есіргеп руының биі болып, билік тасын қолына ұстаған әділ-турашыл адам болған. Шомақ пен Айбала Тұрғанбай атты ұл, Бейілқан атты қыз сүйеді. Шомақ пен Айбала Алтай жеріне келмеген, қазіргі

Қазақстанның Зайсан өңірінде жасап, сол жерде дүниеден өткен, аталары Өтеудің жанына жерленген.

2009 жылы Құнанбайдың жиеншары Өмірбек Баймұхамедұлы Қазақстанның Зайсан ауданына өтіп, бабасы Өтеудің басына құран оқытып қайтты. Өтеудің зираты өзінің ата-мекені Сайқан тауының терістік бетіндегі Қарой ауылының жанында орналасқан. Жылқының қылымен араластырып саздан дөңгелек қорған іспетті жинапты. Қорғанның қалыңдығы құлаштай, бір ғасыр уақыт өтсе де әлі бұзылмаған. Енді Өмірбек нағашысы Құнанбайдың басына барып тәу етіп қайтпақшы.

1860 жылдың орта шенінде Шомақ пен Айбала баласы Тұрғанбайды нағашысы аға сұлтан Құнанбайдікіне нағашылатып апарады (Тұрғанбай 1860 жылы қазіргі Қазақстанның Зайсан жерінде туып, 1929 жылы Зайсаннан қоныс аударып, Алтайдың Шірікши жеріне келіп қоныс теуіп, кейінгі өмірін осы жерде өткізіп, 1946 жылы 86 жасында қайтыс болады). Тұрғанбай нағашысына барғанда, ашамайлы ерге мінетін кезі екен.

Шомақтар қайтарында Құнанбай: «Жиеніме ат мінгізіп қайтарамын» деп, екі құлағының үстінде теңгедей қарасы бар мөлдір ақбоз атқа, көксәуір былғарымен шыбарланып қапталған, алдыңғы-артқы қасына күміс жалатып, бұршақ басты алтын жалатылған жез шегемен шегеленген ер тоқымды ат мінгізіп, жиеніне шапан кигізеді. Тұрғанбай осы мөлдір ақбоз атты көп жыл міниіп жүреді. Кейін осы ат ақ патшаның әскерлері жағынан қолды болады. Тұрғанбайдың нағашысынан киген шапаны бірнеше ата аралап, Тұрғанбайдың кенже ұлы Баймұқамбетке одан немересі Кәмелқанға одан шөбересі Өмірбекке жетеді. Осы шапанның тысы жасыл түсті мәуті торғын болып, астары үш қабат шүберекпен астарланған. Ойма жағалы, қаусырмалы (түймесіз) жең ұшы, жағасы және өңірі бес елі мөлшерінде сырылып тасталған, шапанның етегі мен жеңі бір тектілеу ұзындықта (осы шапанды киіп көргенімде, бейне бала іспетті болып, ішіне кіріп кеткендей болдым дейді – Өмірбек Баймұқамбетұлы. Ал, ер тоқым алды биік, арты аласа бір адамдық ер тоқым екен. Көзі ашық, көкірегі ояу ұлы қариялардан сұрағанымызда арғын ер тоқым болып шықты. Осы ер тоқым елімізде жүргізілген «Мәдениет зор төңкерісі» кезінде төрт көне ретінде қызыл қорғаушылардың (хунвейвиндердің) қолына түсіп, айшықты оюлары мен алтын жалатылған жез шегелерінің басы мұжырайып орны ғана қалған, құйысқан өмілдірік, айыл, тебінгі, үзеңгі сияқты ертоқым әбзелдері әркімнің қолында кетіп, «Мәдениет зор төңкерісі» аяқтап, байлардың мал-мүлкі өздеріне қайтарылған да, ертоқымның қаңқа басы мұра иелерінің қолына келеді.

Арысы үш жүзге, берісі алты алашқа аты мәлім Өскенбай бидің қызы Айбала өз аталығында ат міниіп, атан жетелеп сол дәуірдің сәнді салтанатымен келгенін айтпасақта жалпақ жұртқа мәлім. Айбаланың төркінінен міниіп келген күміс ер тоқымның басқа әбзелдері тозғаны тозып, жоғалғаны жоғалып, қазір сол ер тоқымның қос табанды күміс үзеңгісі кейінгі ұрпақтарында сақталып қалады. Осы әулиеттің қазіргі ұрпақтары ақылдаса келе, Тұрғанбай мен Айбала апасынан қалған мұра – ер тоқым, шапан, қос табанды күміс үзеңгі осыларды Алтай қаласының музейіне қолекі табыстап, кейінгі ұрпақтардың бейзаттық мұра ретінде тамашалауына береді.

Енді бірер сөз Құнанбайдың Алтайға келуі жөнінде «...Құнанбай аға сұлтан, Барақ төре оның орынбасары боп сайланған кезде патша әкімшілігі әпербақандарымен қандары қата өштескен қазақ азаматтары – ақсақ Қиян, Табылды дегендер уезд бастығын өлтіріп кетіп, Алтайдағы Абақ Керейлер арасына келіп паналайды. Оларды қолына түсіре алмай қапы қалған жандарал қатты ашуға бөгеді. Сөйтіп Қиян мен Табылдының Алтай асып кеткенін естіп-біліп, Керейдің ел билеушісі Ажы төреге аталас туысы Барақ төре арқылы хат жаздырып, екі қылмыскер қашқынды ұстап беруді талап етеді. Осы мақсатта аға сұлтан Құнанбайды арнайы тапсырмамен Абақ еліне атандырды...» – деп көрсетеді. Құнанбай өмірі мен қызметін зерттеуші Б.Сапаралы (Б. Сапаралы. Құнанбай қажы. – А., 1995.– 192 бет).

«Оқиға Барақ төре Солтабайұлы басқарып отырған Найман – Сыбан елінде өткен, Ақсақ Қиян мен Табылды Сыбан елінің азаматтары, ақсақ Қиян жасы алпыстан асқан белгілі барымташы қарашекпендерімен (ішкі Ресейден келген қоныс аударушылар) жерге таласып жүргенде орыстың оғы тиіп сол аяғы кем болып қалады. Сыбанның елбасылары мен билері кеңесіп: орыстың құрығы ұзын қазақтың қай жерінде барсаңдар да ұстап алады. Ежелден бізге ел болған кең балақ Керей ішіне кетіңдер деп шекарадан өткізіп салады. Барақ білмеген болып қала береді» (Айтушы Ісламшайых Рахымжанов. Жарма ауданы, Үшбиік ауылы). Бұдан біз орыстың қаһары қандай күшті болса да, елбасыларының басына күн туған ерлерін ұстап бермей ажал аузынан алып қалғанын көреміз.

Қазір орыстың қолшоқпары болды деп Құнанбайды, Жәңгір ханды орынсыз кінәлау бар. Шын мәнінде Құнанбай да, Жәңгір де Ресей империясының қазіргі тілмен айтсақ әкімдері, ол өз елдерінде қандай бүлік, бұзақылық, кісі өлтірушілік керуен тонаушылық т.с.с. губернатордың алдында басымен жауап беріп, тәртіп орнатуға міндетті болған. Финляндия, Польшадан бастап Порт – Артурға дейінгі Еуразияның жартысын билеп тұрған империяның подполковник шенді уезд бастығын қайдағы бір бұратаналардың өлтіруі губернаторға аспаннан жай түскендей болады. Сондықтан аға сұлтан Құнанбайдың өзін жұмсап «қылмыстыларды тірідей, өлсе басын алып кел» – деп қатал зілді бұйрық беріп жұмсайды. Ресей табиғаты азиялық деспотиялық империя деп баға береді шетел зерттеушілері. Олар ата жауларының басын алдырып, кек қайтару (Кенесарының, Кейкі батырдың, Хаджымұраттың т.б. бастары) мемлекеттік рәсім дәрежесіне көтерілген.

Құнанбай келеді дегенде керей елі ақпатшаның аға сұлтаннан көрі көптен көрмеген алыстан туысымыз келе жатыр деп барынша дайындық жасайды (Жоңғарға қарсы ұлт-азаттық соғыстың қаһарманы еліне ұран болған, Ер Жәнібек Бердәулетұлының қарындасы Ермек ана Өскенбайдың жұбайы болған). Қаба өзенінің бойына 50 үй тіктіріп ел басылары Әжітөре, Шәужырау, Шегебай батыр, Көкен би, Жетібай би, Бейсенбі би қатарлылар қарсы алады.

– Аға баласы сіз сөйлеңіз дегенде бір сөзін артық-кем айтпайтын Құнанбай істің мән-жайын Керейдің игі жақсыларының бүге-шігесіне дейтін біліп отырғанын сезіп: Сөз өздеріңізде деп жауап күтеді.

– Бірінші болып сөзді Шәу жырау, (кейбір әңгімелерде Бейсенбі би делінеді) бастайды: Жігіттерің ата жауымыз кәпірдің желкесін қиып бізді ел санап қорған болады деп қашып келгені рас. Қырғидан қорыққан торғай да бұтаны қорғалап аман қалады. Бұта құрлы жоқпыз ба? Кешегі өткен ханымыз Ер Абылай қалың қытай құмырысқадай әскерін қаптатып қойып Әмір Сананы ұстап бер, ақысына жер береміз дегенде, Абылай берді ме? Берген жоқ. Әлсіздерді қолдап күштілерді қайыратын ата-салтымыз емес пе? Ақсақ Қиян бір жыл арамызда тұрып өз ажалынан дүние салды. Табылды табылмайды, келмеске кетті. Бас десеңіз бас тауып, қағаз десеңіз қағаз жазып мөрімізді басып берейік деп, сөзін аяқтайды (Табылдыны Шыңжаңның ішкертін Баркөл жағына өткізіп жібергенін айтып отыр. Қазір ұрпақтары сол жақта деген ел аузында дерек бар).

Әу баста екі жігіттің ерлігіне іш тартқан Құнанбай: өлгендерінің тіріліп, келмеске кеткендерің қайта келіп жүрмесін деп сөзін қайырады. Ақыры екі жағы келісіп Ақсақ Қияның өлгенін куәландіріп билер бармақтарын басып мөрлерін қояды.

Алтай елінде айтылатын тағы бір әңгіме Шәкубайдың Құнанбайды қарсы алғандағы қонағасы жайында. Құртайды сойып барлық етін түгел асып, бір табаққа салады, шетін қазымен айналдыра көмкеріп ортасына тайдың басын қойып төрт жігіт тай табақтың төрт жағынан ұстап Құнанбайдың алдына алып келіпті. Құнанбай осы сапарын еске алғанда Алты Алаштың талай жерінде болып, ел аралап, дәмін татып жүргенде мұндайды көрген жоқ едім, түбінде қазақтың салт-дәстүрінің қалатын жері осы болар деп еске алады екен.

Әжітөре, Шәужырау, Бейсенбі би, Шәкубайдың Құнанбайды қарсы алған Қаба өзенінің жағасы қалың қарағай қайың араласқан жері – қазір Қытайдың саяхат мекемесінің мейрамханасы орналасыпты, нағыз жердің жанаты екен. Тайтабаққа келетін болсақ 1966 жылғы мәдени революцияға дейін сақталыпты, хунвейвиндер бай феодалдардың ыдысы деп отқа жағыпты. Көне көз қариялардан сұрастыра жүріп тай табақтың пошымын қайтадан қалпына келтіріп, сұлбасын сыздық. «Керейден ұл туса, ағашқа күн туады» – дегендей, менің ұсынысым бойынша, Шыңжаңдағы қазақ мәдениеті мен өнеріне жанашыр болып жүрген Рахат мырзаның демеушілігімен тай табақ қазір қайтадан жасалып жатыр. Құнанбай өмірінің бір қыры осындай.

Сөз соңында айтарымыз, Зере әжемізден тараған ұрпақтардың саны Шыңжаң өлкесінде 60-тан асады екен

Құнанбайдың туған құдасы Өтеудің бейіті.

ШҚО, Зайсан ауданы, Зайсан-Майқапшағай жолындағы Қараой елді мекені.

Құнанбайдың жиеніне берген күміс ері. 1966 жылы мәдениет төңкерісі кезінде күміс әшекейлерінің барлығы отқа жағылып, ердің құр қаңқасы ғана қалған. Хұнбейбіндердің ұстанымы бойынша кедейдің мінетін ері қалпына келген. ҚХР, Алтай қаласының музейі

Құнанбайдың жиеніне кигізген шапаны, түсі жасыл оңа бастаған. ҚХР, Алтай қалалық музейі.

ЗЕЙНОЛЛА ТОҚАЕВ, *ғалым, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі. Семейқаласыныңқұрметтіазаматы.«Құрмет»орденінің иегері. Бірнеше университеттің құрметті профессоры. 1975-2012 жылдары оқытушы, декан, институт ректоры, «Семей» мемлекеттік университетінің вице-президенті, 1983-1995 Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағындағы ректорлар Кеңесі төрағасының орынбасары. 2012-2016 жылдары Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті ректорының кеңесшісі, 2019-2023 жылдары кәсіби негізде Семей қаласының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы. Көптеген ғылыми еңбектердің авторы, жастарға ғылыми жетекшілік жасаған.*

Саналы ғұмырын білім мен ғылым саласына арнаған Зекеңнің «Қазақ даласындағы сайлау тарихынан: Абай, Шәкәрім және Мұхтар Әуезов» атты мақаласын оқырман жұртшылыққа ұсынып отырмыз.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТАРИХЫНАН
Абай, Шәкәрім және Мұхтар Әуезов

Қазақ халқы өзінің тарихында өз жерінде ұзақ уақыт қуаты күшті ел болған – халық, кейіннен бодан болып зар заманды бастан кешкен кезеңі де болған. Дегенмен халқымыз қашан да ішкі еркіндігін жоғалтпаған.

Тәуке хан қайтыс болған соң, Қазақ мемлекетінің іргесі сөгіле бастады. Оған себеп бақталастық мен тақ талас болды. Ағайын арасындағы алауыздық, бірліктіктің жоғалуы, Ресейге бодандықтың жолын ашты. Ол тарихтан бәрімізге белгілі. Сол зар заман кезеңінде, қазақтың данасы Абай дүниеге келді. Хакім Абайдың қазақ әдебиеті мен өнері, жалпы мәдениетінде алар орны өлшеусіз.

Қазақ даласының патшалық Ресейге қарап қалған кезінде өмір сүрген ақын Абай, өз халқының тұрмыс-тіршілігіне де араласып, оның болашағынан үміт үзбеді. Бүгін еліміз тәуелсіздік алған заманда, кейде ойлаймын, сондай қиын кезеңде даналарымыз елдік үшін еңбек етті. Маған, бүгінде кейде сондай азаматтық харакеттер әлсіреп қалғандай көрінеді. Толғанысқа түсем. Кейде ойлай-ойлай мұңға батам. Бізге бүгінде бірлік керек. Елдің елдігін нығайту үшін, жасы бар, кәрісі бар бел шешіп еңбек етуі керек.

* * *

Мен саналы ғұмырымның ширек ғасырына жуық, өзімнің ғылыми және басшылық қызметімнен тыс, қалалық, аймақтық, облыстық сайлау комиссиясында қызмет еттім. Сол сәттерде, біздің бүгінгі жаңарған Абай облысынан шыққан, тұлғалар **Абай, Шәкәрім** және **Мұхтардың** ел ісіне араласқанын елдік рухтарының биіктігінен деп танимын. Сол әйгілі тұлғалардың Ел ісіне араласқан еңбектеріне тоқталып, ой бөлісуді ретті санап отырмын.

* * *

Абай Құнанбайұлы

Абай он бес жасынан сотқа жататын істерді қарағанның куәсі болып, оған жиі қатысқан. Жиырмадан асқан шағында өткір шешен, дала әдет-ғұрпының білгірі ретінде танымал болып, келешекте атақты би болуына үміт арттыған.

Белгілі заңгер, заң ғылымдарының докторы Сергей Федорович Ударцев өзінің «Абай Құнанбаев: ойшыл, сот, заң шығарушы» атты мақаласында жазғандай, 1845-1904 жылдары Абай Құнанбаевтың ағартушы, сот және заң шығарушы (оның «Шар ережесі» атты әдет-ғұрып нормаларының жинағын дайындауы) ретінде үлкен тарихи рөлі көрсетілген, оның саяси және құқықтық көзқарастарына осы еңбекте сипаттама беріліп, бірқатар шетел ойшылдарының көзқарастарымен бірге зерттеулер жүргізілгенін жазады [1]. Ол ол ма, әйгілі қазақ ақыны, ойшыл Абай Құнанбаевтың үш мәрте болыстық басқару тәжірибесіне ие болған деген дерек бар. Бірақ, оны анықтау кажет сияқты. Өйткені, 1886 жылы Күшік-Тобықты болысына Құдайберді Құнанбаев (Шәкәрімнің әкесі) болыс болып сайланғанда, оның кандидаты-үміткері-көмекшісі Абай болған(бұл шешімді әкелері Құнанбай қолдаған). Бірақ, болыс сайланған мерзімін аяқтамай, сайлауға үш ай қалғанда қайтыс болады. Ол кездегі тәртіп бойынша болыстыққа қарасты елді басқару үміткерге, яғни Абайға жүктеледі. Сондықтан Абай алғашқы рет болыс емес, оның міндетін атқарушы болған. Ал, зерттеуші-ғалым Б.Байғалиев өзінің зерттеу еңбегінде, 1886 жылы Абай қол қойған Қазақстанның Орталық архивінде сақталған үш рапорт барын жазады[2].

Абайдың ең маңызды алғашқы жеңісі жиырма жеті жасында болған. Ол кезде Оразбай Аққұлұлы ауылында болыс сайлауы өткен. Абай өз ауылы Бигүлден сайлауға жалғыз келіп, дегеніне жетіп, інісі Ысқақты болыс сайлануында үш рет жеңіске жеткізген. Ысқақтың үшінші сайлануы алдында Абай келсе, Ысқақ әлі төсектен де тұрмапты. Ақсақалдар оны тоса алмай, түс алдында тарап кетеді. Содан Абай Ысқақты шақырып алып, ананы қарашы, ол кетіп бара жатқан – Жиренше. Сен білесің бе, не ойлап бара жатқанын? Жоқ, – деп жауап беріпті Ысқақ. Ол келешек сайлауда саған дауыс бермеймін деп барады. Ысқақ он жыл бойы болыс болғанымен, тұрғындар есінде тек жақтырмау жағы көп байқалған.

Турағұл Абайұлы жазғандай, әкесі Мұқыр, яғни, ол кезде Қоңыр-Көкше болысы аталатын жерде екі рет болыс болып тағайындалған[3].

Бұл деректі Мұхтар Омарханұлы Әуезов те, Абай өз ауылында емес, Қоңыр-Көкше болысында алғаш рет 1880 жылы, екінші рет 1893 жылы болыс болғанын растайды[4].

Бұған негіз болған 1867-1868 жылғы әкімшілік өзгеріске дейінгі «Қырғыз даласы мен Семей облысында болыстық басқаруды өзгерту туралы» Сібір комитетінің ережесі еді. 1875 жылы Қоңыр-Көкше болысындағы сайлауда дауыс үміткерлерге тең болған, осы кезде Абайға болыс болуын сұраған. Ол қарсы болмағандықтан, оны болыстыққа тағайындаған, яғни екіншірет 1875-1877 жылдары болыс лауазымын атқарған.

Абай көптеген жылдар бойы төреші (судья-би) қызметін, әрі үшінші рет 1893–1896 жылдары Шыңғыс болысында болыс болған. Абай тек би ғана емес, дала заң шығарушысы ретінде де әйгілі болған. 1885 жылы Шар өзенінің жағасындағы Қарамола жерінде (бұл құжатты «Шар ережесі» деп атаған) қазақ тілінде баспадан шыққан ерекше заң қабылданған, ол қазақ халқы арасына кең таралған. Бұл ереже дала дәстүрлерінің жиынтығы және заңы. Оны жүзден аса уезд билері Семей облысының төтенше съезінде бекіткен. Семей облысының әскери губернаторы ұсынысымен билер съезінің төрағасына Абайды сайлаған. Ол кезде Абайдың жасы қырық жас шамасында екен.

1903 жылдың 25 тамызында генерал-майор Галкин қол қойған, Семей облысының әскери губернаторына жазған рапортында «Ибраһим Құнанбаев 60 жаста, үш рет үйленген, олардан жиырмаға жуық балалары бар, әрі 1000 жылқы мен 2000 мың қой иесі, ол ақыл-ойы, ой өрісі дамыған адам, үкімет тағайындап, Шыңғыс болысында екі рет үш жылдық, бір рет Мұқыр болысында басқару қызмет атқарған» делінген.

Тұңғыш қазақ үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейхан жазғандай «Еш күмән жоқ, Абай өз заманында өз талантымен сайлаусыз-ақ дала көрегендігін ақтар еді.

Өйткені, ол білім негізі араб, парсы және түрік кітаптарында жатқанына көңіл аударып қана қоймай, өздігінен білім алып, аталған тілдерді меңгеріп, оларды ерікті оқи білген, сондықтан да қасиетті кітаптардың білгірі атанған».

Абай өкінішке орай, болыстық басқару жұмысына ел қамы үшін емес, жеке бастың қамы баратындардың көп екенін байқаған. Хакім Абай өзінің үшінші қара сөзінде былай дейді: «Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «ісіннің түзулігінен жетпессің, кісіннің амалшы, айлалылығынан жетерсің» деген сөз. Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды?» [5]. Елжұрттың санасына бодандық кезеңде осындай ұсақ мінез келді. Бұл басқыншы елдің «Бөліп ал да билей бер» саясатының жемісі еді.

Дегенмен де Абай Құнанбаев өз ұлтымен қуанып, өз ұлтымен налып қана қоймай, қазақ халқының мәдениетінің, тұрмысының көрнекті білгірі, қазақ дәстүрін, көне заңдарын, адамның шыққан тегін, аңыз-әңгімелерін және этнографиялық танымын түсіндіруші ретінде аса зор абыройға, даңққа ие болды, тәуелсіздік жылдары даңқы одан әрі насихатталып, шартарапқа танылуда.

* * *

Шәкәрім Құдайбердіұлы

XIX ғасырдың соңында, XX ғасырдың басында уақыт майданына Абайдың лайықты ізбасары – тарихшы, философ, ірі ақын, Мекке, Мәдинеге барып қайтқан, Ыстамбул, Парижден білім-ғылым жолында ізденіске түскен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығады.

1878 жылы Семей облысына қарасты Шыңғыстау өңірінде болыс сайлау науқаны өте шиеленісті жағдайда өтеді. Шыңғыстау болысындағы жеті старшын елдің әрқайсысы өз атқамінерлерін болыстыққа ұсынып, қысқасы, екі партияға бөлініп, бір-біріне дауыс бермей отырып алады. Хакім Абайдың ақыл-кеңесі және Семейден келген жоғары лауазымды бір шенеуніктің араласуымен, сол жолы жасы енді ғана жиырмаға іліккен жігіт Шәкәрім алғаш рет үш жылға Шыңғыстауға болыс болып тағайындалады. Ол өзінің осы ел басқару саласындағы қоғамдық қызметін 1878-1880 жылдар аралығында атқарады. Одан соң бірер жыл Шыңғыстауда, алты айдай көршілес сыбан елінде (1911 жылы Аякөзде) болыс болған. Ол неше рет болыстық басқаруда болғанымен, өзінің ниеті, харекеті бұл салаға сәйкессіздік екенін аңғарып, аталған қызметінен бас тартады. Өз «Партия адамдары», «Партия қуған өңкей қырт» өлеңдерінде болыс сайлауының қазақ даласындағы жағымсыз жақтарын көрсетеді[6].

1906 жылдың 5 маусымында Әлихан Бөкейхановтың қатысуымен таңдаушылардың Мемлекеттік Думаға үміткерлерді сайлау мәжілісі өтеді. Оған 184 адам тіркеледі. Өскемен уезінен Қайрамбай Тоқтыбаев Әлихан Нұрмухамедұлы Бөкейхановты ұсынады, басқа ұсыныстар болмайды. Осы отырыста Шәкәрім Құдайбердіұлы үш рет сөз алады. Нәтижесінде Ресей империясы I Мемлекеттік Думасына депутат болып Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов сайланады[7].

Әлихан Бөкейханов 1907 жылы II Мемлекеттік Думаға депутат етіп сайлауға Семей облысы қазақтары атынан бес адамның бірі ретінде Шәкәрімнің кандидатурасын ұсынғанын, алайда ол өз жолын Темірғалиға беріп, басқаларға үлгі болғанын айтады (сол жолы Сейтен өңірінің болысы, бастауыш білімі бар, діни сауатты Темірғали Нұрекенов II Думаға депутат болып сайланады).

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін ұлт зиялыларының «Алаш» партиясын, қазақ автономиясын құрсақ деген идеясымен облыстарда (Семейде) қазақ съездері жаппай өткізілгенде, ғалым К.Нұрпейісовтің еңбегінде айтылғандай, осы жылы 27 сәуір – 7 маусым аралығында Семейге қарасты бес уезден (Өскемен, Семей, Павлодар, Қарқаралы, Зайсан) 200-дей, ал көршілес Ресейдің Бийск

уезінен 2 өкілдің қатысуымен өткен облыстық съезде Алаш қайраткерлері Р.Мәрсеков, Ж.Ақбаев, Х.Ғаббасовтармен бірге Шәкәрім Құдайбердіұлы ұлт болашағы туралы пікір білдіріп, сөз сөйлейді[8]. 1917 жылдың қараша-желтоқсан айларында өткен осы земстволық сайлау науқандарына қазақ қауымының қатысу белсенділігі өте жоғары болды. Сол кезеңде Семейде шығып тұрған «Дело» газетінде «О выборах гласных в Семипалатинское уездное земство» атты мақаласында аталмыш сайлау қорытындысына тоқталып, Семей уездік земстволық жиынына депутаттыққа 7 округ бойынша 38 қазақ, 2 орыс сайланғанын, орыс шаруалары мүддесіне қатысты мәселелерді шешуде бұл екеуінің дауысы аздық ететініне реніш білдірген, бірақ қазақтардың бұл сайлауда үлкен ұйымшылдық танытқанын айтады. Сонымен бірге бұл басылымда («Дело», 1917, №145) Семей уездік земство жиынына депутаттыққа Семей қаласынан Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, М.Малдыбаев, И.Тарабаев, Н.Құлжанова, Заречная слободкасынан (Алаш қаласы) А.Қозыбағаров, Ж.Үкібаев, А.Аңдамасов, Қ.Мұздыбаев, Шыңғыс болысынан Ш.Құдайбердиев, Мұқыр болысынан К.Жанатаев, Қызылмола болысынан И.Қазанғапов тәрізді тағы басқа қазақ зиялылары сайланғаны туралы ресми мәліметі берілген.

1917 жылдың соңында Шәкерім Құдайбердіұлының жаңа құрылған Алашорда үкіметінің соты, қазысы болып сайланып, бұл қызметті келесі 1918 жылдың күзіне дейін абыроймен атқарғаны аян.

* * *

Мұхтар Әуезов

Мұхтар Омарханұлы Әуезов – Семейде «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына ұйытқы болады. 1917 жылы «Алаш» партиясынан басқа, «Алашорда» үкіметінің қолдаушылары бірнеше қоғамдық ұйымдар, оның ішінде Семей қаласында «Жанар» жастар ұйымын құрған. Жазушы Мұхтар Әуезов 1918 жылы 5-13 мамырда Омбыда өткен Жалпы қазақ жастарының құрылтайына қатысып, орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Құрылтайда «Алашорда» үкіметі мен Алаш қозғалысының бағытын ұстанған «Жас азамат» атты Бүкілқазақтық жастар ұйымы құрылады.

1919 жылдан бастап Семей қаласында қоғамдық-саяси жұмысқа араласа бастайды, жергілікті басқару, сот мекемелерін құру жұмыстарына ұйтқы болып, Семейдің Облыстық атқару комитеті қазақ бөлімінде, 1919 жылы Семей атқару комитетінің меңгерушісі, облыстық сот меңгерушісі, 1921 жылы Семей облревкомының төралқа мүшесі, облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарады. Одан соң Орынборда Қазақ Автономиялы Кеңестік социалистік республиканың Орталық атқару комитетінде қызмет істеген.

Оқуын бітірісімен бұрқ-сарқ қайнап жатқан қоғамдық өмірге белсене араласып кетеді: Семей губерниялық, Орынборда КАЗЦИК-тің орталық аппаратында істейді.

1921 жылдың 12 тамызында Семей губерниялық ұйымдастыру пленумында атқару комитеті төрағасының орынбасары, соңынан төрағасы болып сайланады. Мұқтар Әуезов Президиум төрағасы кезінде, оның орынбасары Большаков, мүшелері – Левитин, Нұрмақов, Мазурович болған. Бөлім меңгерушілеріне: статистикаға – Итбаев; халық біліміне - Аймауытов, оның орынбасарына Сәтбаев; заңға (юстиция) Барлыбаев; секретариат қызметкерлеріне – Нұрмақов; жер – Ғаббасов, оның орынбасарына Симанов; губерниялық халық шаруашылығы комиссары мүшелігіне – Хасенов тағайындалған. Р-73, оп.1, д.15.

1922 жылдың 26 қаңтарында өткен II Губерниялық Кеңестер съезінде губерниялық атқару комитетінің мүшелігіне 23 адамның бірі болып Мұхтар Әуезов сайланған. Р-73, оп.1, д.89.

Ал, сол жылдың 2 ақпанында М. Әуезов бұл лауазымынан босаған. Р-73, оп.1, д.83.

Мұқтар Әуезов Семейдің Төтенше тергеу комиссияның мүшесі болған. Оған бекіту үшін губерниялық бюро аудандық партия ұйымы жанындағы

басқа рулар бөлімі (секция) 1922 жылдың 18 қаңтарында қабылдаған шешімдеріне орай, Сібір революциялық комитетіне Косаревке хат жолдаған. Р-73, оп.1, д.18.

Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің үшінші, төртінші, бесінші шақырылымының депутаты болып сайланған[9].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ударцев С.В. Абай Кунанбаев: мыслитель, судья, законодатель // В кн. Гении культуры: Пушкин и Абай. Ростов-на-Дону – Астана – Армавир. 2007. С. 227-246.

2. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001. 134 бет.

3. Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. – Алматы: Ана тілі, 1993. 56 бет.

4. Әуезов М.О. Абайдың туысы мен өмірі. «Абай» журналы, 1992, №3. 29 бет.

5. Абай. Шығармалары.Үшінші қара сөзі. Алматы. «Ғылым», 1995.

6. Шәкәрім. Шығармалары. Алматы, 1988. 560 с.

7. Выборы в Степном крае.//К 10-летию Первой ГД. 27 апреля 1906 года. 27 аперля 1916 года. Петроград, 1916. С. 45-50.

8. Нурпеисов К. Собрание сочинений Кенеса Нурпеиса. Алматы. 2015. С.50.

9. Ауэзов, Мухтар Омарханович // Большая советская энциклопедия : [в 30 т.] / гл. Ред. А. М. Прохоров. – 3-е изд. – М. : Советская энциклопедия, 1969-1978.

ТҰРДЫҚҰЛ ШАҢБАЙ, *әдебиеттанушы-философ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тарих және қоғамдық ғылымдар Академиясының академигі. Шәкәрім университетінің, Әлихан Бөкейхан университетінің және М.Қозыбаев атындағы СҚУ-нің құрметті профессоры. Алматыда ҚР Ұлттық Ғылым Академиясында, Әл-Фараби атынд.ҚазМУ-да, «Қазақ Энциклопедиясы» Бас Редакциясында еңбек етті. Семейде Шәкәрімтану ҒЗО-ның, Алаштану ҒЗО-ның, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры қызметтерін атқарды. Қазір Шәкәрім университеті жанындағы Шәкәрім музейінің басшысы. Ол дайындаған «Шәкәрім» энциклопедиясы мен «Шәкәрімтану мәселелері» сериялық ғылыми жинағының отандық ғылымда орны ерекше. «Еркіндік фәлсапасы: Абай және Алаш алыптары», «Ұғым мәдениеті» еңбектері жарық көрген. Автордың Шәкәрім фәлсапасына арналған Шәкәрім: «Пайғамбар қыл ақылды» мақаласын ұсынып отырмыз.*

ШӘКӘРІМ: «ПАЙҒАМБАР ҚЫЛ АҚЫЛДЫ...»

Ақыл – адамзатқа Жаратушының берген өшеусіз сыйы. Қазақ ойшылдары ақыл туралы терең ой қозғаған, солардың бірегейі – Шәкәрім. Арысы түрк, берісі қазақ фәлсапасындағы іргелі ұғымдардың бірі – ақыл. Ақыл – адамзатты басқа тіршілік иесінен даралап тұратын қасиеті. Түрк ойшылы Жүсіп Баласағұн «Ақыл – Алланың сыйы» деген. Шәкәрім «Өмір сырын көздесең» деп басталатын фәлсапалық өлеңінде «Пайғамбар қыл ақылды» дейді. Адамзат баласына Жаратушыдан келген осы ғажап сыйды Пайғамбардай құрметтеуін талап етіп отыр. Бұл – үлкен талап. Неге? Ойшыл ақын осы өлеңінде «Адасып әлім шатылған» дейді. Құдайсыз өмір сүреміз деген аласапыран заманда «әлім» де адасып отыр екен. Не істеу керек? Түрк-қазақ даналары айтады: «Алланың сыйы – ақылыңа сүйен, ақылыңды – Пайғамбар қыл» дейді. Пәлен айтты деп көзсіз ерме дейді. Алланың сыйы, ақылыңа сынат деп отыр. Шәкәрім осы терең ойды, қазақ поэзиясындағы фәлсапа лирикасының көркемдік-танымдық қуатымен, метафоралық жолмен жеткізіп отыр. Бұл, бүгінгі уақытта да аса өзекті мәселе. Ақылына сүйенген жұрт бәйгенің алдында келеді. Ал, фәлсапалық тұрғыдан келсек, академик Ғарифолла Есімнің «Ақыл болмаса адамның барлығы туралы сөз жоқ» дегені осы ойды негіздей түседі. Яғни, адамның барлығының басты көрінісі – ақыл болып тұр. Ендеше, Шәкәрім мұрасында мол көрініс тапқан, осы – ақыл ұғымына кеңінен тоқталайық.

* * *

Ақыл – Шәкәрімнің фәлсапалық трактаты «Үш анық» пен көркем шығармаларындада ең көп қолданыс тапқан метаұғым. Шәкәрім мәнін ашқан, кең өріс берген жүйелі, әрі түрлі контексте қолданған ақыл ұғымының біразын атап өтейік: *жанды ақыл, ақылды жан, таза ақыл, арлы ақыл, ақыл көзі, толық ақыл, терең ақыл, аз ақыл, анық ақыл, арақ ақыл, мас ақыл, ақыл құсы, сау ақыл, ақыл – нұр, хайуандар ақылы, саяз ақыл, ақылды зат, азат ақыл, мол ақыл, шын ақыл, ақыл-айна, өз ақыл, еркін ақыл, жайлы ақыл* т.б.

Шәкәрім ақыл туралы «Пайғамбар қыл ақылды», «ақылдың шолғыншысы – ойқұмарлық», «ақылыңа сынат», т.б. тіркестерді жиі қолданады, ақылдың статусын көтереді. Демек, Шәкәрім ақыл ұғымының мәнін ашуға аса күш салған. Ойқұмарлықтың өзі ақыл емес екен, ол оның шолғыншысы екен. Фәлсапалық тұрғыдан, анық қылып айтсақ: ақыл – субстанция, ал, ойқұмарлық – аксиденция.

Шәкәрім анықтаған ақылдың әрбірі жеке зерттеуді, танып білуді талап етеді.

* * *

Алдымен, ақыл ұғымының мәніне, зерттелу тарихына қысқаша тоқталайық. Дін мен фәлсапада, ғылымда ақыл көп қарастырылған, өрістете зерттеліп жүрген ұғым. Адамзат ойының түйіні, ғылымның танымы, діннің сенімі – ақыл адамның негізгі сипаты, маңызды қасиеті деген тұжырым жасайды. Адамның ақыл арқылы әлемді тануға ұмтылысын философияда рационализм деп атайды, ал метафизикалық рационализм деп сол ақылға сенімді айтады. Фәлсапада таным мен сенім үндесіп өзгеше өріс табады. Жаратушы, жан және жаратылыс туралы таным мен сенім біртұтас онтологиялық деңгейге көтеріледі. Шәкәрімдегі ақыл тұтас алғанда осы биікке көтерілген таным, концепткатегория. Ақыл ұғымына Шәкәрімге дейін әр ғасыр биігінен данышпандар назар аударған. Сократ, Аристотель, Платон, Әл-Кинди, Әл-Фараби, Әл-Ғазали, И.Кант, Гегель, Абай т.б. ақылдың негізгі сипатын даналықпен тануға ұмтылған. Философия тарихында ақылды тануда ғылыми бағыттар қалыптасты. Ақыл абсалютті шындық, ол – барлық, өмір оның айнасы деген панологизм; Ақыл тек адамның сипаты, қасиеті деген натурфилософтар, Платон, Анаксагор, Аристотель грек тілінде қолданған «Нус» ұғымы да ақыл туралы, бүкіл ғалам «жанды» дейтін діни-философиялық сенім мен танымның да ақылмен байланысы бар. Қазақ фәлсапасында ақыл туралы соны сөзді ойшыл Ғарифолла Есім өзінің «Адам-зат» деген іргелі еңбегінде айтқан.

* * *

Шәкәрім мұрасындағы ақыл ұғымын екі топқа бөліп қарастырамыз. Бірінші, «Үш анық» атты фәлсафалық трактатта, Шәкәрім «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді...» деген. Шәкәрім ақыл деп қоя салмаған, ақыл көзі деген. Ақылға жандылық мән беріп тұр. «Үш анық» трактаты адамның ақиқатты ақыл көзімен көретінінінен басталады. Бұл кездейсоқтық емес, Шәкәрім танымының бастауы, тұтас Ар ілімі концепциясының негізі, осы – ақыл көзі. Кейіннен, осы еңбекте, өзінің жаралыс, жаратылыс, жаратушы, жан, ұждан сияқты адамзат баласын толғандырып келе жатқан мәселелерге ақыл көзімен(жүрек көзімен, ақыл мен жан) жету туралы сырын ашады. Бәлкім, Шәкәрімнің ақыл көзі Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылды тануға ұмтылған сыр-айнасы болғандықтан да ақиқатты танитын жол деп сенімді айтып отыр. Қалай болғанда, ақылға ерекше мән берілген. «Біліп жаратушы – Тәңірі» дейтіні сондықтан. Шәкәрімнің осы ойы фәлсапалық лирикасында терең жалғасын тауып жатады: «Ақылдан ойға сыр тарап, Үміттің шамы жанған күн. Жар есіркеп бер қарап, Нұрына жүрек қанған күн». Шәкәрімнің ақыл көзі – антропологиялық фәлсапаға, теологияға, нақты қазақ фәлсапасына әкелген ұлттық танымдағы концепткатегориясы. Шәкәрімнің «Үш анық» фәлсапалық трактатында ақыл ұғымына ерекше орын берілгені, осы ұғымды жүйелі әрі түрлі контексте қолданғанынан байқаймыз. Мәселен, Шәкәрім барлық тіршілік иесінің өсіп-өнуге қам қылатынын айтып, бұл – барлық таласы екенін, яки жаратылыстың берік жолы екенін айтып келіп, былай дейді: «Сондықтан барша адам шамасына қарай, қай бірі өзі үшін, қай бірі табы үшін, қай бірі барша адам үшін жақсылық бақ іздейді. Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады». Сөйтіп, толық адамның болмысын айқындайды. Толық адам болудың негізгі факторы «барша адам үшін жақсылық бақ іздеу екен». Толық адам ақылдың қарауында болуы да бір белгі екен.

Осы еңбегінде Шәкәрім сау ақыл ұғымын да қолданады. Және ерекше мән беріп қолданған. Жанның мәңгілігі, өлімнен соң бір түрлі тіршілік барлығы немесе, өлген соң тірілетін жан жоқ деген екі жолды кең талдауға барарда, сау ақыл ұғымын қолданған: «Менің ойымша, осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу ақылы сау адамға қатты міндет. Неге десең

адамды түпкілікті бақытқа жеткізбек болсақ біліп жаратушы ие бар, өлген соң да бір түрлі өмір бар деген жолдың шын, өтірігін білуіміз керек. Егер шын болса, соның да қамын ойлап, адамдарды түпкілікті бақытқа жеткізу үшін, егер өтірік болса, оған әуреленбей жалғыз ғана осы дүние қамын қылу үшін, олай болса бұл екеуін қалай тексереміз? Оны тексерушінің әр түрлі діндер жайынан әрбір білімділердің сол туралы айтқан сөздерінен хабары болу керек. Және қатты керек бір шарты – өзінің тұтқан діні, оқыған-ұғынғаны, қалыптанған әдеті, құмар ісі бәлендей жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне біржола байланып қалмай, ақылын әбден шын босатып сол екі жолдағылардың жазған кітап, айтқан сөз, қылған істері һәм оларға қарсы айтқан сөздердің бәрін ноқтасыз, науқассыз сау ақылмен сынау керек». Бұдан белгілі болғаны сау ақыл ноқтасыз және науқассыз болуы керек екен. Сау ақылдың үнемі қозғалыста, ізденісте болатынын да аталған екі жол туралы ой толғағанда атап өтеді: «Бұл екі жолдың түбі қайдан шыққанын тексерсе, адамдардың біз һәм әлемдегі барша нәрселердің қайдан бар болғанын, мұны кім жаратқан деген ойынан шыққан. Неге десең, адамның ақылы оны ойламай тұра алмайды және адам жаңа бір нәрсені көрсе мұны кім жасаған, бұл неге керек демей қоймайды? Сондықтан жаратушыны іздеп әркім әртүрлі ой жүргізген». Шәкәрім ақылдың субстанциялық түпнегізбен бірлігін, соған ұмтылысын ашып көрсетеді. Шәкәрім осы еңбегінде екі жол туралы білімділер сөзімен таласқа түсіп, қорыта келіп өзінің тұңғыш ойы екенін айтады. Басқа біреудің ойымен үндес шығуы мүмкін екенін де, реминисенциялық табиғатының болуын да теріске шығармайды. Қорытындысында, «Барлықтың түп себебі жаратушының білім, құдырет шеберлігінде өлшеу жоқ» деп айтып келіп, Жаратушының барлығы туралы өз ойын толық ашу, дәлелдеу барысында ақылға қатысты «есті ақыл, естінің ақылы» ұғымдарын қолданады: «Біз естінің ақылын, күштінің қуатын, ұстаның шеберлігін ісінен танимыз. Менің ойымша, бүтін барлықтың бәрі, бізді осындай болмақ жолды салған түп жаратушының білім, құдырет шеберлігінде. Өлшеу жоқ деп бізге секунд сайын айғайлап тұр: «Бізге дүние түпкі сырын, Көрсетіп те айтты ғой. Елемеді оны біздің, тіпті өзімшіл мисыз ой» деп көркем фәлсапа, бір шумақпен ойын тұжырымдайды. Шәкәрімнің осы еңбекте жан мен ақылды субстанция ретінде бірлікте қарастыратын сәті де бар: «Жан менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгеретін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына еш дәлел жоқ. Олай болса бір түрге түсіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді. Мен бұл араға шейін жанның бірінен бірі артылатын қасиеттерін анықтап бөліп айтпай бәрін де бір жан деп келдім. Жан әр түрге түседі. Мәселен, инстинкт-сезімді жан, сознание-аңғарлық жан, мысль-ойлайтын жан, ум-ақылды жан дегендей әр түрлі қасиеттері болады». Шәкәрім ақыл туралы ойын Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылмен ұштастырып түйіндейді: «Аңғару, ойлау ерікті хайуанның бәрінде бар. Бірақ олардың да бірінен бірі есті, бірінен бірі шебер, оны теріп жазбасақ та әркімге белгілі. Адамның күйі сол хайуандардан есті болмаса да, толық терең ақыл адамнан шығады. Бірақ сол адам да табиғаттан шебер емес». Шәкәрімнің ой түйіні осы жерде байқалған. Ол толық терең ақылдың тек адамнан шығатыны, солай бола тұра адамның өзі табиғаттан (Жаратушыдан, жаралыстан) шебер емес. Ар іліміне негізделген, имандылыққа, ұжданға шақырар ең дұрыс жол мұсылман жолы екенін де осы еңбегінде атап айтқан: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар». Шәкәрім осылай деп ойын түйіндеген.

* * *

Шәкәрім көркем шығармаларында

ақыл туралы еркін таным-метафорамен айтқан. Шәкәрімнің фәлсапалық лирикасында, жалпы көркем фәлсапасында да ақыл ұғымы жүйелі әрі түрлі контексте мол қолданыс тапқан. Солардың ішінде ерекше орын берілгендері – таза ақыл мен жанды ақыл. Таза ақыл мен жанды ақыл ұғымдарын қалай қолданған, соларды мысалға келтіріп барып, ой қорытайық.

Алдымен таза ақыл ұғымын келтірейік(1): «Мен адамнан таза ақыл таба алмадым», «Бар ғылымның түп атасы, Таза ақылмен ойлану», «Таза ақыл ақты барлайды, Дәлелсіз сөзді алмайды, Танитын жанға кез болса, Хақиқат жерде қалмайды», «Адамның сыртқы дене жаралысы, Нәпсісі айюанмен анық теңдес. Бөлектігі – жалғыз-ақ таза ақылда, Әлің келсе, жол тап та осыны емдес», «Көз адасты, ой тапты көрдіңіз бе? ...Тетігі – таза ақылмен – өлшеп сынау!», «Ар жеңіп шығады, арамның қарасын, Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп, Таза ақыл қосылса, Әлемнің таласын», «Таза ақылмен таппаған дін, Шын дін емес жындылық», «Айнымайтын ақ жүрек пен, Таза ақылды адамның, Таппасы жоқ бұл өмірде, Осыны ұқ балам», «Ақ жүрек пен пен таза ақыл, Қылсаң адал еңбек, Бірінен де сол мақұл, Артқыға жол бермек», «Дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозаң, Таза ақылдың алдында жоқ қой құны», «Рух деген дінсіз таза ақыл, Мінсіздің ісі шын мақұл. Аюандағы ақыл ол емес. Аз ғана сөзім – аз тақыл, Құранды оқы нанбасаң», «Бәрін де тапқан таза ақыл», «Ғаділ жүрек, таза ақыл мақтайтұғын, Солдар сөкпес іс қылар жолды көксе». Шәкәрім таза ақыл ұғымын бұдан да басқа оншақты өлеңінде келтірген. Бұның барлығы айрнайы талдауды қажет етеді. Біз дайындаған «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиысында алғашқы қадам жасалды. Шәкәрімнің әр шығармасы онда жеке талданған.

Сонымен қатар, жанды ақыл ұғымын қалай қолданған, соны келтірейік(2): «Осы әлемде барша барлық, Жанды ақылдың табысы, Нәрсесі жоқ бос қаларлық, Мейлі шөп пен топырақ», «Осыны ақыл ұқпай ма? Дене жанын тықпай ма? Бастапқы есті жанды ақыл», «Ақылды жанның мүлкі – әлем, Тәртіппен өсіп таралды», «Құбылған әлем жарысы – Ақылды жанның табысы, Басында-ақ онда ақыл мол, Мақсатты ретпен әр ісі, Тереңнен ойла оңғар да», «Жан жолдан қосылды деп пән де, дін де, Ақылды байлап қойған соған мүлде. Ең басқы зат – жаны бар, ақылды зат. Оны ойлаған адам жоқ осы күнде», «Адамның таза ақылы жанды қимай, Амалсыз қиянатқа о да көнбек», «Ақылмен жанды тексермей, Денешіл, пәншіл кеселдер. Дәлелсіз сөзбен ілгіштер».

Шәкәрім ақылды барлық қырынан тексеріп, оның сипатына терең баруға ұмтылған. Соның басты түпнегізі осы таза ақыл мен жанды ақыл. Қасиетіне, болмысына қарай анықтаған осы екі ұғымды Шәкәрім жай ғана келтірмей жүйемен берген. Оның әрбірі жеке-жеке санаға салып өлшеуді талап етеді. Мынаны айтып отыр деп шолақ қайыруға келмейді. Контекстен бөлек алып қарастырсақ та түп негізі тереңде екенін байқаймыз. Біз оған екі сілтеме-мысал келтірейік. Бірі, Шәкәрімнің өзі келтірген сілтеме: «Құранды оқы нанбасаң». Екіншісі, Ғарифолла Есімнің «Жаралыс басы – қозғалыс» өлеңін талдау барысындағы айтқан ойына сілтеме: «Шәкәрім жанды ақыл дегенде ақылдың генезисі туралы айтып отыр. Ақыл қайдан шықты немесе қайдан пайда болды дегенде, ол оны жаннан шығарған, содан барып «жанды ақыл» деген түсінік қалыптастырған».

Осыдан белгілі болды, бар ғылымның түп атасы таза ақыл ойлау, соған сынату екен. Әлемдегі барша барлық та, еш нәрсе бос қалмақ емес, бәрі мейлі шөп пен топырақ жанды ақылдың табысы екен. Шәкәрім неге Құранды оқы дейді, бәрі жанды ақылдың табысы дейді, ақылдың генезисі қай жерде? Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылдың өзі ме, жоқ әлде содан нәр ала ма? Шәкәрім, осылай ой жарысына өріс ашады, таным көкжиегін көркем фәлсапада кеңейтеді. Ақылмен бойға сыр таратады. Құранның құдіретіне сүйеніп тұр.

Осы жанды ақыл мен таза ақылға жақын тұрған тағы бір түсінік, ақыл-нұр, нұрлы ақыл ұғым категориясы. Шәкәрім ол туралы: «Ақыл деген өлшеусіз бір

жарық нұр, Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр, Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен, Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр», «Зарадушке айтсам кезі кеп, Үйреттің ақыл нұр ғой деп, Ұға алмай отқа шоқынып, Бұзылды елің боғын жеп».

Ие, Жаратушыны танымау көп адасушылықтың басы екенін, өлшеусіз жарық нұр барлықтың иесі екені, және соны фәлсапада, сөз өнерінің фәлсапалық лирика жанрында Шәкәрім көркемдік таныммен шебер береді. Шәкәрім ақылдың сипатын ашу барысында лирикалық шығармаларында бұдан басқа да жүздеген жерде жүйелі түрде қолданған. Лирикалық жанр табиғатының негізгі көркемдік факторының бірі, екі ұғымды қарама қарсы немесе қатар қойып, олардың табиғатын ашу: «Терең ой мен ақылға айтамын дат», «Ашу жеңсе, адамда ақыл қалмас», «Қазақта жоқ ақылмен ой бекітпек, Нәпсі ұнаса болғаны, бәрі бітпек», «Мен ақыл мен ойды жұмсаушы едім, Талай қиын істі табуға», «Шолғыншы ойым ақылға, Ақылым тоқтап мақұлға», «Оны ақылың сезеді, Неге нәпсің сенеді», «Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп, Адасқан асығың мұңлы әнге салынып тұр», «Ескерусіз бар өмір кетсе желге, Ақыл, айла, қайратың ақса селге» т.б.

Фәлсапада, ғылымда адам ақылын тәрбиелеу, қабылетті дамыту теріске шығарылмаған. Шәкәрім де терістемейді: «Ақыл деген денеге егулі дән, Суғарылса кіреді оған да жан, Ақылдың өсіп-өніп зораймағы, Көрген, білген нәрседен ғибрат алған». Адам ақылының табиғи дамуы туралы ойды Шәкәрім көркем шығармада фәлсапалық-метафоралық стильде айтып отыр. Шәкәрім адресатты қашан да ақылға бағыттап отырады: «Пайғамбар қыл ақылды, Сол табады мақұлды». Мұсылман әлеміндегі пайғамбардың статусын білетін данышпан, ақылды сол дәрежеге көтеріп отыр. Ұлттық көркем фәлсапада бұндай метафоралық теңеудің орны ерекше екенін ақын біліп отыр. Сол ақылға барлығын сынат, тексертіп отыр дегенді мол айтады: «Ақылмен өлшеп санасам», «Бұл сөзді ақылға сал, кіргетартып», «Ақылға әрбіреуін сынатарсың», «Кім айтса да сынамай қойма, жаным, Ақылыңа сынатып ойла, жаным», «Ақылға салып бар сырын», «Ақылға салып шындаса, Ашылды, міні, анық сыр», «Ақылға сынат, сабыр қыл, Жығылмайтын дәлел тап», «Ақылдың көзін байлама, Білгіш деп басшы сайлама, Оқуым, дінім, наным деп, Әдетке қарай айдама, Ақылға сынат әр істі», «Сал ақылға, дұрысы не, Дәлелін тап жақсырақ», «Ақ жүрек, ақыл көзбен сынға алыңыз», «Ойла, тексер, ақылмен», «Көңіл көзін аш – тағы ақылға сал», «Ақылыңа сынат деп, – дәлел айтқан, Құраннан табылады талай аят, Тәпсір деп қасиетін талқан қылып, Бұзғанмен Құран болмас адасқан хат».

Құран Кәрімде ақылға сынат деген талай аят бар, оның орнын Шәкәрім фәлсапралық лирикада ерекше анықтап берген, асқақтатқан. Мен «ақылмын» деп келетін, реңі ұқсас ұғыммен астас келетін сәттерді де терең аша білген: «Надандықпен қарнымыз тоқ демелік, Біз білмеген еш ақыл жоқ демелік, «Айланы ақыл, арсыздық әдеп қой» деп, Арамды адал, асылды боқ демелік». Айланың ақыл болып көрінуі, жақсы мен жаманды айрмауды соқырға таяқ ұстатқандай қылып көрсеткен.

Шәкәрім ақыл деген денеге егулі дән дейді, оған жан суғарылса ғана кіретінін, өсіп-өнетінін айтқан. Суғарылмаған ақыл өнбей қалатынын да атап көрсетеді: «Саяз ақыл бас ұрған, Мақтауын көкке асырған, Жаба тоқып жасырған». Шәкәрім шығармаларында антропологиялық фәлсапаның көп мәселесі көркемдік тәсілмен көтерілгенін осы таным мен пайым байқатады. Саяз ақылға қарама-қарсы Шәкәрім өзі ерекше ден қоятын сау ақыл бар. Сау ақылға жақын азат ақыл, еркін ақыл, арлы ақыл деген т.б. ұғым түсініктер бар. Бұл ақыл(дар)дың негізгі ерекшелігі соншалықты «матаулы» еместігінде. Жан мен ақыл тәнге матаулы болғанымен, бұлардың бейнесінде бір түрлі еркіндік бар. Шәкәрім былай дейді: «Отыз жылдай жиғаным, Сау ақыл менің иманым», «Тамам дерттен сау ақыл менің сыншым», «Бұл күнде дұрыс иман жоқ, Шатақ дін нәпсі тиған жоқ, Ақылы саудың ойына, Алдамшы діндер сыйған жоқ». Шәкәрімнің сау ақылға ерекше статус беріп отырғаны айқын.

Шәкәрім ақылды субстанциялық болмысында танып, оның басқа да

еркін, азат сияқты акциденцияларымен бірлікте қарастырады: «Еркін ақыл тіпті адаспас, Кезсе кірсіз жарқырап», «Азат ақыл ойланбай мида жатса, Шіріп, тозып тартқызар ол бір зорлық». Ақылдың өзінің жұмсалар орны бар екені, болмаса оның өзі де жайдан жай жоғалмайтыны анық болды. Шәкәрім адам болмысындағы ақылдың орнын ерекше бағалаған. Ақылды құсым деген, ақылды айнам деген, тіпті адам өмірін түзеуге, олардың тату тұруына апарар жолды да арлы ақыл деген: «Ақыл құсы адаспай аспандаса, Әлемде нәрсе болмас оған таса, Жеті көк жерден оңай басқыш болып, Ғарышқа қол жетеді қармаласа», «Келдім қайдан? Қайтсе пайдам? Өлгеннен соң не пайдам? «Мен» деген жан, ақыл-айнам».

Бүгінде адамзат баласы ақылының нәтижесінде ғарышқа да ұшты. Ал, оның пайдасы мен зияны әлі өлшенген жоқ. Шәкәрім тура мағынасында айтып тұр ма, жоқ әлде ақылдың тұтас қуат күшін айтып тұр ма? Мен деген жан, ал айнам дегенде соның көрінісін өмірдегі айтып тұр ма, әлде субстанциялық бірлігін айтып тұр ма? Шәкәрімнің әрбір сауалы жауап та, әрбір жауабы сауал. Шәкәрімнің көркем прозасы «Әділ-Марияда» мынадай фәлсапалық толғаныс бар: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек». Шәкәрімнің Ар ілімінің метакатегориясы осы – Ақыл. Шәкәрім мұрасы берері мол, мәнді құндылық.

АМАНЖОЛ АЙЖАН *– ғалым, филология магистрі. Қазіргі Шәкәрім университетін бітірген. «Шәкәрім және Толстой: көркемдік және эстетикалық үндестік» тақырыбындамагистрлікдиссертацияқорғаған. 2005-2013 жж. Семей қ-дағы Ф.М.Достоевскийдің әдеди-мемориалдық музейінде ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі. 2015-2018 жж. Әлихан Бөкейхан университетіндегі Алаштану ҒЗО-ның директоры. Қазір Астана қ-ғы Білім орталығының басшысы. Ғылыми бағыты: салыстырмалы әдебиеттану, әдебиет теориясы және эстетика. «Шәкәрім және Толстой: әлемгеекі көзқарас», «Шәкәрім және Толстой: көркем аударма ерекшеліктері», «Шәкәрім, немесе Мұтылғанның өмірі», «Шоқан және Түрк әлемі», «Ф.М.Достоевский шығармаларының қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері», т.б. еңбектердің авторы. Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай Мәскеуден жарық көрген «Познание Абая – познание самого себя» жинағына, Шәкәрімнің 165 жылдық мерейтойына орай Мәскеуден жарық көрген «Родник по имени Шакарим» жинағына мақалалары енген.*

АБАЙ – ТОЛСТОЙ – ШӘКӘРІМ: РУХАНИ ҮНДЕСТІК

Сөз өнерінде үш ғұламаның рухани үндесуі ерекше құбылыс. Үш суреткердің рухани үндесудің алтын өзегі – данышпан Шәкәрім. Осылай деп айтуға бірнеше фактор негіз болып отыр.

Факторлардың ең бастысы – ұстаздық феномені. Шығыс-түрік әлемінде ұстаз ұғымына құрмет аса биік. Осы жолмен келгенде, өзі ойшыл, өзі ақын Шәкәрім хакім Абайды да, атақты орыс жазушысы Лев Толстойды да ұстазым деп санаған. Әрі өзі ұстаз санаған екі ғұламаның рухани үндестігін де ерте байқаған, екеуінің шығармаларындағы дүниетанымдық мәселелеріне ой көзімен қарап, тереңдігін таныған соң, екеуін де ұстаз ретінде үлкен ізетпен өмір бойы сыйлаған.

* * *

Хакім Абайдың Шәкәрімге ұстаздығы тарихтан белгілі. Қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезов осы феноменді қиын кезеңнің өзінде анықтап атап көрсеткен болатын: «Мұндай ақын – төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия – Абайдың өз балалары. Мұның екеуі де 1904 жылы – Абай өлген жылы өлген. Қалған екеуі Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері» (1, 244).

Сондай-ақ, Шәкәрім өзі де шығармаларында хакім Абай өзінің ұстазы екенін айтып отырған. Соған дәлел ретінде, Шәкәрімнің 19 жасында жазған «Жастарға» өлеңінен мысал келтірейік:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол
табалық,
...Бір білімді данышпан жан табалық.
...Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі
надан,
Жалыналық Абайға, жүр баралық!

Сендерден белгі нең қалар,
Жемтігін жеген жем қалар.
Ақылы дария Абайдан,
Таусылмас қоры – кен қалар! (2,16).

Шәкәрім жастарды Абайдың алдына баруға шақырады. Оның «ақылы дария, қоры көп, қанша алсаң да таусылмайды» деп баға береді. Бұл – ұстазға деген құрмет.

* * *

Шәкәрім Лев Толстойды да ұстаз санап, ерекше құрметтеген. Л.Толстойдың шығармаларын аударған, оған хат та жазған, бірқатар шығармалар арнаған. Мәселен, «Жасымнан жетік білдім түрік

тілін» деп басталатын өлеңінде Толстойды ұстаз тұтқанын анық айтады:

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,
Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың.
Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,
Сондықтан ол иесі терең ойдың (2,139).

Л.Толстойдың терең ойшыл екенін, әрі әділет, ар жолын ұстанған ғұлама екенін атап көрсеткен. Абай мен Л.Толстойдың ғұламалығы Шәкәрімге қатты әсер еткен, сондықтан өмірлік ұстанымында екеуін де үлгі тұтқан. Жалпы, әдебиет тарихында Абайдың Толстой шығармаларын аударғаны туралы, басқа да мәліметтер көп кездеспейді. Әлі де табылмай архивте жатуы да мүмкін. Абай Лев Толстойды жақсы білген. Ол туралы М.О.Әуезов былай дейді: «Мәдениетті адам баласының жалпы тарихы бағалаған Сократ, Аристотель, Пушкин, Салтыков, Толстойларды алдымен аузына алады» деп атап көрсеткен (1, 261).

Шынында, хакім Абайдың бір өлеңінде, яғни «Интернатта оқып жүр» деп басталатын өлеңінде Толстойдың есімі аталады:

«Ойында жоқ бірінің,
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат,
Болсам деген бәрінде ой» (3,69).

Бұл, бірінші фактор. Шәкәрімнің Абай мен Толстойды, яғни екеуін де ұстаз санауы арқылы байланыса келіп, көрініс тапқан рухани үндестік.

* * *

Ал, екінші, әрі негізгі факторға келсек, ол – үш ғұламаның ақиқатты іздеу жолындағы рухани үндестігі. Жалпы адам баласы ақиқатқа ұжымдық таныммен бармайды, жеке көзқарасымен, сеніммен барады. Ал, сол ақиқатқа ұмтылған жеке таным мен сенім жолындағы тұлғалардың «шығармашылық сұхбаты» рухани үндестікке жол ашады. Ең алдымен, Толстойға тоқталатын болсақ, оның орыс әдебиетінің, тіпті әлем әдебиетінің мәдени мұрасына айналған көркем шығармаларымен қатар, «Исповедь», «В чем моя вера?», «Путь жизни» сияқты, тағы басқа, ақиқат жолын іздеуге арналған терең діни-дүниетанымдық еңбектері бар. Толстойдың адамзат қалай бақытты болады деген ізденістеріне философ В.Г.Анишкин былай баға берген: «В основе учения Льва Толстого – понятие веры, смысл которой в значении того, что такое человек и в чем смысл его жизни. Смысл жизни Лев Толстой видел в свободном объединении людей на основе любви, в слиянии с Богом путем создания в себе разумно-божественного начала» (4, 237).

Академик Ғарифолла Есім өзінің «Хакім Абай» деген еңбегінде «Абай – әлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік фәлсапалық түйіндері бар ғұлама» дейді(5,78). Шынында, Абай тек қана қазақтың бас ақыны ғана емес, әрі ойшылы. Міне, осы ойшылдығы Толстойдың көзқарасымен үндесіп жатқанын байқаймыз. Абай дүниетанымындағы сенім мен таным бірлестікте, оның: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп басталатын өлеңі соның бір дәлелі. Хакім Абай Жаратушының барлығына ешқандай күмәнсіз сенеді. Алла Тағала адамзатты махаббатпен жаратқан дейді ақын. Алла Тағала адамзатты махаббетпен жаратса, онда олар да татулықта өмір сүруі қажет дейді. Толстойдың көзқарасымен үндесіп жатқанын байқаймыз. Қазақ ғұламасының осы ойлары айтылған өлеңінде жер бетіне нұр боп шашылған мынадай сөз бар: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп». Бұл, Толстойдың адам баласы татулықта өмір сүру керек деген көзқарасымен де үндесіп кетеді. Екі ғұлама, хакім Абай мен орыстың атақты ойшылы Лев Толстойдың рухани ізденістеріне, Шәкәрім өзінің адамгершілік туралы ізденістерімен келіп қосылады. «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» деген фәлсапалық еңбегінде Шәкәрім былай дейді: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде осы үшеуі болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ» дейді (6,63).

* * *

Үш ғұламаның рухани үндестігінің, біріне-бірінің жақындығын көрсететін үшінші фактор – адамгершілік(адамдық) мәселесі. Адамгершілік сияқты үлкен ұғымды қарастырсақ оның тамыры этикалық білімге, метафизикаға қарай тереңдеп бойлап кетеді. Олай болатын себебі, адамгершілік ұғымын дін де, философия да, шығармашылықтың басқа салалары да нақты дефиниция қойып анықтай алмайды. Барлығы ізденіс жолында. Адамгершілік ол – адамның болмысы. Тіршілік барысында ол оны жоғалтады, не – молайтады. Мүмкін адамгершіліктің генезисі – Жаратушыдан. Ол, әрине, адамзатқа құпия.

Адамгершілікті жоғалтудың да, табудың, оған ұмтылудың да жолы мың сан. Мәселен, Шәкәрім айтады: «Еріншектен салақтық, салақтықтан надандық, жоғалар сүйтіп адамдық». Бұл – адамдықты жоғалтудың қауіпті жолы сияқты.

Сонымен қатар, Шәкәрім қайтсе адамзат адамгершілікті жоғалтпайды деген ізденіс үстінде, адамзаттың адамгершілік жолында түсуіне бағдар берер таным жолын ұсынады. Шәкәрім өзі ұстаз санаған хакім Абай мен атақты орыс жазушысы Лев Толстойдың адамзат қайтсе бақытты өмір сүреді деген ізденісіне, үлкен рухани үндестікпен келіп қосылған. Шәкәрім осы еңбегінде мынандай терең ой айтқан: «Адал еңбек, білім үйренумен қатар, «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек»(6,63). Шәкәрім оны адамзат баласының бақытты болу жолындағы жаңа бір жол ретінде ұсынады.

* * *

Үш ғұламаның рухани үндестігін, жақындығын көрсететін төртінші фактор – әділеттілік мәселесі. Әділеттілік мәселесіне Лев Толстой өте тереңдеп барған. Ол өзінің көркем шығармаларында, еңбектерінде әділеттілік мәселесін көп қарастырған. Өмірінің соңында жазған «Өмір жолы» еңбегінде әділеттілік мәселесін терең, әрі жан-жақты ашқан. Осы еңбегіндегі терең ойлардың басты-басты дегеніне тоқталсақ, олар мыналар: адам баласы бірі-біріне зорлық жасамауы, әділетті болуы; бірі-бірімен сүйіспеншілік қатынаста болу; кез-келген мемлекет күш көрсетуге емес, әділеттілікке негізделуі керек. Орыстың классик жазушысы, ғұлама ойшылы Лев Толстойдың осы даналығымен, хакім Абай мен данышпан Шәкәрімнің де ойлары рухани үндескен. Шәкәрім жоғарыда аталған «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» өлеңінде, Толстой туралы «Жанымен сүйді әділет ардың жолын» деген. Шәкәрім өзі де «Адам немене?» деген өлеңінде «Мылтық билеп тұрғанда, әділет жоқ» деп кесіп айтқан. Шәкәрім өзінің «Үш анық» трактатында былай дейді: «Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім» (6,78). Жер бетіне әділеттілік орнамаса бәрі ойран болатынын ғұламалар тереңнен тартып айтқан.

Хакім Абай да әділеттілікке өте тереңдеп барған, өз өмірінде әділет жолымен жүрген. Мәселен, «Қырық бесінші» қара сөзінде хакім Абай былай дейді: «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезімі. Бұлардың керек емес жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. Бұл ғаделет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил» (7, 218).

Абай-Толстой-Шәкәрім – осы үш ғұламаның үндестігі аса терең. Олардың ойшылдығы жалпы адамзатқа арналған. Қалай болғанда, адам баласы адамдықты жоғалтпайды, қалай әділетті өмір сүреді, жалпы ақиқат қайда деген сауалдарды іздеу жолында олар рухани үндескен.

Данышпан Шәкәрім өзі ұстаздарым деп таныған хакім Абай мен ғұлама Лев Толстойдың терең ойларынан сусындап, өмір бойы ақиқатты, адамдықты, әділетті іздеп өткен. Хакім Абайдан үлгі алған Шәкәрім Лев Толстоймен қандай шығармашылық үндестікте болды, ол – қазақ мәдениетінде аса өзекті мәселе.

* * *

Хакім Абайдың тәрбиесінде болып, кейіннен әлем ойшылдарына бой оздырған Шәкәрімнің Лев Толстоймен

рухани үндестігі ерекше құбылыс. Өнердегі осы екі тұлғаны қазақ мәдениетінде байланыстыра айту қалыпты дәстүрге айналды. Шындығында шығармашылықтағы терең үндестік пен өмір сүру салтындағы ұқсастық, Шәкәрім ойшылдығының орыстың әйгілі жазушысы Лев Толстой көзқарасымен ұштасып өзгеше мәнге ие болғаны да расында мәдениеттегі ерекше айқын құбылыс болғаны рас. Уақыт оза бұл феномен терең зерттелеріне күмән жоқ.

Алайда, осыншама ұқсастықты көре отырып, әрқайсысының өзгешелігін, қайталанбастығын, әрі ешкімге ұқсамас даралығын, яғни, дүниетанымдық арнада олардың өзіндік генетикалық терең болмысы барлығын сезінесіз. Олардың ойтанымы уақыттан озған – еркіндік санамен ерекшеленеді. Екі тұлғаның қай-қайсысысының болмасын шығармасы, кімнің де болса қолына авторы көрсетілмей түскен жағдайда, ол шығарманың қай онжылдықта, тіпті қай жүз жылдықта жазылғанын дөп басып айтуға ешкімнің де жүрегі дауаламас еді. Олар бүгін де аса өзекті. Уақыттан озған еркіндік пен шексіздік – олардың ең басты тұлғалық белгісі. Олардың асыл сөздерінің тәрбиелік ықпалы өздерінің замандастары үшін қандай күшті болса, келешек ұрпақ үшін де ешқашан мәнін жоймақ емес. Өйткені олар сенің өз бойыңдағы қараңғылықты басқаларға қарағанда анық танып, айқын ашып көрсетіп береді. Сен бір уыс боп бозарып, тәубеңе келесің.

Осы үш дана біздің барлығымыз үшін аса қажет өмірлік қазынабайлық, тіпті, оларсыз өмір толық болмастай көрінеді. Міне, осындай қажеттілік бізді олардың асыл сөздеріне қайта-қайта айналып соғуға құштар етеді, олар туралы жазылған әрбір кітап соңғы нүктесіне дейін оқылады, сол жерде бейне бір өз өміріңнің жарқын беттері бардай, армандаған асылың да сонда сақтаулы тұрғандай ұмтыласың. Тылсым сезім мен терең таным өзіне тартады да тұрады. Үш ғұламаның даналық сөздеріне бойлауға құштарланасың, олар туралы жазылған әрбір кітапқа үңіліп, одан тапқан асылыңды ой елегінен өткізе отырып, өзің де толық адамдық сезімде болып, биіктей түсесің.

Шәкәрім үшін Абайдың орны бөлек. Ал, Шәкәрім мен Толстойдың үндестігіне келсек, олар өзгеше екі мәдени және діни дәстүрдің тұлғалары. Толстой алдымен Шәкәрім үшін еуропалық мәдениет әлеміне жол ашқан жазушы болды, екіншіден, әрі ең бастысы, ойшылдық жағынан екеуі соншалықты үндес болған. Шәкәрімнің Толстойдың ертегілерін аударғанда субстанциялық ойға, оның метафизикалық мәніне ерекше көңіл аударған. Бұл, екі ойшылғұламаның фәлсапалық сұхбатындай әсер қалтырады. Басты мақсат, хакім Абай айтатын адамзатты бөлмей-жармай тұтас сүю. Адам баласына деген шексіз мейірім. Даналардың рухани үндестігі осында жатыр.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1967, - 391 бет.

2. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: «Елшежіре», 2008. Т.1. – 480 бет.

3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 1995. – 336 бет

4. Анишкин В.Г. Великие мыслители. – Ростов на Дону: Феникс, 2007. -333 стр.

5. Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 бет.

6. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: «Елшежіре», 2008. Т.2. – 512 бет.

7. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. – 1995. – 340 бет.

ЕРБОЛ ТІЛЕШОВ, *белгілі ғалым, қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Тіл саясаты комитетінің төрағасы. Ғылыми бағыты: алаштану, әдебиет теориясы, тілтану, ғылым методологиясы. 1996-99 жылдары ҚР Ұлттық ғылым академиясының дарынды жас ғалымдарға берілетін арнаулы стипендиясына ие болды. Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жөніндегі Ұлттық комиссияның мүшесі. Қазіргі Сәкен Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ-де, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-де ұстаз әрі ғылыми институттарда басшылық қызметтер атқарды. Сондай-ақ, Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасы басшысы, Ұлттық ғылыми-практикалық орталықта бас директоры қызметін атқарды. «Суреткер және көркемдік әдіс» монографиясының, «Алаш туы астында», «Қайнар» ғылыми зерттеу еңбектердің, «Алаш қозғалысы» энциклопедиялық анықтамалығының, «Алаштың ардағы» танымдық жинағының, 200-ден астам ғылыми мақалалардың авторы. Автордың «Алаш қозғалысы: басталуы, тұтастығы, қатысушылары» мақаласы энциклопедиялық масштабымен, концептуалды тұжырымымен ерекшеленеді.*

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ: БАСТАЛУЫ, ТҰТАСТЫҒЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Қозғалыстың басталуы

Алаш қозғалысы сияқты ұлт тарихындағы аса ірі оқиғаға қатысы бар мәселелердің барлығына шынайы, толымды баға берілуі қажет. Осы ұлт-азаттық қозғалысының әлі де ғылыми тұрғыдан мейлінше нақтыланбаған негізгілерінің қатарынан орын алатын үш мәселеге тоқталмақпыз. Олар: қозғалыстың басталған уақыты және сол бастапқы кезеңге енетін оқиғалар, «Алаш қозғалысы» деген атауға ие боларлық дербес, тұтас үдеріс ретіндегі сипаты және қозғалысқа қатысқандардың мүмкіндігінше толық тізімі.

Қозғалыстың бастауы туралы айтқанда, ең алдымен, Алаш қайраткерлерінің еңбектеріне үңілгеніміз жөн. Өйткені, олардың еңбектерінен қозғалыстың қайнар көздері жөнінде бізге тірек боларлық деректер табамыз. Айталық, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан 1905 жыл туралы: «*Бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді*» [1,283] десе, Міржақып Дулатұлы: «*Жұртқа бірдей жақсылық таңы атқан 1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да басқалардың дүбіріне елеңдеп, солардың ісіне еліктеп ұлт пайдасын қолға ала бастады» деп жазды* [2, 99]. Осыларға ұқсас ойларды М.Тынышпайұлы, Х.Досмұхамедұлы пікірлерінен де кездестіреміз. Осыдан шығатын қорытынды: Алаш қайраткерлерінің өздері ұлт-азаттық қозғалыстың 1905 жылдан басталғанын меңзейді. Алаш қозғалысының басталған уақыты жөнінде қазіргі алаштануғылымында бірнеше пікір орын алып жүр. Көрнекті алаштанушы ғалым М.Қойгелдиев өз зерттеулерінде Алаш қозғалысы тарихын 1905 жылдан бастайды [3,95]. Түркиялық ғалым қандасымыз Ә.Қара Алаш қозғалысын 1913 жылы «Қазақ» газетінің шығуымен байланыстырады. Сондай-ақ, қоғамда Алаш қозғалысын «Алаш» партиясымен, Алашорда үкіметімен бір құбылыс ретінде қабылдап, жалпы қозғалыстың тарихын 1917 жылмен байланыстыратын көзқарастар да байқалып қалады. Енді осыларға тоқталайық. Профессор Ә.Қара «Алаш қозғалысының соңғы түйіні – Мұстафа Шоқай» мақаласында қозғалыстың бастауы жөнінде: «*Алаш қозғалысы қай жылдарды қамтиды? Егер бұл сұраққа Мұстафа Шоқайды қоспай жауап қайтарар болсақ, ол 1913-1918 жылдарды қамтиды.Оның «Қазақ» газетімен тығыз байланысты екенін айт-*

сақ қате болмас. Өйткені Алаш көсемдері сол журнал маңайында 1913 жылы жиналып, халықтың басын қосты. Кейін бұл басқосу Алаш Партиясы мен Алаш Орда үкіметін дүниеге келтірді. Ал большевиктердің қысымымен 1918 жылы партия, үкімет және газет тарқап кетеді. Демек Алаш қозғалысы Шоқайды қоспай айтсақ бес жылдық бір мерзімді ғана қамтиды» [4, 55] деп жазады. Алаш қозғалысының тарихына жіті үңілсек, онда шетелдік ғалыммен келісу қиын. 1913 жыл Алаш қозғалысының үні болған, қозғалысқа қарқын үстемелеген, қозғалыстың жалпыұлттық сипатқа ие болуына аса айрықша үлес қосқан «Қазақ» сынды тарихи басылымның шыға бастаған жылы. Оны қозғалыстың басталу мерзімімен тікелей байланыстыруға болмайды. Сондай-ақ, оның қозғалыс тарихын 1918 жыл деп осы жылы «партия, үкімет және газет тарқап кетеді» дегеніне де қосылмаймыз. Аталған жылы «Қазақ» газеті шығуын тоқтатқанымен Алашорда үкіметі тарқаған жоқ. Ал «Алаш» партиясына келсек, 1917 жылы Бірінші жалпықазақ сиезінде Құрылтайға депутаттар ұсынған бұл партия осы жылдың күзінде бағдарламасының жобасын дайындағанымен, Екінші жалпықазақ сиезінен кейін Алаш қозғалысы тарихында партия емес, Алашорда үкіметі алдыңғы қатарға шықты. Семейдегі Алашорданың кіндік үкіметі 1919 жылы жұмысын тоқтатқанымен, Алашорданың Батыс бөлімшесі 1920 жылдың басына дейін өмір сүрді. Бұл – бір. Екіншіден, Алаш қозғалысын бір ғана Мұстафа Шоқайдың қайраткерлігімен байланыстыруға келмейді. Алаш қозғалысының бастауында саясатқа М.Шоқайдан бұрын араласқан Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Б.Құлманұлы, Ш.Қосшығұлұлы, О.Әлжанұлы, М.Тынышпайұлы, Ж.Ақпайұлы, М.Дулатұлы, Ж.Досмұхамедұлы, Х.Досмұхамедұлы т.б. тұрғандығын ұмытпағанымыз жөн. Олар, біздің ойымызша, ұлт-азаттық қозғалыстың алғашқы аға буын өкілдері де, Мұстафа Шоқай кейінгі буынның көрнекті өкілі. Оның эмиграциядағы 20 жылға жуық күреске толы өмірі ұлтымыздың азаттық идеялары тарихындағы аса бір жарқын беттер. Дегенмен, ол жылдарды Алаш қозғалысы ауқымындағы уақыт деп бағалауға бола қоймас. Сонымен бірге, тұтас Түркістан идеясын насихаттаған М.Шоқай мен қазақтың ұлттық мемлекетін құру үшін күрескен Алаш қайраткерлері арасында өздеріне тән идеялық ерекшеліктер бар екендігін де ұмытпайық.

Ұлт тарихындағы қандай да бір ірі құбылыстың орын алуы ұлттың өзінің ішкі тарихи, қисынды эволюциясынан өрістемек. Алаш қозғалысы сияқты аса ірі саяси, рухани құбылыстың басталуы, әлбетте, ең алдымен қазақ халқының сол тұстағы тарихи қажеттілігі тудырған қисынды құбылыс. Ресей отаршылдығының езгісі Алаш қозғалысына дейін қазақ даласында ғасырдан астам уақыт жүргізілген. Бірақ Алаш қозғалысы сипатындағы құбылыстың тууы тек XX ғасырдың басында ғана мүмкін болды. Себебі, дәл осы кезеңде ұлт тарихының қозғаушы күші боларлық жаңа типтегі тұлғалар шоғыры қалыптасты.

Ал Алаш қозғалысы қай кезге дейін жалғасты десек, онда Алашорданы таратқан Қазақ өлкесін басқару жөніндегі төңкерістік комитеттің 1920 жылғы 5 наурыздағы шешімін атаймыз. Бұдан соң кеңестік Ресей құрамындағы кеңестік социалистік автономия құрылды. Алаш қайраткерлерінің басым көпшілігі кеңес жағына шықты, қызметке араласты. 1920 жылдары Алаш зиялыларының шығармашылығы ұлттық мазмұнда болғанымен, олар негізінен, бұрынғыдай күрескерлік бағытында емес, таза көркем және ғылыми шығармашылық мазмұнында болды. Сондықтан біз Алаш қозғалысын 1905 жылғы қазақ даласындағы құзырхат, сиез, басқосулар сияқты отаршыл саясатқа қарсылықтағы саяси шаралардан бастап, 1920 жылдың көктеміне дейін жалғасқан мақсатты, үздіксіз қозғалыс.

Алаш сынды ұлт тарихындағы ірі азаттық қозғалысының тарихын бірер жылға сыйғызудың жөні келмейді. Мұндай қозғалыстардың түптамыры тереңде болмақ. Жоғарыдағы пікірлерге аялдасақ, онда қозғалыс тарихын 1913

жылдан да, 1917 жылдан да бастау аса дәл пікірлер емес. Себебі, 1913 жыл Алаш қозғалысының үні болған «Қазақ» газетінің шыққан жылы. Егер газет шығару бастамасын қозғалыстың қайнар көзі ретінде қарастырсақ, онда Ахмет Байтұрсынұлы және оның серіктері газет шығаруды аталған жылдан әлдеқайда бұрын қолға алған, жоспарлаған. Дегенмен, отаршылдық саясат газет шығаруға 1913 жылы ғана мүмкіндік берді. Ал 1917 жылға келетін болсақ, бұл жылы облыстық қазақ сиездері ұйымдастырылды, Бірінші жалпықазақ сиезінің күн тәртібіне қазақ саяси партиясы мәселесі қойылып, Екінші жалпықазақ сиезінде Алаш автономиясы жарияланып, Алашорданың Халық Кеңесі құрылды. Алаш қозғалысының тарихындағы бұл маңызды саяси оқиғалар – осы жылы ғана пайда бола салған құбылыстар емес, белгілі бір уақыт дайындаған оқиғалар еді. Рас, осы оқиғалар көпжылдық ұлт-азаттық қозғалысына «Алаш» деген атау берді. Құбылыстың ертерек пайда болып, оған атаудың кейінірек беріле жататынына төл тарихымыздан да, әлемдік тарихтан да жеткілікті мысалдар келтіруге әбден боларлық.

1905 жыл – қазақ тарихы үшін аса айрықша жыл. Дәл осы жыл қазақ баласының өз құқы үшін саяси күреске шыға алатындығын байқатты. Осы жылдан бастап, қазақ оқығандарының отаршылдыққа қарсылық жолында бұрын-соңды болмаған жаңа күрес жолын таңдағанын аңғарамыз. Алдымен 26 маусымда Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақпайұлы, О.Әлжанұлы, М.Дулатұлы бастаған азаматтар Қоянды жәрмеңкесінде, кейінірек тарихқа «Қарқаралы құзырхаты» деген атпен енген хат жолдады. Хатқа 12767 адам қол қойған. Қазіргі кездің өзінде мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты ұйымдастырылатын митингілерге бірнеше мың адам ғана жиналып, бірнеше мың адам ғана әлгіндей хаттарға, үндеулерге қол қояды. Ол кездегі қазақтан қазіргі қазақтың саны екі еседен астам екендігі, бүкіл Қарқаралы округіндегі тұрғындардан Алматы мен Астананы айтпағанның өзінде бүгінгі Қазақстанның кез келген қаласының тұрғындары әлдеқайда көп екендігін ескерсек, Ә.Бөкейхан бастаған топтың елдік мүдде жолында бұқара халықты қалай жұмылдырғанына қайран қалуға болады. Құзырхатта тұңғыш рет кешенді түрде дін бостандығы, ана тілінде білім алу, қазақтың өз жеріне өзі иелік етуі сияқты аса маңызды ұлт тағдырының шешуші мәселелері көрсетілді.

«Қарқаралы құзырхатынан» соң ілешала шілде айында осындай талапхат 42 болыс өкілдерінің қол қоюымен Ресей үкіметіне жіберілді. Осы құжатты «Қарқаралы жеделхаты» немесе «Болыстар құзырхаты» деп атауға боларлық. Осы құзырхаттардан кейін Қазақстанның оңтүстігінде де, орталығында да, батысында да қазақ халқының теңсіздігін айтқан, құқығын талап еткен хаттар дайындалып, отаршылдық үкіметке жолдана бастады. Айталық, Лепсі уезі қазақтарының шағымы. Бұл құжатқа Жетісу облысы Лепсі уезі қазақтарынан 1000 адам қол қойған. Сонымен бірге, осы кезеңде Орал және Торғай облыстары қазақтарының да талапхаты жазылды. М.Тынышпайұлының Министрлер кеңесінің төрағасы атына жолданған хатын да аталған жылғы деректердің қатарына қосуға боларлық. Ұлт тағдырына алаңдаған 26 жасар студенттің бұл хатынан отаршылдық биліктің қазаққа жасап отырған басынушылық әрекеттерін аңғарамыз. Бес пункттен тұратын хатты М.Тынышпайұлы: «*6 миллион қырғыз халқын ескерусіз қалдырмауды, оның өкілдері жалпы мемлекеттік құрылысқа қатысты мәселелерге де, соның ішінде, қырғыз халқын басқаруды қайта қарау мәселелеріне де өз пікірлерін білдіруге және қатысуға мүмкіндік алуын* әділеттілік талап етеді» деп аяқтайды [5,33]. Сонымен бірге, осы жылдың қараша айында Санкт-Петербургте өткізілген автономияшылар сиезінде М.Тынышпайұлы «Қырғыздар және азаттық қозғалысы» тақырыбында баяндама жасап, онда қазақ халқының құқығы өрескел бұзылып жатқанын ашына жеткізіп, соған байланысты қазақ даласының әртүрлі өңірлерінен Ресей үкіметінің саясатына қарсылық ретінде 25 мыңнан астам қазақтар қол

қойған құзырхаттардың жолданғанын келтіреді. Жалпы, М.Тынышпайұлының бұл баяндамасы – отаршылдық саясаттың қазаққа жасап жатқан қысымын жан-жақты көрсеткен және елдің осы саясатқа қарсылығын көрсеткен біз білетін тұңғыш баяндама болатын.

Ұлт-азаттық қозғалыс тарихындағы 1905 жылдың айрықша маңызы тағы бір саяси оқиғадан көрінеді. Бұл осы жылдың желтоқсан айында Орал қаласында «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының» құрылуы және соған орай сиез өткізілуі. Әлбетте, бұл шағын құрамдағы сиезді қазіргі түсінікпен емес, сол кездегі жағдаймен бағаласақ, онда Оралдағы саяси жиын қазақтың саяси тарихындағы алғашқы сиез болмақ. Бұл сиезде партияның бағдарламасы қабылданып, азаматтардың басты еркіндіктері, патшалықтың қалпы, халықтың өзін-өзі билеуі, сот, дін, жер, алым-салық, жұмысшылар, мектептер, партия жұмысы сияқты мәселелер қамтылған. Бұл бағдарлама – қазақ тарихындағы ең алғашқы саяси бағдарлама болса керек. 1905 жыл Қазақстанның бірқатар жерлерінде болған саяси басқосулармен де есте қалды. Олар 1905 жылдың қазан айында патша үкіметінің манифесті жарияланғаннан кейін қазақ зиялылары ұйымдастырған шерушер еді. Мұндай саяси басқосулар қазанның соңында Омбы қаласында, 7 қарашада Павлодарда, 11 қарашада Баянауылда, 14 қарашада Қарқаралыда ұйымдастырылды. Саяси шерулердің өтуіне Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақпайұлы сияқты азаматтар ұйымдастырушылық және қайраткерлік пәрмен танытты. Бұл саяси басқосулар Қарқаралы, Жетісу, Орал, Торғай өңірлерінен жолданған құзырхаттардың табиғи жалғасы болды. Қозғалыстың бастауы болған «Қарқаралы құзырхатының» Арқадағы Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келу себебін айтсақ, оның тарихи әрі географиялық уәжі бар. Қоянды жәрмеңкесі бай мен бағланның жиналатын жері ғана емес, қазақтың ақыны, өнерпазы, елшіл азаматтары да шоғырланатын тұсы. Мұнда қаражат пен малдың ғана әңгімесі емес, елдік мәселелер де көтерілетін. Бұл – бір. Екіншіден, Қарқаралы түбіндегі Қоянды жәрмеңкесі – 1898 жылы Санкт-Петербургтің орман шаруашылығы институтының экономика факультетін бітірген Әлихан Бөкейханның, 1902 жылы Ресей астанасындағы бас университеттің заң факультетін үздік аяқтаған Жақып Ақпайұлының ауылдарына іргелес жатқан мекен. Сондай-ақ, дәл осы кезде Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралыда ұстаздық ететін. Сондай-ақ, Қарқаралы жалпы қазақ жеріндегі сол кездегі білім мен мәдениет ошақтарының бірінен саналатын. Міне, осы факторлардың барлығы «Қарқаралы құзырхатының» дүниеге келуінің алғышарты болды.

1905 жылғы желтоқсан айында Б.Қаратаев, Н.Ипмағамбетов, Ғ.Бердиев Оралда «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құруға байланысты сиез өткізгенін ілгеріде жазған болатынбыз. Бұл сиезге болашақта Алаш қозғалысының қайраткерлеріне айналатын бірқатар азаматтар қатысты. Солардың бірі – Х.Досмұхамедұлы. Ол кейінірек өзінің саяси жолға түсуі жөнінде: «Мен Петербургке бірінші орыс революциясының қарсаңында келдім... Қым-қиғаш студенттік өмірге араласумен қатар саяси білімді жетілдіруге кірістім... 1905-1906 жылдары мен кейбір қазақ студенттерімен бірге Орал қаласында үгіт жұмыстарын жүргізіп, халыққа елде болып жатқан оқиғаларды түсіндірдім» дейді [6, 34]. Дәл осы кезеңде Ж.Ақпайұлының, Р.Мәрсекұлының де ұлттық мүдде жолындағы күресін бастағандығын аңғарамыз. Мәселен, академик К.Нұрпейіс «Алаш һәм Алашорда» монографиясында Ж.Ақпайұлының 1905 жылы Павлодарда, Баянауылда, Қарқаралыда қазақ халқының теңдігі мен азаттығы жөнінде сөз сөйлегенін, Р.Мәрсекұлының Семейде сайлауды қазақ пайдасына сай өткізу жөнінде ұсыныс білдіріп сөйлегенін келтіреді [6, 38-39].

Жоғарыда баяндалған саяси шаралар Алаш қозғалысының 1905 жылдан басталғанын нақты дәлелдейді. Бүгінде сандаған зерттеулерге арқау болған біз білетін Алаш қозғалысының барлық

атрибуттары тура осы жылы қалыптаса қалды деп, әлбетте, айта алмаймыз. Әрбір құбылыстың туу, қалыптасу және даму фазалары болатындығы белгілі. Алаш қозғалысы да осындай міндетті фазалардан, табиғи кезеңдерден өтті.

Қозғалыстың тұтастығы

Қандай да болсын тарихи, саяси, қоғамдық құбылыстың тұтас бір құбылыс атануы үшін оны сипаттайтын ортақ белгілердің болуы шарт. Яғни, біз бүтін құбылысты қалыптастыратын, құрайтын бөлшек-белгілерді нақтылап, олардың шынында да бір-бірімен байланысты, сабақтас, құрамдас екендігін айқындап алғанымыз абзал. Осы тұрғыдан келгенде «Алаш қозғалысы» атты тарихи, саяси, рухани құбылысты қалыптастырған, өрістеткен, тұтастырған белгілерді түгендеуіміз қажет.

Алаш қозғалысының қазақ тарихындағы саяси һәм рухани үдеріс ретінде 1905 жылдан басталып, 1920 жылдың көктеміне дейін жалғасқан тұтас тарихи құбылыс екендігін дәйектеу үшін мынадай мәселелерді көлденең тартып, оларды шешуге тырысамыз. Олар: *1) Қозғалыстың басында тұрған және оны өрістеткен тұлғалардың бірлігі мен тұрақтылығы; 2) Қозғалыстың басталған уақыты және аяқталу кезеңі; 3)Қозғалыстың басты идеясының* жалғаспалылығы мен үздіксіздігі. 4) Қозғалыс мұратын жүзеге асырудағы амалдар мен тәсілдердің сабақтастығы; 5)Қозғалыстың жалпыхалықтық сипат алуы; 6) Қозғалыстың мәдени-рухани сипаты. 7) Қозғалыс атауы. Алаш қозғалысын тұтас үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін осыларды пысықтап көрейік.

1) Қозғалыстың басында тұрған және оны өрістеткен тұлғалардың бірлігі мен тұрақтылығы. Қандай да бір тарихи үдеріс бір ортақ атауға ие болуы үшін оны қалыптастырған негізгі тұлғалардың шоғыры болуы тиіс. Мақсаты бір, ниеті ортақ, мүдделес осындай тұлғалар сол саясиқұбылыстыңжолдарыментәсілдерін айқындайды. Қозғалыстың басында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Б.Құлманов, О.Әлжанұлы, Н.Ипмағамбетов, Ғ.Бердиев, М.Тынышпайұлы, Ж.Ақпайұлы, М.Дулатұлының болғанын сол кездегі тарихи оқиғалардан айқын аңғарамыз. Осы аталған тұлғалар және тағы да басқа қайраткерлер 1905 жылдан бастап белсенді саяси күреске шықты және олар 1917 жылдың көктемінде еліміздің әр түкпірінде облыстық қазақ сиездерін ұйымдастыруда айрықша белсенділік танытты, алдымен азаматтық, сосын қазақ комитеттерін, «Алаш» партиясының жергілікті ұйымдарын құруға атсалысты және оларды басқарды. Сонымен бірге, олар Бірінші және Екінші жалпықазақ сиездерін ұйымдастырып, «Алаш» партиясы атынан бүкілресейлік Құрылтай жиналысына ұсынылды, Алашорда үкіметінің құрамына сайланды. Яғни, 1905 жылы басталған Алаш қозғалысын қайраткерлердің белгілі бір шоғыры дайындап, олардың басым көпшілігі қозғалыстың соңына дейін бастамашылық, ұйытқылық, жетекшілік рөлде болды.

Қозғалыс қарқын алған сайын бұл қайраткерлердің де халық алдындағы беделі өсті, яғни бұқара халықтың оларға деген сенімі беки түсті. Қозғалыстың туу кезеңінен бастап, әсіресе, Әлихан Бөкейханның беделі күшті болғандығы байқалады. Оны Ахмет Байтұрсынұлының Әлиханға арнаған өлеңіндегі мына бір шумақтан айқын аңғарамыз.

Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай!
Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай!
[7, 25], Байтұрсынов А.

Сол күндердің және бір куәсі Қошке: *«Үкіметтің қара құғын жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан»* деп жазады [8,67]. Тіпті 1910 жылы М.Қаратаев: «Тек сен ғана, менің ойымша халықтың сеніміне ие болдың. Өзің ғана халық үшін еңбек еттің деп айтуға хақылысың» деп жазды [5,87-88]. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ішінен Ә.Бөкейханды

осылайша ерекше бөліп атаудың жөні бар. 1905 жылғы отаршыл үкіметке қарсы саяси қимылдардың көпшілігінің басында тұрған осы Әлихан. Ақпан төңкерісі нәтижесінде озбыр империяның патшасы тақтан құлатылғанда халқынан сүйінші сұрап, бірлік пен теңдікке үндеген де Әлекең болатын. Бірінші және Екінші жалпықазақ сиездерін ұйымдастырудың басында тұрған да осы тұлға. Сондықтан да сан жылдық күрес жолындағы саяси һәм рухани серіктері оны Алашорданың төрағасы етіп те сайлады. Алаш қозғалысының басы мен соңына қарасақ, онда оның қай кезеңінен де Әлихан Бөкейханның тұлғасы өзгелерден ерекшеленіп тұрады. Бұл тұлғаның күресі, өз кезегінде, Алаш қозғалысының 1905 жылдан басталғандығына, сөйтіп 1920 жылы аяқталғанына да көрнекі мысал бола алады. Қозғалыстың жалпыхалықтық сипат алуында Әлихан сияқты қайраткерлердің ерен еңбегі мен мақсатты күресі жатыр. Егер Ә.Бөкейхан Алаш қозғалысының саяси көсемі болса, А.Байтұрсынұлы оның рухани көсемі болды. Оған ұлт ұстазының рухани қайраткерлік күресі мен еңбегі толық куә болады.

2) Қозғалыстың басталған уақыты және аяқталу кезеңі. Алаш қозғалысының бастауында болған және «Алаш» партиясын, Алаш автономиясын, Алашорда үкіметін құрған жетекші тұлғалардың саяси күрес тарихын қарағанда олардың 1905 жылдан бастап белсенділік танытқанын жоғарыда айттық. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақпайұлы осы жылғы «Қарқаралы құзырхатын» дайындауды ұйымдастырғаны белгілі. Тарихта «Қарқаралы құзырхатымен» бірге ресейлік патша үкіметіне басқа да осындай жазбаша талаптар жолданғаны бүгін белгілі болуда. Сондай-ақ, 1905 жылдың соңында Орал қаласында Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының құрылуы да Алаш қозғалысының осы жылдан басталғандығын айғақтайды. Б.Қаратаев, Н.Ипмағамбетов, Ғ.Бердиев, М.Тынышпайұлы, Х.Досмұхамедұлы сияқты кейінірек ірі қайраткерлерге айналған азаматтардың да осы жылдан азаттық күресіне белсене араласа бастағанын көреміз.

Екінші жалпықазақ сиезінде құрылған Алашорда үкіметі бірден қызу іске кіріскені белгілі. Алашордашылардың осы кезеңде Ресей билігіне келген большивиктермен күресі Ленин бастаған кеңестік билікті үрейлендірді. 1918-19 жылғы Алашорда мен кеңестік билік арасындағы күрес, тіпті соғыс, келіссөздер Алашорда үкіметінің Алаш автономиясы үшін тынымсыз қайрат көрсеткенін байқатады. Колчак үкіметінің және басқа да саяси, әскери құрылымдардың тұрлаусыздығы, шынайы қалыптасқан жағдай Алаш көсемдерінің кеңестік билікті мойындауына әкелді.

Бұл арада ұлт-азаттық қозғалыс ретінде Алаш қозғалысы өзінің бастапқы және негізгі міндеті - ұлттық мемлекет құрумен аяқталмағанымен, сол Алаш қайраткерлерінің көпжылдық қажырлы күресі қазіргі тәуелсіз қазақ мемлекетінің негізін салғанын ақиқат үшін айрықша атап өтеміз. Ол Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш делегациясының В.Ленинмен келіссөздерінің нәтижесінде ғана мүмкін болған 1920 жылдың 26 тамызында құрылған Қазақ кеңестік социалистік автономиялық республикасы еді. Бұл 1936 жылы 5 желтоқсанда құрылатын Қазақ кеңестік социалистік республикасының да, 1991 жылы 16 желтоқсанда жарияланған Қазақстан Республикасының да негізі болатын. Сондықтан бүгінгі «Тәуелсіздік» деген қазақ баласының мәңгілік аңсарының қайнар көзінде Алаш қозғалысының күресі жатқанын айғақтау, сол қозғалыс ерлеріне құрмет көрсету – егемендігіміздің қадірқасиетін ұғынумен сабақтас.

3)Қозғалыстың басты идеясының жалғаспалылығы мен үздіксіздігі. Қозғалыс бастауынан аяғына дейін негізгі, басты бір идеяны іске асыруға бағытталды, атап айтқанда, қазақтың теңдігі, құқығы, азаттығы. Қозғалыстың түпкі мақсаты – қазақтың дербес ұлттық мемлекетін құру. Осы 1905 жылдан бастап өмірге келген негізгі идея 1920 жылдың 5 наурызына дейін, 2 жыл

3 ай өмір сүрді. Яғни, қозғалыстың өнебойында оның басты идеясының бірлігі сақталды. Қозғалыс ауқымындағы саяси, рухани, ағартушылық оқиғалар бір-бірімен жалғасып, үздіксіз үдерісті қалыптастырды. Сондықтан да біз Алаш қозғалысын 14-15 жылға созылған үздіксіз тарихи үдеріс деп санаймыз. Қозғалыстың үздіксіздігі мен жалғаспалылығы осы кезеңнің әр жылынан, әрбір оқиғасынан байқалады. Оны профессор Д. Қамзабекұлымен бірлестікте дайындалған «Алаш жылнамасынан» айқын аңғаруға болады [9,271-282]. Яғни, бұл ұлт-азаттық қозғалыс белгілі бір идеялар төңірегіне топтасқан ұлт қайраткерлерінің мақсатты түрде үздіксіз жүргізген саяси һәм рухани күресінің жемісі. Тарихи үдеріс ретінде Алаш қозғалысы ішкі дамуында бірнеше кезеңдерді басынан кешірді. Біздің ойымызша, мұндай кезеңдер үшеу. Біріншісі 1905-12 жылдар; екіншісі 1913-16 жылдар; үшіншісі 1917-20 жылдар.

4) Қозғалыс мұратын жүзеге асырудағы амалдар мен тәсілдердің сабақтастығы. Алаш қозғалысы қайраткерлері өздерінің идеяларын жүзеге асыру үшін сол дәуірдің қажет еткен және мүмкіндік берген ауқымы шегінде ұлт азаттығы үшін қажетті саяси, рухани, ағартушылық амалдар мен тәсілдерді жүзеге асырды. Алаштықтардың келешекте жүзеге асырылатын идеяларының басым көпшілігі «Қарқаралы құзырхатынан» көрініс тапты десек боларлық. Осы құзырхатта жазылған талаптар және саяси күрестің дәуірлік қажеттіліктері Алаш қозғалысының басты мұраттарын негіздеп, соған орай күрестің амалдары мен тәсілдерін де қалыптастырды. 1905 жылғы бірінші орыс төңкерісінен кейін империялық биліктің тәртіпті күшейтуі, Алаш қайраткерлерінің саяси күрестен де, рухани-ағартушылық қадамдарға баруына ықпал етіп, енді олар халықты ағарту, халыққа өз құқықтарын білдіру шараларын қарастырып, оларды жүзеге асыруға бағыттады. Атап айтқанда, Әлихан Бөкейханның мақалалары мен аудармалары, Ахмет Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары мен «Қырық мысал», «Маса» жинақтары, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағы!», Ғұмар Қараштың «Бала тұлпары» мен «Аға тұлпары» және «Оян, қазақ!», «Тұр, қазақ!» атауымен жарияланған өлеңдерді, кітаптарды атаймыз. Сондай-ақ, осы кезеңде «Айқап», «Абай» журналдарында, «Қазақ», «Қазақстан», «Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттеріндегі ұлттық ұйысуға, азаттық күресіне шақырған жүздеген мақалаларды қосуға боларлық.

Қайраткерлер мен қаламгерлердің күресшіл рухтағы туындылары алаштықтардың сол кездегі саяси һәм ағартушылық амалдары мен рухани тәсілдерін байқатады. Алғашқыда Ресейдің кіндік үкіметіне құзырхат жазудан бастаған Алаш зиялылары империялық саясаттың 1905-1907 жылдардағы төңкерістерден кейін қатаң тәртіп орнатуынан ендігі жерде ағартушылық жұмыстармен шұғылдана бастады. Бұл ағартушылық жұмыстардың басында Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы тұрғаны, оның қазақ баласының сан ұрпағы сауат ашқан еңбектер жазғаны тарихтан баршамызға да белгілі. Алаш зиялылары халықты насихаттауда баспасөздің мәнін терең түсініп, шамамен 1907 жылдардан бастап қазақ баспасөзін шығаруды мақсат етеді. Бастапқыда «Серке», «Тіршілік», «Қазақстан» сияқты газеттер шығарып, сәл кейінірек «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы» сияқты ұлт басылымдарының жарыққа шығуына қол жеткізеді. «Қазақ» газетінің алғашқы редакциялық мақаласында: «*Әуелі, газет – халықтың сөзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды» дей келе, өздерінің мақсаттарын «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың әруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы*» деп дәуірдің ең зор мақсатын айқындады [10, 10-11].

Қандай да болсын ұлттың азаттық алуы үшін оның серкелерінің саяси сауаты терең, күрестері баянды да тұрлаулы болмағы қажет. Алаш зиялылары ХХ ғасыр басында ілгеріде айтқанымыздай «Қазақ демократиялық-конституциялық партиясын» құрғаны белгілі. Ал Әлихан Бөкейхан сияқты Алаш көсемі сол кездегі Ресейдегі әртүрлі партиялардың жұмысын көріп, өзі кадет партиясына мүше болғаны да тарихтан мәлім. Сол шақта Әлекеңдер, әрине, орыс саясаткерлерінің тәжірибесін бағамдап өз елінде де осындай саяси күшті жасауды мақсат етуі күмәнсіз десек, онда олардың бұл идеясы тарих сәтін салған кезеңде жүзеге асып, «Алаш» партиясын құрғаны да аян.

Қозғалыстың тарихында қазақ қайраткерлерінің Мұсылман бауырлармен жақын араласуы да оның қанатын бекітті. I, II Мемлекеттік Думаға енген қазақ депутаттарының Мұсылман фракцияларына мүше болуы, Петерборда, Мәскеуде, Қазанда, Уфада, Самарада мұсылмандар ұйымдастырған әртүрлі шараларға қатысуы да қазақ қайраткерлерінің қозғалысты өрістетуіне, қажетті саяси болсын, рухани болсын тәжірибе жинақтауларына оң ықпал еткені күмәнсіз.

5)Қозғалыстың жалпыхалықтық сипат алуы. Қозғалыс қайраткерлерінің халықтың өз арасынан шығуы, сондықтан да ел өмірін өте жақсы білуі олардың қоғамды азаттық идеясына иландыруында, қозғалыстың қазақ жерінің барлығын дерлік аймақтарын қамтуында аса маңызды рөл атқарды. Қозғалыс қайраткерлеріне буржуазиялық қатынастар, орыстың буржуазиялық төңкерісі белгілі деңгейде ықпал еткенімен, олар таза буржуазия өкілдері емес-ті. Қазақ оқығандары халықтың ортасынан шыққан, оның мақсат-мүддесін жақсы білетін, дүниеауи, заманауи білім алған, өз ұлтына шын жаны ашитын азаматтар еді. Сондықтан олар қызметті, мансап-мәртебені, шен-шекпенді емес, ең алдымен халқының қамын ойлайтын ұлтшыл тұлғалар болатын. Олай болмаса, Алаш қозғалысын қалыптастырған қайраткерлердің қайсысы болсын орыс үкіметінен шен алуға мүмкіндіктері бар азаматтар еді. Бірақ олар жеке басының мүддесінен халықтық мүддені жоғары қойды және оған аяғына дейін аянбай, талмай қызмет етті. Зиялылардың ұлт алдындағы риясыз еңбегі мен қайраты – қозғалыстың жалпыхалықтық сипатқа ие болуына бастады. Қозғалыстың жалпыхалықтық сипат алуына әдебиеттің ықпалы күшті болды. Ілгеріде айтқанымыздай, А.Байтұрсынұлының, Ғ.Қараштың, М.Дулатұлының, кейінірек М.Жұмабаевтың, С.Торайғыровтың, А.Маметовтың, С.Дөнентаевтың өлеңдері қозғалыс ұрандарының халықарасына таралуына әсер етті. Алаш қайраткерлерінің «Қазақ» кейінірек «Сарыарқа» газеттерін жарыққа шығаруы - қозғалыстың бұқаралық сипатқа ие болуына өлшеусіз үлес қосты.

6) Қозғалыстың мәдени-рухани сипаты. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің барлығыдерлікшығармашылтұлғалареді. Айталық, Ә.Бөкейханның, Б.Қаратаевтың, А.Қалменовтің, М.Тынышпайұлының, Ж.Ақпайұлының, Х.Досмұхамедұлының, А.Бірімжановтың, М.Шоқайдың, Ә.Ермековтің бойында туабітті шешендік, ғылыми дарын бар болатын. Егер бұл азаматтар, мәселен, хандық дәуірде өмір сүрсе, әйгілі би, атақты шешен болар еді деп толық сеніммен айта аламыз. Егер саяси күресті емес, ғылым жолын таңдаса, онда олардан ірі ғалымдар шығары да сөзсіз еді. А.Байтұрсынұлының жанжақты шығармашылық тұлға болғаны, Ғ.Қараштың, М.Дулатұлының және қозғалыстың кейінгі буын өкілдері Ж.Аймауытұлының, М.Жұмабаевтың, М.Әуезовтің ұлттық көркемсөзіміздің аса ірі шеберлері екендіктері мәлім. Алаш қозғалысы тұсында олардың қайраткерлігімен бірге шығармашылығы да сан қырынан ашылды. Қозғалыстың бастапқы кезінде халықты оятуда, елдікке шақыруда әдебиет, оның ішінде поэзия ерекше рөлге ие болғанын ілгеріде жазғанбыз. Өлең сөз қазақ баласын рухтандыруда, өзін-өзі тануда, санасын жаңғыртуда ғаламат қуатқа ие екендігі белгілі. Азаттық қозғалысындағы өлеңнің осындай қуатты қару болғандығын сол тұстағы тұлғалардың өздері де терең

сезінген, оны сол үшін де күрестің қуатты құралы ретінде пайдаланған. Бұл жөнінде: *«Қазақ елінің әр түрлі тұрмыстың жұмбақтарына кездесіп, даң болып тұрған кезінде «Қырық мысал»мен «Оян қазақ!» деп келіп, әлеумет жұмбақтарын шешкендіктен, елді оятқан үлкен күш болды. Тақпақты сүйетін қазақ бұл екі кітапты үлгі орнында ұстап, мысал орнында айтатын болды»* десе, Алаш қозғалысының қайраткері Қ.Кемеңгерұлы [8], Алаш қозғалысын да, оның қаламгерлерінің еңбектерін де коммунистік идеология тұрғысынан бағалаған кітабында С.Мұқанов: *«Ұлтшылдардың ұлтшылдығын көркем әдебиеттен бастауы – көркем әдебиеттің бұқараға әсері тез жайылатындықтан болды»* деп жазыпты [11, 32]. Ілгеріде айтылған А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», М.Дулатұлының «Оян, қазағы!», оларға қоса сол Ахаңның «Масасы», Шәкәрімнің «Қазақ айнасы», Мәшһүр-Жүсіптің «Халахуалы» мен «Сарыарқаның кімдікі екендігі», Ғ.Қараштың «Бала тұлпары» мен «Аға тұлпары», М.Жұмабаевтың «Шолпаны» және «Айқап» журналында, «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттерінде жарияланған сандаған әдеби туындылар қозғалыс идеяларының халық арасына тарап, санасына орнығуына, қазақ даласының бар түкпіріне азаттық пен теңдік ұрандарының жетуіне айрықша ықпал етті. Сол себепті де осы кезеңнің әдебиетін «Алаш әдебиеті» деп атап жүрміз. Бұған қоса қазақ баспасөзінің дүниеге келуі мен қалыптаса бастауын, жазба әдебиеттің бұғанасы бекігендігін, алғашқы әдеби-мәдени кештерді, театрлық қойылымдарды айтсақ, онда Алаш қозғалысының ауқымында саяси күреспен бірге мәдени-рухани жаңғырудың да қатар жүргендігін көреміз. Осы ұлт-азаттық қозғалыстың тарихымыздағы осындай аса іргелі маңызына бойласақ, онда Алаш қозғалысының шын мәніндегі Қазақ Ренессансы болғанына көз жеткіземіз. Осы арада кейбір ғалымдар тарапынан Қазақ Ренессансын Қазақ хандығының құрылуымен, Абай кезеңімен немесе қазіргі кезеңмен байланыстыруұшырасып қалады. Біздің ойымызша, бұл жалпы Ренессанс құбылысының сырын жетік білмеуден болмаса белгілі бір мүддеден туындап жататын пікірлер. Жалпы әлемдік тарихтың даму қисыны сан рет дәлелдегендей, әрбір ұлт өз тарихында бір ғана Ренессансты басынан кешіреді.

7) Қозғалыстың атауы. «Алаш» деген атау ресми түрде ең алғашқы рет 1917 жылы Бірінші жалпықазақ сиезінде саяси партияға байланысты қолданылғаны белгілі. Онда: «*Партия ураны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр*»- деп айтылған-ды [10,414]. Дегенмен, «Алаш» ұғымы қозғалысқа байланысты аталған жылдан әлдеқайда бұрынырақ айтылған. Мәселен, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және тағы да басқа қайраткерлердің еңбектерінде «Алаш» атауы ұлт-азаттық қозғалыс тұсында белсенді түрде қолданылғаны да белгілі.

Қозғалысқа қатысушылар

Қазақтың теңдігі мен азаттығы үшін күрескен әрбір тұлғаны тану, олардың өмірі мен ісіне лайықты баға беру көргенді елдің, мәдениетті жұрттың жоралғысы. Осы реттен келгенде, ХХ ғасыр басында қауымдасып елшілдік ұранын көтерген, Алаш атымен күрес жолына түскен азаматтарымыздың баршасын түгендеу, олардың әрқайсысының тарих пен ұлт алдындағы қайраткерлік, күрескерлік істеріне тиісті баға беру – кешегінің аманаты, бүгінгінің парызы, болашақтың қамы.

Алаш қозғалысына қатысқан барлық азаматтардың есімдерін бүгінгі ұрпаққа таныстыру мәселесі алаштану ғылымында өз деңгейінде қолға алынбай келе жатқан мәселе екендігі белгілі. Қазақ тарихындағы ең ірі ұлт-азаттық қозғалысқа үлес қосқан Алаш азаматтары есімдерінің тізімін жасауды алғаш рет қолға алған көрнекті алаштанушы, академик Кеңес Нұрпейіс болатын. Ол өзінің «Алаш һәм Алашорда» атты іргелі зертте-

уіне қозғалыс мүшелерінің тізімін енгізіп, оны «Алаш қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі» деп атады. Осы тізімде 270 адамның аты-жөндері берілген. Әлбетте, Алаш қозғалысы тарихын зерттеуде бұл тізімнің өзіндік тарихи һәм ғылыми мәні айтарлықтай. Тізімнің алғаш рет 1991 жылы жарияланғанын, яғни елімізде алаштану ғылымы енді ғана қалыптаса бастаған шақта жасалғанын еске алсақ, әрине, оның нақты әрі соңғы тізім бола алмасы түсінікті. Сондықтан аталған тізімге байланысты үш түрлі мәселені айта кету ғылыми ақиқат үшін қажет деп ойлаймыз. Біріншіден, ілгеріде айтқанымыздай, тізім бұдан 30 жылдан астам уақыт бұрын жарияланғандықтан, мұнда Алаш қозғалысына қатысушылар толық қамтылмаған. Уақыттың шамасына қарасақ, оның мейлінше толық болуы мүмкін емес те еді. Оны тізімге жасалған ескертпеде: *«Тізім «Қазақстан коммунисі» (қазіргі «Ақиқат») журналының 1991 жылғы 8, 9, 10-шы сандарында жарияланған, оған осы еңбектің авторы қосымшалар енгізген. Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл тізім келешекте жаңа деректер табылуына орай толықтырыла бермек»* деп ғалымның өзі де атап өтіпті [6, 216]. Бұған қоса тізімдегі тұлғалардың тегі мен атының жазылуында көптеген қателер барын аңғаруға боларлық. Мәселен, Боштаев «Баштаев», Елшіұлы «Емшин», Қоскеев «Қаскеев» деген сияқты. Бұл ғалымның қатесі емес, сол кездердегі құжаттардан келген жаңсақтықтар. Қазіргі еңбектерде олардың есімдері мейлінше дұрыс жазыла бастады. Себебі, одан бері Алаш қозғалысына қатысқандарға байланысты көптеген құжаттар жарық көруде, ғылыми еңбектер қатары көбеюде, зерттеулер жалғасуда. Екіншіден, жоғарыда келтіргеніміздей, тізімнің атауына «ниеттестер» деген тіркеме қосылған. Бұл, әлбетте, ғылыми дәлдікті білдіретін ұғым емес. Бізге Алаш қозғалысы барысындағы шараларға, оқиғаларға, бастамаларға қатысқан тұлғалардың, яғни қозғалысқа қатысушы боларлықтай еңбегі бар азаматтардың мейлінше ғылыми сараланған тізімі қажет. Осындай себептер қозғалысқа қатысқан тұлғалардың мейлінше толымды, ғылыми жағынан нақтыланған тізімін жасауды күн тәртібіне қояды. Үшіншіден, «Алаш қозғалысының мүшесі» деген анықтама да аса дәл емес, біздің ойымызша, қозғалыста мүше емес, қатысушы болады, сондықтан «Алаш қозғалысына қатысушы» деген жөн.

Қозғалысқа қатысушылардың тізімін жасаудағы ең үлкен мәселе – Алаш қозғалысына кімдерді не үшін енгіземіз деген мәселе. Яғни, тұлғаны «Алаш қозғалысына қатысушы» деп танудың принципі мен критериі. Оған, әлбетте, бізге Алаш қозғалысының сипаты, туу, қалыптасу және өрістеу жолдары, осы кезеңдердегі оқиғалар мен құбылыстар тікелей тірек болмақ. Алаш қозғалысының әлгіндей кезеңдеріне ой жүгіртсек, онда біздің топшылауымызша, қозғалыс мүшелеріне мынадай тұлғаларды енгізген жөн сияқты.

Ең алдымен, 1905 жылдан бастап ұлт-азаттық қозғалыс аясындағы оқиғалардың тікелей бастауында тұрған, оған атсалысқан азаматтар Алаш қозғалысына қатысушылардың тізімінен орын алуға лайық деп ойлаймыз;

Екіншіден, 1917 жылдың наурыз-мамыр айларында құрылған қазақ комитеттерінің және кейінірек осы комитеттердің облыстарда, уездерде Алаш комитеттері болып құрылғандағы мүшелері;

Үшіншіден, осы кезеңде Торғай, Жетісу, Семей, Ақмола, Орал, Сырдария облыстарында өткізілген қазақ сиездеріне және ұлт-азаттық қозғалысты қолдап осы облыстық сиездер үлгісінде өткізілген уездік, болыстық сиездерге қатысқандар;

Төртіншіден, Бірінші жалпықазақ сиезі мен Алаш автономиясы жарияланып, Алашорда үкіметі құрылған Екінші жалпықазақ сиезінде партияға және Халық Кеңесіне енгендер және осы сиездерге қатысқандар;

Бесіншіден, «Алаш» партиясын, Алашорда үкіметін қолдаған хазіреттер, ишандар, молдалар және Қазақстанның әр түкпірінен хат жолдағандар және еліміздің әр аймақтарында қолдау шараларын өткізген азаматтар да осы тізімге енуі тиіс деп санаймыз;

Алтыншыдан, бұл тізімге «Алаш» партиясы атынан бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылғандар да кірмек;

Жетіншіден, бұл тізімге Алаш әскерінің жетекшілері мен сарбаздары енеді;

Сегізіншіден, Алаш автономиясының астанасы болып жарияланған Алаш қаласындағы думада, земствода, мектептерде, мешіттерде жұмыс істеген азаматтар;

Тоғызыншыдан, Алаш қозғалысының үні болған «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттерінде жұмыс істегендер;

Оныншыдан, Батыс Алашорда үкіметінің, әскерінің сондай-ақ, «Жымпиты уәлаяты» үкіметінің құрамында болғандар;

Алаш қозғалысы қазақ жерінің барлық түкпірін және барша әлеуметтік орталарды қамтып, шын мәніндегі бүкілхалықтық қозғалысқа айналған. Сол себепті де оны ұлтымыздың сан ғасырлық тарихындағы ең ірі, ең ұзақ, ең пәрменді ұлт-азаттық қозғалыс деп толық сеніммен айта аламыз. Қозғалыстың өзіне дейінгі ұлт-азаттық күрестерден түбірлі айырмашылықтарының бірі – қоғамның алдыңғы қатарлы оқыған санаткер азаматтар дайындаған қозғалыс болуында. Яғни, ХХ ғасырдың басында ұлт тағдыры үшін интеллектуалды топтың тарих сахнасына шығуы, оның бір жағынан, отаршылдық саясатқа қарсы күресуі, екінші жағынан, қазақ қоғамын жаңартуға бел шеше кірісуі - ұлттың есейгенін, өзінің құқығы мен теңдігі үшін зор мақсат қоя алатынын және оны шешуге әлеуеті жететінін толық аңғартты.

Біздің тарапымыздан Алаш қозғалысына қатысушылардың тізімін жасау 2006-2007 жылдардан қолға алынды. Алаш қозғалысы тарихын, қозғалыс қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын арқау еткен ғылыми зерттеулерді, энциклопедияларды, анықтамалықтарды, танымдық еңбектерді, қажетті құжаттарды саралау барысында біз бастапқыда Алаш қозғалысының 583 мүшесінің тізімін дәйектедік. Ол «Руханият» орталығы дайындаған «Алаш» қозғалысы» анықтамалығында алғаш рет жарияланды [12, 174-205]. Осы тізім қазіргі кезде қоры толығып келе жатқан қазақ тіліндегі «Уикипедия» ашық энциклопедиялық сайтында жарияланды. Одан берідегі жылдарда оны толықтыру жұмыстарымен шұғылдандық. Қазір біздің тізімімізде Алаш қозғалысына қатысушы 3069 тұлғаның дерегі бар. Бұл тізім біздің «Алаш туы астында» еңбегімізде жарияланды [9]. Алаш қозғалысына қатысушы әрбір адамның тұсына олардың қозғалысқа қатысы жөнінде мәліметтер берілді. Оған қоса ондай мәліметтерді қайдан алғанымыз жөнінде сілтемелер де қоса ұсынылды. Мәселен, Абылаев Айтқали – Алашорда офицері. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2002. 100-101 б.; Абылаев Сұлтанмұхамет – Бірінші жалпықазақ сиезіне қатысқан; Абылайханов Арынғазы – Семей облыстық қазақ сиезінде облыстық қазақ комитетіне сайланған. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: Алаш, 2004. 1 том, 229 б. деген сияқты. Әлбетте, Алаш қозғалысына қатысқан адамдар саны мыңдап, он мыңдап саналады. Өйткені, тарихи деректерге қарағанда, Алаш халықтық милициясының өзіне Бөкей ордасынан 1000 адам, Орал облысынан 2000 адам, Торғай облысынан 3000 адам, Ақмола облысынан 4000 адам, Семей облысынан 1500 адам, Жетісу облысынан 2000 адам шақырылған. Бұған қоса, Алашорданың әскери жасақтарында да бірне мыңдаған адамдар болған. Сондай-ақ, облыстық, уездік сиездерге қатысқандардың көпшілігінің аты-жөндері бізге жетпеген, тіпті Бірінші жалпықазақ сиезіне қатысқандардың да толық тізімі белгісіз. Жаратқанның жазуымен біздің заманымызға Алаш қозғалысы барысында айрықша еңбек сіңірген азаматтардың есімдері ғана жетсе керек деп ойлаймыз. Бұл тізімнің болашақта толыға беретініне шүбә келтірмейміз. Біз дайындаған тізім осы салада ізденіп жүрген азаматтарға ой салып, олар мұны толықтыруға атсалысса, оларға «Алла жарылқасын» деген тілегіміз бен алғысымызды айтамыз.

Алаш қозғалысы дегенде баршамыздың ойымызға ең алдымен Ә.Бө-

кейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақпайұлы, М.Тынышпайұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Шоқай, Ә.Ермеков сияқты қайраткерлер түседі. Бұл дұрыс та. Дегенмен, бүкіл қазақ даласын қамтыған қозғалысты дүниеге келтірген қайраткерлер тобы болғанымен оның өрістеуіне, бүкіл елді қамтуына жүздеген, тіпті мыңдаған адамдар үлес қосатыны белгілі. Сондықтан Алаш қозғалысы мүшелерінің деректік мүмкіндіктерге қарай баршасын қамту тарихи шындыққа сай болмақ. Әлбетте, Алаш қозғалысының жаны да, жүрегі де оның көсемдері мен қайраткерлері. Енді осы арада Алаш қозғалысының қайраткерлері деп кімді танимыз деген мәселеге жауап бере кеткеніміз жөн сияқты. Біздің ойымызша, «Алаш қайраткерлері» ұғымына осы қозғалыстың басында тұрған, оны қалыптастырған, еліміздің әр өңіріндегі күрестердің жетекшілері болған азаматтар енбек. Олар ұлт-азаттық қозғалыстың бастауы болған сонау 1905 жылдан басталатын саяси hәм рухани шараларды, облыстық сиездерді және Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездерін ұйымдастырған, Алашорда үкіметінің құрамына кірген, Алаш әскерін басқарған, 1920 жылға дейін қазақтың теңдігі үшін күрескен, ұлттық мемлекет құру жұмыстарына аянбай қызмет еткен Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақпайұлы, Ғұмар Қараш, Мұхаметжан Тынышпайұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел және Жанша Досмұхамедұлылар, Уәлитхан Танашев, Халел Ғаббасов, Хамит Тоқтамышовтар. Сонымен бірге, 1905 жылы Орал қаласында «Қазақ констутициялық-демократиялық партиясын» құрудың басында тұрған, оның сиезін ұйымдастырған және кеңес үкіметі орнағанға дейін ұлт-азаттық қозғалысқа белсене қатысқан Ғ.Бердиев, Н.Ипмағанбетов сияқты Алаш қозғалысының аға буын өкілдері. Ұлт-азаттық қозғалыс барысында белсенділік танытып Алаш қайраткерлері деңгейіне көтерілген азаматтардың үлкен бір тобы 1917-1919 жылдар аралығындағы оқиғалар тұсында қалыптасты деуге болады. Бұл ретте «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуына атсалысқан Ә.Көтібаров, А.Сейітов, А.Бірімжанов, С.Қадырбаев, У.Танашев, А.Тұрлыбаев, И.Қашқынбаев, Е.Итбаев, Е.Қасаболатов, Р.Мәрсекұлы, М.Боштаев, О.Алмасов, А.Кенжин, М.Бекімов, Б.Мәметов, О.Әлжанұлы, С.Сабатаев, Б.Нияз-овтарды атауға болады. Бұлардың барлығы дерлік Бірінші жалпықазақ сиезіне қатысқандар, осы сиез атынан бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылғандар, Қазақстанның әр өңірінде ұлт-азаттық күресті ұйымдастырғандар, сондай-ақ олар ірі қайраткерлік еңбектерінің арқасында Екінші жалпықазақ сиезінде Алашорда үкіметінің мүшелері болып сайланғандар. Олардың кейбіреулері әлі күнге дейін көпшілік қауымға, бүгінгі ұрпаққа белгісіз болып, көп жағдайда атаусыз қалып келеді. Себебі, мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында Алаш қозғалысының тарихы өз деңгейінде оқытылмайды, ал оқулықтардағы мардымсыз мәліметтерде, негізінен, 6-7 тұлғаның есімдері ғана аталып жүр. Әрине, бұл әділетсіздік. Мәселен, Уәлитхан Танашев. Қазан университетінің 1909 жылғы түлегі. 1917 жылы сәуірдің басында «Қазақ» газеті «Тұңғыш сиез» деп бағалаған Торғай облысы қазақтарының сиезінде мәжіліс төрағасының орынбасары әрі осы сиезді ұйымдастырушылардың бірі. Бөкей Ордасы қазақтарының сиезінде президиум төрағасы. Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі атқару комитетінің мүшесі. «Шура-и-ислам» ұйымындағы Алашорда үкіметінің өкілі. Алашорда үкіметінің мүшесі. Киевте, Самарада, Челябіде, Петерборда, Уфада өткен бүкілресейлік сиездерге қатысқан. Жоғарыда есімдері аталған бүгінгі ұрпаққа әлі толық белгілі бола қоймаған азаматтардың қай-қайсысы да ұлт үшін сонау қиын-қыстау замандарда тәуекел мен күреске түскен қайраткерлер.

Алаш қозғалысының ірі ұлт-азаттық қозғалысқа айналуы үшін ол бүкіл Қазақстанды қамтуы тиіс екендігі белгілі. Бұл қозғалыстың қазақ елінің барлық өңірлерін қамтуы үшін сол өңірлердегі азаматтар ерекше үлес қосты. Біз Алаш қозғалысына қатысқандар тізіміне еліміздің әр өңіріндегі осындай азаматтарды қосқанымыз абзал. XX

ғасыр басында Қазақстан бірнеше облыстарға бөлінгені белгілі. Олар: Торғай, Орал, Ақмола, Жетісу, Семей, Сырдария облыстары. Алаш қозғалысы тұсында осы облыстардың баршасында қазақ сиездері бірнеше мәрте өткізілді. Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері ұйымдастырған бұл сиездерде қазақтың еркіндік алу, партия құру, кіндік үкімет жасақтау және тағы да басқа дәуірлік мәселелер көтерілген. Сондықтан біз Алаш қозғалысына қатысушылар тізіміне облыстық сиезге қатысқан азаматтарды енгіздік.

Алаш қозғалысының өрістеуіне уездердің де рөлі ерекше болды. Бұл ретте алдымен Қарқаралы, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай, Ойыл, Үржар, Көкшетау, Зайсан, Ырғыз, Қойлық уездеріндегі іскимылдарды айтуға боларлық. Мәселен, Қарқаралыда Қазақ комитеті құрылып, оның төрағалығына көрнекті ақын Нармамбет Орманбетұлы сайланды. Павлодарда Алашорда үкіметін қолдау мақсатында 1918 жылдың 15 ақпанында уездік сиез өткізіліп, қазақ комитеті құрылды. Осы комитет мүшелерінің ұйымдастыруымен жаңадан орнаған кеңес үкіметі құлатылды. Ал осы жылдың маусымында II уездік сиез өткізіліп, осы сиезде Алашорданың Павлодар уездік Кеңесі құрылып, оның төрағалығына Қ.Бердалин сайланды. Алаш партиясын, Алашорда үкіметін қолдаған, жергілікті қазақ, кейінірек Алаш комитеттерін құрған сиездер, басқосулар, кеңестер Қазақстанның көптеген уездерінде өткізілді.Мәселен, Ырғызда, Ақтөбеде, Өскеменде, Қостанайда, Көкшетауда, Зайсанда, Үржарда осындай уездік сиездер ұйымдастырылды. Осы сиездерде белсенділік танытқан азаматтардың бірқатары облыстық комитеттерге сайланды, Екінші жалпықазақ сиезіне де қатысты. Уездермен бірге Алаш партиясын, Алашорда үкіметін қолдаған басқосулар көптеген болыстықтарда да өткізілді. Осы басқосулардың кейбір тарихи құжаттары сақталған. Біз осындай құжаттарда есімдері сақталған азаматтарға да тізімнен орын бердік. Сондай-ақ, Алаш қозғалысы қарқын алған шақта оған қолдау білдіріп, хат жолдаған көптеген азаматтар болғаны белгілі. Айталық, «Сарыарқа» газетінде «Семейдің уездный земствосының мүшелері» делініп 13 адамның атынан «Біз «Алаш» партиясының соңынан ереміз. Анық көш басшыларымыз сонда» деген хат жарияланған. Оған қол қойғандардың ішінде, мәселен, белгілі ақын Көкбай Жанатайұлы да бар.

Алаш қозғалысына қатысушылардың едәуір бөлігі Алаш әскерінде болған азаматтар. Алаш әскері Алаш автономиясының сол кездегі астанасы Семейде және Батыс Алашордада жасақталғаны белгілі. Сондай-ақ, Міржақып Дулатұлы басқарған Алаш милициясының болғаны да мәлім. Семейдегі Алаш әскерін капитан Хамит Тоқтамшев басқарды. Алашорданың Батыс бөлімінің әскері большевиктермен күресте ерекше көзге түскені белгілі. Осы әскери жасақтарды басқарудағы Б.Құлмановтың, Әубәкіровтің, Меңдіқұловтың, М.Көздекеновтің, Қ.Есмағамбетовтің, Ә.Таңқыбаевтың есімдерін айрықша атауға боларлық.

Алаш қозғалысының өрістеуіне, халқымыздың бостандық, теңдік идеяларының төңірегіне топтасуына діни қайраткерлердің де ықпалы айрықша болды. Қозғалыстың өрістеуіндегі ислам дінінің маңызы Алашқа қатысты құжаттардан айқын аңғарылады. Алаш қайраткерлерінің имандылығы мен кісілік қасиеттері – олардың мұсылманша тәрбие мене білім алғанынан дарыған табиғи қасиет. Ұлт-азаттық күрестің бел ортасында қасиетті ислам дінін халыққа таратуда иманды, ағартушылық бағытта тарихи жұмыстар атқарған имамдар, хазіреттер, ишандар болғаны да белгілі. Сондай-ақ, қозғалыстың қарқынды жүруіне, зиялылардың бас біріктіруіне бүкілресейлік Мұсылман сиездерінің, Мұсылман фракциясының, Түркістан мұсылмандары сиездерінің, «Шура-и-ислам» сияқты ұйымның рөлі айрықша байқалды. Діни қайраткер Ш.Қосшығұлұлы I, II Мемлекеттік Думаға депутаттыққа сайланды. Облыстық сиездерде және Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездерінде дін мәселесі - күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі болды. «Алаш» партиясы бағдарламасына дін ісі жеке тарау ретінде енгізілген болатын. Сонымен бірге, дін бірлігі сол тұста қазақ, татар, башқұрт, қырғыз, әзірбайжан т.б. ұлттардан шыққан елшіл

қайраткерлердің ортақ мүдде тұрғысынан серіктесіп, өзара байланыс орнатуларына, азаттық идеясы төңірегінде ұйымдасуларына айтулы ықпал жасады. Мәселен, Торғай облысында өткізілген алғашқы сиезде жергілікті дінбасылармен бірге Қазан мұсылман комитетінен Н.Хальфин, Уфа мұсылман комитетінен Ә.Рахметдинов, Орынбор мұсылман бюросынан «Уақыт» газетінің редакторы Ф.Каримов, Ақмола облыстық сиезіне Омбы мұсылмандар бюросынан өкілдер қатысса, Бөкей Ордасы қазақтарының сиезі және Екінші жалпықазақ сиезі халқымыздың теңдігі мен азаттығы үшін құрбан болған азаматтардың рухына Құран бағыштаудан басталғаны да мәлім. Сонымен бірге, Ташкент маңындағы Қойлықта өткізілген мұсылман сиезі, Жымпитыдағы молдалар сиезі тікелей ұлт-азаттық қозғалысы ауқымында ұйымдастырылды. Осылардың баршасы Алаш қозғалысы барысындағы ислам дінінің айрықша маңызы мен орнын айқындайды.

Алаш қозғалысына қазақтармен бірге өзге ұлт өкілдері де қатысты. Айталық, Алаш әскерін дайындауда орыс офицерлерінің рөлі айрықша болса, қырғыз бауырларымыздың да қозғалыста белсенділік танытқанын аңғарамыз. Бұл ретте, әсіресе, Ишанғали Арабаев, Қасым Тыныстанов сияқты азаматтардың күрескерлігі айрықша.

Қозғалыс тарихына көз салсақ, оған қазақтарихындағы асабелгілітұлғалардың ұрпақтары да белсене қатысқанын аңғарамыз. Мәселен, Кенесары ханның баласы Ахмет сұлтаннан тараған Әзімхан Кенесарин. Ол 1917 жылы Әулиеата уезі қазақтарының сиезін ұйымдастырған, Екінші жалпықазақ сиезіне қатысып, осы тарихи жиында төраға орынбасарлығына сайланған. Әйгілі Мұхит әншінің немересі Мұхитов Ғұбайдолла Батыс Алашорданың қайраткері һәм Алаш полкі жетекшілерінің бірі болған. Абайдың ұлы Тұрағұл. Ол Семей облыстық Алаш комитетінің белсенді мүшесі болған, 1918 жылы Міржақып Дулатұлы, Хайреддин Болғанбаевпен бірге Алашорда атынан Сырдария облыстық қазақ сиезіне және Екінші жалпықазақ сиезіне қатысқан. Бұл тұста қозғалысқа Әбілқайыр хан мен Құнанбай қажының ұрпақтары ең көп қатысқанын айтуға тиіпсіз деп ойлаймын.

Қозғалысқа қатысушылардың күрескерлік еңбегіне шынайы баға беру – жалғаса, жаңғыра беретін жұмыс. Енді олардың әрқайсысы жөнінде ғылыми мақсатты ізденіс жасау – тарихшыларымыздың, сонымен бірге қоғамдық ғылым саласындағы мамандардың міндеті. Себебі, Алаш қозғалысы қашанда қазақпен бірге өмір сүретін ұлттық намыс пен рухтың тарихи һәм өміршең сабағы.

Әдебиеттер

1. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. 3 том. Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2009.
2. Дулатұлы М. Бес томдық шығ. жин. 2 т. Алматы: Мектеп,2003.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат,1995.
4. Қара Ә. Алаш қозғалысының соңғы түйіні – Мұстафа Шоқай // Алаш және Әуезов. Республикалық ғылыми конференция материалдары. Алматы: Жазушы, 2009.
5. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1 том, Алматы: Алаш, 2004.
6. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995.
7. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989.
8. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. Құрастырған Д. Қамзабекұлы. Алматы: Қазақстан,1996.
9. Тілешов Е. Алаш туы астында. Алматы: «Болашақ», 2022.
10. «Қазақ» газеті. Құрастырушылар У. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақов. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
11. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы: Атамұра, 2008.
12. «Алаш» қозғалысы. Анықтамалық. Құрастырғандар: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Алматы: «Сардар» баспа үйі,2008.

ДАРЫН САДЫҚОВ, *философ-ғалым, тарих магистрі. 1995-2000 жж. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін философия мамандығы бойынша бітірген. «Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы» тақырыбында магистрлік диссертация қорғаған. 2004-06 жж. Алматы қ-дағы республикалық дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектепте ұстаздық қызмет атқарған. 2006 жылдан бері, қазіргі Семей қ-дағы Шәкәрім университетінде тұрақты жұмыс істеп келеді. «Жүсіп Баласағұнның ахлақ фәлсапасы», «Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік фәлсапасы», «Жаңа Қазақстандағы дін мәселесі», «Әлихан Бөкейхан мен Барлыбек Сырнттанұлы және олардың демократиялық мемлекет құрудағы идеялары», «Қазақ хандығы – Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің бастауы» т.б. ғылыми-зерттеу мақалалары жарық көрген. Автордың «Алашорда өкіметінің тәуелсіздікті қалыптастырудағы атқарған рөлі» өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленеді.*

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АТҚАРҒАН РОЛІ

Әр мемлекеттің қалыптасу тарихында, мемлекеттілігінің дамуында өзіндік көкейтесті мәселелері болған. XX ғасырдың басында Қазақ елінің тарихи өмірінде елеулі өзгерістерге толы, аса бір алмағайып оқиғалар болған еді. Атап айтқанда, бұл кезеңде Қазақ елінің барлық территориясы Ресей империясының ішкі отарына айналып, өзінің саяси-экономикалық дербестігінен айырылған, орыс мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде танылды. Ресей империясының отарлық саясатының тікелей әрекеті салдарынан, қазақ жерінің пайдаланылуының тартылып алынуы көшпелі қоғамның барлық қатынастарын шиеленіске ұшыратып, жергілікті халықтың монархиялық режимге деген наразылығын күшейте түсті. Жердің тартылуын және одан туындайтын зардаптарды жан-тәнімен сезіне білген қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы ұран көтеріп, саяси-идеялық жағдайды ұлттық мүдденің саяси мақсаттарымен ұштастыруды өздерінің тарихи борышы деп санады.

1917 жылдары Қазақстан Ресей империясының оңтүстік шығысындағы асаіріотарлықаймағыболғандығыбелгілі. Мал шаруашылығындағы экономикалық жетекші саласы болатын. Қазақ жерін отарлаған Патша үкіметі, жерді өздерінің сенімді өкілдеріне айналған бай шонжарларға таратып, өз пайдалары үшін ауылдағы шаруаларды аямай езіп-жаншып, еңбек күшін қолданып тау-кен өнеркәсібін дамытып, темір жол жүйесіне деген сұранысты жүзеге асыра бастаған. Қазақ жеріне орыс, украин және басқа да ұлт өкілдері көшіріліп әкелініп, қазақтарғы егіншіліктің қыр-сырларын үйретіп, өздері қазақтардың ғасырлар бойы жалғасын тапқан мал өсіру әдестерін үйреніп, жеке өндірістерін, кәсібін дамытқан. Осы кезеңде қазақ халқының көтерілуіне себеп болған оқиғалар орын ала бастады. Түрлі ұлт өкілдерінің арасында алауыздықтар туындады, нәтижесінде жергілікті халықтың ата-қонысынынан айырылып қалу қаупі туып, қазақ халқының тарапынан наразылық пен қарсылықтар бастау алды.

Буржуазиялық-демократиялық революцияға ұштасқан Қазақ халқының 1917 жылы ақпандағы көтерілісі, Петроградтағы болған солдаттар мен жұмысшылардың көтерілісі нәтижесінде монархия құлап, тәртіп өзгеріп, қазақ жеріндегі саяси жағдайды толықтай алмасты. Республикалық тәртіпке сай, елде екі үкіметтің құрылуы орын алды. Екі үкімет дегеніміз Уақытша Сібір үкіметі және Петроград кеңесі.

Үкіметтіліктің қосарланып дүниеге келуі ақпан төңкерісінің ішкі қайшылықтарын бейнелейді, елдегі қоғамдық-саяси өмірінің тұрақсыздығын сипаттайды. Бірақ, қосүкіметтіліктің жойылып, екеуінің біреуіне биліктің өтетіндігі саяси тұрғыдан болжалған.

Қазақстандағы саяси күштердің топтасуы мен жіктелінуі орталық аудандармен салыстырғанда айтарлықтай ерекше болды. Қазақстандағы саяси күштердің оң қанаты мен аралық (центристік) топтарының құрамы құбылмалы болғандықтан, олардың ара жігін ажырату қиынға түсетін. Саяси тірегі кадеттер партиясының жергілікті ұйымдары мен топтарынан, Орал, Орынбор, Сібір және Жетісу казачестволарының билеуші элементтерінен, Қазақстанның оңтүстігіндегі (Әулиеата, Черняев, Түркістан, Қазалы) «Шуро-и-Ислам» партиясының жергілікті комитеттерінен тұрды. «Шуро-и-Ислам» партиясының Қазакстандық комитеттері кейде оңшылдардан іргесін аулақ, салып, әсерлермен одақтаса отырып центристік саясат жүргізді. Мұхаметжан Тынышбаев пен Мұстафа Шоқайұлы Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті құрылып, өз қызметін бастаған алғашқы кезенде бүкіл Түркістан өлкесіндегі барлық басқару жүйесінің жұмысын жолға қойып, оны үйлестіру ісімен тікелей шұғылданды. М.Тынышбаев 1917 жылгы 9-16 сәуір аралығында Ташкентте мемлекеттік құрылыс процесін тездету мақсатымен Түркістан өлкесіндегі (оның ішінде Сырдария мен Жетісу облыстарындағы) атқару комитеттері делегаттарының съезін шақырып, оның алғашқы үш күндегі мәжілісін басқарды. Съезге Түркістан өлкесі облыстары мен Бұқара хандығы атқару комитеттерінің 171 делегаты қатынасты. Қатарларында Г.Бройдо, Махмут Бекбуди, Ғубайдулла Ходжаев, Серәлі Лапин сияқты белгілі қайраткерлер бар съезд делегаттары көпұлтты өлкенін демократиялық бірігіуінің күрделі мәселелерін жан-жақты қарастырды. 1917 жылы негізінен сәуір-мамыр айларында өткен облыстық, және уездік қазақ съездерінде құрылды. Атап айтқанда, мұндай съездер сәуір айында Орынборда (Торғай облыстық), Оралда (Орал облыстық), Семейде (Семей облыстық), 27-сәуір – 7-мамыр аралығында Омбыда (Акмола облыстық), т.б. қалаларда болды [1].

Торғай облыстық казақтары өкілдерінің Орынбор қаласында 1917 жылы сәуірдің 2-8-інде аралығында съезі өтті. Мәжілістің төрағасы болып А.Байтұрсынов, оның орынбасарлары болып І-мемлекеттік думаның мүшесі Алпысбай Қалменев және Уәлихан Танашев, хатшылар болып Сейітәзім Қадырбаев, Омар Алмасов және Шафхат Беиухамедов сайланды.

Атап айтқанда, съездің күн тәртібі 14 мәселеден тұрды:

1. Жер-жерлердегі азаматтық комитеттер.
2. Жалпы қазақтық және жалпы мұсылмандық съездер.
3. Мемлекеттік басқару формалары және құрылтай жиналысы.
4. Дін басқарма.
5. Халыққа білім беру.
6. Аграрлык мәселе.
7. Сот.
8. Земство.
9. Баспасөз.
10. Почта.
11. Қоғамдык қаражат.
12. Уездік бастықтар мен зиянды чиновниктер.
13. Соғысқа көзқарас.
14. Қазақтарды тыл жұмысына шақыруға байланысты Торғай облысында болған оқиғалар.

Осы маңызды мәселелер бойынша қабылданған шешімдердің мәні мен мазмұны мынаған саяды:

1). Уакытша үкіметтің жаңа құрылысты, тыныштық пен тәртіпті ... нығайтуға ... бағытталған іс-әрекетін қолдау мақсатында жер-жерлерде азаматтық комитеттер құру кажет. Комитеттерді құру еркі халықтың өз қолында болады.

2). Бүкіл қазак халкын біріктіру, оның мүқтаждықтарын анықтап, шешу үшін жалпы қазақтық съезд шақырылсын. Бұл үшін ерекше ұйымдастыру бю-росы құрылсын. Оған сьезд бағдарламасын жасау мен оның шакыру уақытын және

өтетін орнын анықтау тапсырылсын. Бюро құрамына Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейтәзім Қадырбаев, Омар Есенқұлов, Имам Өлімбеков, Иса Тұрмұхамбетов, Керей Тұрымов сайлансын.

3). 7-8 мамыр аралығында Москвада өтуге тиіс жалпы мұсылмандық съезге ... Торғай облысынан төрт делегат — Ораз Татиев, Сейтәзім Қадырбаев, Аққағаз Досанов және Сұлтанғазы Ысқақов — жіберілсін.

...6). Міндетті түрде бастауыш білім алу керек... мектептерде алғашкы үш жылда оқу ана тілінде жүргізіледі ... Мектептерде ұл балалар мен кыздар бірге оқытылады. Мектептер земстволық және мемлекеттік қаражатпен қамтамасыз етіледі.

...8). Торғай облысында ... земстволық баскару енгізілсін ....». Съезд өз жұмысының соңында 1916 жылғы Торғай облысындағы тылдың қара жұмысына адамдар алуда және Торғай облысындағы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншуда орын алған заңсыздық пен қатыгездікті тексеріп, айыптыларды жазалау үшін ерекше тергеу комиссиясын құруды Уақытша үкіметтен талап етті.

Жетісу облыстық қазақ съезі сәуірдің 12-сі мен 13-і аралығында Верный (Алматы) қаласында болды. Оған облыстың барлық уездерінен 81 делегат катынасты, олардың үштен екісі – 54 адам Верный уезінің өкілдері еді. Жетісу съезінің делегаттары көп жағдайда Торғай съезі талқылаған мәселелерді қайталады. Оған 17 мәселеден тұратын съездің төменгі күн тәртібі дәлел болды.

1). Соғысқа көзқарас.

2). Уақытша үкіметке көзқарас.

3). Жергілікті және өлкелік өкіметке, сонымен бірге атқару комитеттері мен басқа қоғамдық ұйымдарға көзқарас.

4). Россияны басқарудың келешектегі жоғарғы түрі.

5). Рухани-діни іс.

6). Азық-түлік мәселесі.

7). Жергілікті басқару.

8). Сот.

9). Партиялық араздықтыкты тоқтату шаралары.

10). Білім мен оқу ағарту.

11). Облыстағы жер мәселесі.

12). Су мәселесі.

13). Мал шаруашылығы.

14). Отырықшылыққа көшу.

15). Заттай салық.

16). Қырғыздар мен орыстардың қарым-қатынастарын реттеудің жолдары.

17). Босқындарды Қытайдан қайтару тәсілдері [2].

ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының саяси-құқықтық, реформаторлық көзқарастары негізінде ұлттық прогресс, саяси бостандық, отарлық езгінің құрсауынан құтылу және тәуелсіз, ұлттық, демократиялық мемлекет құру идеялары тұрды.

1917 жылы шілденің 21-26 сында Орынбор қаласында өткен бірінші бүкіл қазақтық съезде Алаш партиясы құрылды. Осы партия құрылған 1917 жылдан бастап ол саяси ұйым ретінде өмір сахнасынан кеткен 20-жылға дейін Алаш немесе Алашорда қозғалысы Қазақстан тарихынан орын алды. Сөз жоқ, Алаш партиясының құрылуы қазақ халқы өміріндегі елеулі оқиға болды, өйткені ол тұңғыш ұлттық саяси ұйым еді. Алаш 1917 жылдың жазында қалыптасқан жағдайда халықтың келешек тағдырын анықтауға тікелей қатынасы бар жалпы ұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойып, оларды шешу жолында айтарлықтай қызмет атқарды. 1917 жылғы шілде айынан бастап, Алаш партиясы сол кездегі мүмкіндіктер аясында саяси күреске белсене араласа бастады. Бұл күрестің түпкі мақсаты қазақ халқын отарлық езгіден құтқару мен буржуазиялық үлгідегі оның мемлекеттігіне қол жеткізу болды. Басқа сөзбен айтқанда, Алаш қоғамдық саяси қозғалысының көсемдері сан ғасырлар бойы Россия империясының отары болып келген Қазақстанды тар шеңбердегі таптық тұрғыдан емес, керісінше жалпыұлттық мақсат мүдделер негізінде дербес ел етуге ұмтылды.

Алаштың әлеуметтік тегі туралы мәселеге байланысты ортақ тұжырым қалыптасқан жоқ. Зерттеулердің бірі Алаш ұсақ буржуазияшыл партия десе екіншісі либералдық байшылдық деп бағалады, ал үшіншісі Алашты партия

деуден гөрі қоғамдық-саяси қозғалыс деп анықтауды жақтайтынын білдірді. Алаштың басты идеологиясы отарлыққа қарсы бағытталған жалпы ұлттық идеядан туындады. Сондықтан да Алашты Қазақстанды капиталистік қатынастарға ыңғайлауға тырысқан негізінен ұлттық интеллегенция өкілдерінен тұратын идеологиясы отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлттық-демократиялық саяси ұйым деп анықтауға болады.

Демек Алашты саяси ұйым ретінде қоғамдық қозғалыс дәрежесінен әдеттегі партияға ауысу кезеңін бастан кешірген өтпелі саяси ұйым деп қарастырған жөн. Алаштың әдеттегі саяси партияға айналу процесі 1917 жылғы шілдеден соң жылдың соңына қарай қарқынды жүргізілді. Совет үкіметінің орнауына байланысты 1918 жылдың көктемінің соңы-жазының басында азамат соғысының басталуына орай Алаштың партия болып қалыптасуы аяқсыз қалды.

Халқымыздың осы еркіндігі үшін күрес жолында, мәңгі өшпейтін із қалдырған Алаш қайраткерлері – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов пен Барлыбек Сыртановтың демократиялық мемлекет құру барысындағы атқарған қызметтері жайлы қарастырсақ.

Тәуелсіздік алғаннан кейінде, бастапқы кезеңдерде қазақ ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің өмір жолымен, олардың артында қалдырған шығармашылық мұраларымен біразға дейін таныса алмай келдік. Қазіргі таңда олар туралы мәліметтер жетерлік.

Әлихан Бөкейханов XIX ғасырдың 80-ші жылдары Ресей империясының шығыстағы ірі саяси орталықтарының бірі Омбыдағы техникалық училищесін тәмәмдап, Санкт-Петербургтегі орман-техникалық институтында оқып жүргенде шын мәнінде үлкен саясаттың қандай болатындығын түсініп, Ресейдің жаңа ғасырдағы тиімді даму жолындағы қайшылықты пікірлер қақтығыстарына куә болып, өзінің саяси ойын шыңдай түскен.

Саяси күрес жолына енді түсе бастаған ұлттық интеллигенцияның осы кездегі саяси-әлеуметтік бағдары, белгілі дәрежеде, Ресейдің радикалды буржуазиялық партиясы-кадеттердің ұстанған бағытымен бастапқыда тоғысқандығын білеміз. Өзінің бастапқы саяси күрес кезеңінде самодержавиялық билікті ұтымды сынға алып, оған қарсы оппозицияда болған, конституциялық демократиялық партияның Қазақстанда бөлек ашылуына ынта білдіргендердің бірі Ә.Бөкейханов болды. Соның алғашқы көрінісінің бірі 1905 жылдың аяғында Орал қаласында Ә.Бөкейханов, Жаһанша Сейдалин, М.Дулатов, Б.Қаратаев сияқты қазақ зиялылары өкілдерінің «Бес облыстық делегаттар съезі» өтіп, аталған бас қосуда жасаған «қазақ конституциялық-демократиялық» партиясын құру жөніндегі әрекеті болды.

Демек, бірінші орыс революциясы жылдарында Ә.Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары өздерінің саясатқа араласқан алғашқы қадамдарында сол кезде патша үкіметіне оппозицияда болған кадеттер партиясын өздеріне белгілі дәрежеде үлгі тұтты.

Қоғамдық күреске түскен жас қазақ интеллигенциясының алдында көлденең тартылған өзекті жайлардың бірі – ел тағдырына қатысты жер мәселесі еді. «Айқап» және «Қазақ» басылымдары бұл мәселені ұлттық ауқымда көтеріп, пікірсайысқа айналдырды. Халық тарихында тұңғыш жүргізілген айтыс барысында авторлар екі баламалы пікірге бөлініп кетті. Б.Қаратаев, М.Сералин, Ж.Сейдалин және басқалары бастаған бір тобы ішкі Ресейден шаруалардың жаппай келіп қоныстану жағдайында отырықшы нормасы болса да, егіншілікке қолайлы жерден үлес алып, отырықшылыққа көшуді қолдады. Бұл пікірдегілер жұртқа басшылық жасап, отырықшы нормамен жер үлесін алып қоныстанды. Оларға ерген оқымысты жастар қазақ отырықшылыққа көшсе, оның арасында өнер-білім тарауға жағдай туады едп түсінді. Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған екінші пікірдегілер көшпелі шаруашылыққа үйренген қазақ отырықшы нормамен үлес алып, көндігіп кете алмайды, ал оны шығарған өкілет органдарының түпкі мақсаты еппен,

айламен қазақ жерін көбірек алу және қазақтардың өз ризалығымызбен алдық деген пікір туғызу деп түсіндірді. 1918 жылға дейінгі қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде аса үлкен роль атқарған «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуінде Ә.Бөкейхановтың атқарған еңбегі аса зор.

Өзінің басқа да қатарластары сияқты Ә.Бөкейхановта қазақтың еркіндігі мен дамуының бірден – бір негізі, ұлттық, демократиялық мемлекеттің болуы деп түсінді.

«Ал 1917 жылғы Ақпан революциясының патшалық монархияны тақтан түсіруі Алаш жетекшілерінің жігерін тасытып, рухын көтерді. Бұл оқиға қозғалыстың алдына жаңа міндеттер қойды. Содан қазақ өлкелерін жаппай шарпыған ұлт-азаттық күресті жаңа деңгейге шығаратын саяси ұйымның қажеттігі туды. Ондай құрылым 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында өткен бірінші Бүкілқазақтық съездің шешімімен дүниеге келген тұңғыш ұлттық-демократиялық «Алаш» саяси партиясы болған еді» [3, 50 б.]. Сол жылы бірнеше Алаш қайраткерлері бірігіп «Алаш партиясының бағдарламасын» жасайды. Бағдарламаның бірінші бөлімін «Мемлекет қалпы» деп атап, Бөкейханов: «Россия демократическая республика болу керек. Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесу. Федерациялық республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әр қайсысы өз түсінігін өзі алып жүреді» деп көрсетеді [4, 14 б.]. Бұл жерде, Ә.Бөкейханов болашақ қазақ мемлекетінің қандай жүйеде болу керек деген мәселені көтереді. Біріншіден, қазақ мемлекеті демократиялық, адам құқы қорғалған мемлекет болу керек.

Екіншіден, қазақ мемлекеті тәуелсіз, өз еркіндігі өзінде, егеменді Ресейге тәуелді емес, тек басқа мемлекеттермен экономикалық, саяси, әлеуметтік қатынаста ғана болуы керек мемлекет. Бұл өз кезегінде, большевиктер «сыйлаған» автономия мен Кеңестер одағынан мүлдем өзгеше. Кеңестер одағы кезінде қазақ елінің саяси еркіндігі мен тәуелсіздігі былай тұрсын, керісінше оның отары, тек шикізат өндіретін аймағы болған. Сол қиын заманда айтылған ойдың қазір көрініс табуын Бөкейхановтың саяси көрегендігі екендігін ескеруіміз жөн шығар. Ол айтқан мемлекет, тәуелсіз, ұлттық, саяси жүйесі бойынша қазіргі ТМД мемлекеттеріне сәйкес. «Үкімет басында Учредительное собрание мен Мемлекеттік Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы басқарады, ал Министрлер Учредительное собрание мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты болады. Депутаттар өте құпия сайлаумен болады.» [4, 259 б.] – деп жазады Бөкейханов, яғни, ол айтып тұрған болашақ қазақ мемлекеті президент басқаратын президенттік республика және қазіргі қос палаталы парламентімізбен барынша үйлеседі.

Жүрегінде халқына деген сүйіспеншілігі бар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және басқа да қазақ зиялылары сияқты, Барлыбек Сыртановта қазақ халқын тәуелсіз, демократиялық мемлекеттердің санатынан көруді көксеген еді.

Әлихан Бөкейханов 1890 жылдары Петербургке барғанда Б.Сыртанов, А.Теміровтердің оқу бітіріп, елге қызмет етуге кіріскен кездері еді дейді. Кейін 1911 жылы жазда Әлихан Бөкейханов Барлыбекпен келелі істерді талқылап болғаннан соң «құшақтасып, сүйісіп айрылысқан едік» деп жазады «Қазақ» газетіне [5].

Барлыбек Сыртанов – халқымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі, оның келешегі үшін аянбай төккен, абзал азаматтардың бірі. Оның есімі тарих беттерінен коммунистік тоталитарлық жүйенің қиянатты қаламымен әділетсіз сызылып қалған болатын. Ол – Қазан төңкерісіне дейін қазақ қоғамынан суырылып шыққан, жалпы демократиялық – прогрессивтік бағыттағы, қазақ елінің тәуелсіз ел болу хақындағы тұңғыш демократиялық конституцияның жобасын жазған қазақ зиялысы. Кезінде оның есімі тек қана қазақ жұртшылығына ғана емес, сонымен қатар бүкіл түркі тілдес халықтарға мәлім болған, алқап білімпаздығымен, ақыл-ой парасатымен

елді аузына қаратқан ірі қайраткер. Оның ХХ ғасырдың басында көтерген мәселелері мен ұсынған идеялары осы күнгі өмірдің көкейкесті мәселелерімен сабақтасып, үйлесіп жатқанына таңданбасқа шара жоқ.

Кедей әулетінде дүниеге келсе де, он жасында Верный, қазіргі Алматы қаласындағы ерлер гимназиясына оқуға түсіп, білімге деген талпыныс пен құштарлығының арқасында, сол мекеменің басшысының көзіне түседі. Ол өз кезегінде Жетісу облысының әскери губернаторынан қаражат бөлдіртіп, Барлыбектің ғылымға деген жолын ашады. «1890 жылы Барлыбек Сыртанов Петербург университетін шығыстану факультетінің араб-парсы және түрік-татар тілдері мамандығы бойынша бірінші дәрежелі дипломмен үздік тәмәмдайды. 1891-1894 жылдары Ташкент қаласында қызмет істейді. 1894 жылы 29-қыркүйекте Жетісу әскери губернаторының бұйрығымен облыстық басқармасының іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Кейінірек ерекше тапсырмалардың кіші чиновнигі қызмет атқарады.» [6, 110 б.].

Орталық аппаратта қызмет ете жүріп Б.Сыртанов орыс чиновниктері мен зорлықшылардан жәбір көрген қазақтарды қызғыштай қорғауға тырысады, нашарлардан тартып алынған жер мен малды заңның бар мүмкіндігін пайдаланып, қайтарып берумен айналысады. Оның мұндай адам құқын қорғау бағытында қызметі, әрине, патша үкіметінің басшыларына ұнамағандықтан, оның орындаған тапсырмаларын мұқият қадағалап отырады. Осы қызметте жүргенде ол өз халқының арасында ағартушылықты таратуға да құлшына кіріседі. 1910-1913 жылдары Барлыбек Сыртанов құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің ішкі колониясынан шығарып, оны тәуелсіз республика статусы бар мемлекет қылып құру жөнінде устав жазады. Уставтың негізгі бағыты – Қазақстанның саяси еркіндік алып, Ресейге отар емес, доминион (басқару билігі өзіндегі ел) ретінде танылуын жақтау. Мұндай пікірді Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда, жалпы қазақ тарихында ол тұңғыш рет көтерген осы Сыртанов болған.

«Қазақ елінің Уставы». Құжат небәрі 28 баптан тұрады және соған қарамастан мазмұны, осы күні де білгір ғалымдарды қайран қалдырады. Уставтың толық тексі 1922 жылы «Түрік бірлігі» газетінде жарық көрген еді. Содан кейін, көпшіліктің сұрауы бойынша, «Әділет министрлігінің хабаршысы» журналында жарияланған»[7]. «Уставтың» талаптары бойынша, Б.Сыртанов Қазақстанда республикалық басқару формасын енгізіп, Президенттік басқару емес, парламенттік басқаруды енгізу тиімді де қажет деп санайды. Оның ойынша, «Қазақ елінде ең басшы орын – Ұлт мәжілісі» және ол өкілетті орган болғандықтан «Қазақ елінің басшысы Президентті 4 жылға сайлайды»[7]. Парламент ең жоғарғы өкілетті орган ретінде мемлекеттің барлық органдарынан жоғары және есептерін тыңдатуға құқылы деген идеяны уағыздайды. Барлыбек Сыртанов не себепті парламенттік басқаруды жақтаған деген сұрақ туындайды? Әрине, оның АҚШ, Батыс Европа елдерінің конституциясынан жақсы хабары болған, «Уставты» солардың желісімен, ықпалымен жазған. Оның ойынша, қазақ қоғамына президенттік басқаруға қарағанда парламенттік басқару жүйесін еңгізу тиімді. Себебі, қараңғылық тұманы серпілмей тұрған ортада демократия әлсіз, оның жетістіктерін халық пайдалана алмайды, өйткені, саяси сана төмен, рулық сана басым. Сондықтан, қазақ қысымға көнген, өз еркін айқын білдіруге білімі де, өрісі де жетпейді, билікке таласқан ру, партия басшыларының жемтігіне айналары сөзсіз. Міне, осындай ерекшеліктерді ескерген заңгер Б.Сыртанов президентті сайлауды парламенттің құзырына береді. Ал, парламентте сауатты, білім деңгейлері жоғары, бір сөзбен айтқанда, кәсіби жағы басым, халыққа танымал, ел арасында беделге ие болған, білімді және басқару ісін жақсы білетін, арнайы дайындықтан өткен қазақ зиялылары президент сайлауына толық сенім білдіреді. «Уставта» заңгер тоталитарлық жүйенің қалыптасуына жол бермейтін Ш.Л.Монтескьенің өкіметі болу теориясын арнайы баппен енгізеді. «Егер заң шығаратын және атқарушы билік бір адамның немесе мекеменің билигінде

болса, онда бостандық болмайды, себебі, бұл монарх немесе сенат тирандық заң жасай бастайды. Егер сот билігі заң шығарушы және атқарушы биліктерден бөлінбеген жағдайда да бостандық болмайды» деген Ш.Л.Монтескьенің ойын «Уставтың» 3 – бабында мынадай мағынада береді: «Қазақ елінде билік жүргізу заң шығыратын, орындайтын һәм сот болып тұрады. Үш билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады» [7].

Барлыбек Сыртановтың конституциялық – демократиялық көзқарасында ерекше орын алатын мәселе – сот билігі. Бұл мәселе хақындағы оның саяси-құқықтық көзқарасы осы кезде баспа сөз беттерінде, заң әдебиеттерінде соттың тәуелсіздігін қандай тетіктер арқылы қамтамасыз етудің жолдары көрсетіліп, пікір-талас туғызып отырғаны белгілі. Қазақ ойшылы судьялардың әділ сот ісін жүзеге асыру барысында барлық жағынан тәуелсіз болуын өзі жазған «Уставта» асқан даналығымен, ұшқыр ойлы саналығымен, оны қамтамасыз ететін тетіктерді де көрсеткен. Ол сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуді «Уставтың» 23-ші бабында мына мағынада береді: «Судьялар дау шешкенде хүкметке, яки адам баласына бағынбай, закон һәм сот ережелері негізімен хүкім шығарулары шарт судьяларға әсер жасағандарға соттың хүкімі келеді» [7]. Барлыбек Сыртановтың пікірінше, Судьялар Ұлт мәжілісінде өмір бойы сайланады. Заңды бүзған һәм орындамаған судьялар орындарынан алынады. Қазақ зеңгері судьяларды өмірлік етіп тағайындағаннан олардың жыл кесілмей сайлануын, тәуелсіздікте болуларын қамтамасыз ететін тиімді тетік екенін атап көрсетеді. Сонымен қатар, Барлыбек Сыртанов судьялардың тәуелсіз болуының тағы бір тетігі ретінде олардың ешқандай партиялар мен саяси ұйымдарға мүше болмауын талап етеді. «Сот орнында партиялар болмауы шарт. Судьялар партияға кіру құқынан айырылады. Жасырын мүше болса, орнынан алынады» [7] - деп атап көрсетеді қазақ ойшылы. Жоғарыда айтылған «Қазақ елінің уставын» тәуелсіздікті құжат күйінде жариялаған болашақ қазақ мемлекетінің негізгі заңының жобасы деп қабылдауымызға болатын шығар. Себебі, оның мазмұнына мұқият талдау жасап қарасақ, әрбір бабы сол заманның талабымен ғана шектелетін құжат емес, сонымен қатар, ол осы күнгі тәуелсіз, құқықтық мемлекет құруға бет бұрған Қазақстан Республикасының күн тәртібіне тұрған өзекті мәселелерге өз жауабын беріп тұрған сияқты.

Сонымен қорытындылай келгенде, Әлихан Бөкейханов пен Барлыбек Сыртановтың саяси-құқықтық, әлеуметтік-философиялық ойлары сол кезеңдегі қазақ зилыларымен толық үндестікте болды. Барлығының алдында тұрған өзекті, көкейтесті мәселелерінің ең маңыздысы – Қазақ елін Ресей отарынан бөліп алып, өз алдына тәуелсіз Қазақ Республикасын құру болатын. А т а п айтқанда олар: ұлттық тәуелсіздік, өзін-өзі басқару, құқықтық мемлекет принциптерін қазақ қоғамына енгізу, ағарту ісін жақсарту, тілді дамыту, әдеттік құқық жүйесін жаңарту, олармен қатар шариғат заңдары мен ислам талаптарын бұлжытпай орындау сияқты биік мұрат, мақсаттардан тұрғанды.

Әдебиеттер:

1. Нысанбаев Ә. Қазақ газеті. Алматы: Қазақ. 1998. – 560 б.

2. Телебаев Ғ. Алаш партиясы – Қазақстандағы алғашқы либералдық партия. //Егемен Қазақстан. – 2001. – №26 – 3 б.

3. Бәкір Ә.Қ. Алаш партиясы: Ұлттық мемлекет идеясы. // XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы. Астана: 2013. – 248 б.

4. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: 1994. – 384 б.

5. Сейітжанұлы Д. Қазақтың тұңғыш жастар ұйымы – «Жерлестер», Үшқиян газеті. – 2009. – №26 – 8 б.

6. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың: тарихи очерктер. Алматы: Жеті жарғы. 1998. – 192 б.

7. Түрік бірлігі. Әділет министрлігінің хабаршысы – 1992 – №1

ТОРТЕНОВА ГУЛЬНУР, *тарихшы, музей маманы. Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті жанындағы, Шәкәрім музейінің қызметкері. Осы университет түлегі. Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейінде жоғары дәрежелі маман, бөлім меңгерушісі болған. Мәдениет саласындағы конференция, семинарларға қатысқан, көптеген сертификаттың иегері. «Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер саласының үздігі» төс белгісімен және I Дәрежелі Дипломмен, тағы басқа көптеген алғыс хаттармен марапатталған. Алаштың алыбы Мұхаметжан Тынышбаевтың туғанына 145 жыл мерейтойы қарсаңында «Мұхаметжан Тынышбаев» медалімен марапатталды. Алаштану, музейтану саласы бойынша мақалалары жарық көрген. Автордың «Алаштың үш арысы» мақаласы – Алаш қайраткерлері Отыншы Әлжанов, Тұрағұл Абайұлы және Мәннан Тұрғанбаевқа арналған.*

АЛАШТЫҢ ҮШ АРЫСЫ

Алаштың арысы Отыншы Әлжанұлы елдік мәселеде ерекше ерлік көрсеткен тұлға. Оның өмірі, елі үшін жасаған қаракеті ешқашан ұмытылмақ емес. Отыншы Әлжанұлы 1873 жылы Семей облысы Зайсан уезі Нарын болысына қарасты №6 ауылда туған. Әкесі Әлжан ел арасында беделді, дәулетті адам болған. Баласы Отыншының зеректігін байқаған әке оны алдымен Зайсандағы қазақ балаларына арналған бастауыш мектепте оқытады, кейіннен Омбы уездік училищесінде, Омбы мұғалімдер семинариясында оқыған. Жастайынан зерек Отыншы сегіз қырлы, бір сырлы болып өскен. Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, Алашорда үкіметінің мүшесі, Жетісудағы алаш қозғалысының басшыларының бірі, ағартушы-публицист, халық мұғалімі Отыншы Әлжанұлы Алаш арыстарының ішінде, ерлікпен шаһит болған бірегей тұлға. Бүгінде, Алаш арнысы Отыншы Әлжанұлының тұлғасы, еңбегі туралы көптеген зерттеулер жарық көріп жатыр.

Алаштың арысы Отыншы Әлжанұлы ел қамын ерте ойлаған көзі ашық тұлға болатын. Отыншы 1905 жылы Санкт-Петербургте өткен «Шығыс бұратаналарын» оқыту мәселелері бойынша Ерекше мәжіліске «Дала уалаятындағы» қазақ мұғалімдері атынан сөз сөйлеген. Сондай-ақ, 1907 жылы өткен мәжілісте де қазақ даласындағы оқу жүйесіндегі сын көтермейтін мәселелерді ашық айтып, талқыға салған. Бұл оның саяси мәселелерге ерте араласқан қайраткер екенін көрсетеді. 1916 жылғы көтеріліс кезінде, кейіннен Алаш милициясын жасақтауда үлкен қайраткерлік көрсеткен. Елі үшін ерлікпен шаһит болған Отыншы Әлжанұлы туралы «Абай» журналы Басқарма атынан «Алаш баласына Отыншының шығыны батады. Орны ойсырайды. ... Жетісудағы ағайындарға басшысынан, көсемінен айырылғаны жан ауыртарлық іс болды. Тағдырға шара бар ма?» деп» өкінішпен жазды. Алаштың алыбы Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінде «Тағы да құрбан (Отыншы Әлжанов)» деген мақаласында «...Қымбатты Отыншы, Алаштың көркейгенін көре алмай арманда кеттім деме, сендей ұл туған ел ешкімнен кем емес» деп жазды. Алаштың арыс ұлының қазасы Алаш еліне қатты батты. Белгілі ғалым Б.Жақып өзінің «Отыншы Әлжанұлы публицистикасы» зерттеуінде оның шығармашылық қарымын жан-жақты талдап келіп, қазақ қыздарының сол кездегі ауыр халін ашып көрсеткен зерттеу еңбектері туралы былай дейді: «О.Әлжанов қазақ даласындағы әйел теңсіздігі мәселесін газет бетінде бірнеше мәрте көтерді. Оның “Қазақ қыздары”, “Осы уақыттағы қазақ ұрғашыларының көрген күнінің қайғы-

қапалықта өткенінің баяны” мақалалары бір-бірімен мазмұн-дас, сарындас, идеялас публицистикалық шығармалар. “Қазақ қыздары” мақаласында ел ішіндегі қазақ қыздарының ауыр жағдайы, тұрмысқа ықтиярсыз шығатындығы, ата-анасының айтқанына көніп не жас балаға, не жасы ұлғайған шалға күйеуге шығатындығы сөз болады. Ал екінші мақалада қазақ әйелінің өмірі қорлық, зорлықпен өтетіні, өз сүйген жігітіне тұрмысқа шыға алмай бүкіл өмірі қуғында, қамауда өтетіні баяндалады. Осы себептен Дала уалаятындағы облыстардың әр түрлі мекемелеріне құдалық, неке турасынан арыздың көп түсетіндігі де тілге тиек болады. Қазақ қыздары іштей қайғы-қапасын өлеңмен сыртқа шығаратынына көптеген зар өлеңдердің текстерін келтіріп, көтеріп отырған мәселені нақты жыр жолдарымен аша түседі. «Қазақ қызының бар арманы:// Дүниеде армансыз болар едік,// Күйеуге тиіп кетсек көңілімізбен»,– болып келеді. «Ата-анам мал үшін мені сатқан,// Баласын іштен шыққан зар жылатқан» /ДУГ. 1894, №33, 34, 35/,– деген жолдарда да қазақ қызының ықтиярсыз тағдыры, ауыр халі жатыр». Алаштың хас батыры, әлеуметтік өзекті мәселелерді де өткір сынап, қазақ қыздарының қамын ойлаған. Отыншы Әлжанұлы қазақ жастарына үлгі, аты мәңгілікке халық жүрегінде жазылып қалған ірі тұлға.

* * *

Хакім Абайдың ұлы Тұрағұлдың Алаш алыптарымен бірге Ел еркіндігі үшін күрескен ірі тұлға екені бүгінде тарихтан мәлім. Белгілі таришы-алаштанушы Мұратбек Кенемолдин өзінің «Тұрағұл Абайұлы және Алашорда» деген зерттеуінде былай дейді: «Ұлт тағдыры таразыға түскен осындай қысылтаяң уақытта Тұрағұл Абайұлы Алаш қайраткерлерін білек сыбана қолдап шығады. Елдің игі жақсыларын майданға солдат беруге үндеп, үгіт-насихат жүргізеді. 1916 жылдың маусым айының соңында Семей уезіне қарасты Шыңғыс, Шаған, Мұқыр, Қызыладыр, Беген, Семейтау, Бұғылы тәрізді 7 болыс елдің ақсақалдары Семей қаласында бас қосып жиын өткізеді. Онда сол кездегі қазақтан соғыс майданына кісі жіберу жайлы әңгіме болады. Міне, осы мәжіліске Тұрағұл Абайұлы төрағалық етіп, хатшылық міндетін С.Дүйсенбин орындайды. Мәжілістегілер тегіс патша жарлығына елдің қарсылығы жоқтығын жария етеді. Ол кезде Шыңғыс болысының кандидаты және халық соты болып Тұрағұл Абайұлы қызмет атқарған еді». Біз осы мысалдан, Тұрағұл Абайұлының қайраткерлік харакетін байқаймыз. Сондай-ақ, автор осы мақаласында Тұрағұл Абайұлының «Алаш» партиясына мүше болғанын туралы: «1917 жылдың күзінде Семейде алғаш Алаш партиясының облыстық комитеті құрылған кезде Тұрағұл Абайұлы оған мүше болып енеді» – деп жазған. Тұрағұл Абайұлы алғашқылардың бірі болып, «Алаш» партиясының мүшесі болған. Кейіннен де, Алашорда үкіметінің елдік қызметіне де араласып, қайраткерлік көрсеткен. Сондай-ақ, Алаш әскерін құруға да қатысқандығы туралы да архив құжаттарында көрініс тапқан.

Қазақтың көрнекті ғалымы Қайым Мұхаметқанұлы өзінің «Абайдың ақын шәкірттері» деген еңбегінде Тұрағұл Абайұлының Алаш қозғалысына қатысы барлығын айғақтайтын мынандай мәлімет берген: «1922 жылы Семейде Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатов тұтқынға алынғанда Турағұл да түрмеге жабылып, төрт айдай отырып шыққан. Сонан кейін елмен араласпай, Ақшоқыдағы мекен-жайында жатып, жазумен шұғылданады. Аударма жұмысымен айналысады. Максим Горькийдің «Челкаш» атты әңгімесін қазақ тіліне аударады. Аудармасы 1925 жылы «Таң» журналында жарияланады. Неворовтың «Я хочу жить» деген шығармасын «Мен өмірге жерікпін» деп атап (Біз болсақ «Өмір сүргім келеді» дей салар едік) аударып, бастырады. Орыс тілінен тағы басқа кітаптар аударған», – дейді. Міне осы жолдар Турағұл Абайұлының қайраткерлікпен қатар, шығармашылық қарымын да байқатады.

Хакім Абайдың дарынды ұлы, Алаш қайраткері 1928 жылы Шымкентке жер аударылған алаш арысы Турағұл бірнеше

жыл ауыр азап көріп, 1934 жылы дүниеден өткен.

* * *

Семейден шыққан Алаш арыстарының бірі – Мәннан Тұрғанбайұлы. XX ғасыр басында ол ұстаздық жолын бастап, елжұртқа ерте танылады. Кейінірек, 1910 жылы Башқұрт елінің астанасы Уфа қаласындағы «Ғалия» оқуға түсіп, үлкен ортадан мол рухани азық жинайды. Уфа қаласына жақын, Орынборға жиі қатынап Алаштың алыптарымен араласады. Мәннанның алғырлығын байқаған Алаштың алыптары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы саяси және шығармашылық жұмыстарға тартады. Мәннан Орынборда Ахмет Байтұрсынұлының бастамасымен «Қазақ» газетінде қызмет атқарады. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның қолдауымен Түркияғаға барады. Стамбұл қаласында қысқа мерзімді курстан өтеді. Одан ары Каирге барып, ондағы Мұсылман рухани академиясында дәріс тыңдайды. Кейіннен, Орынбор қаласынан Семейге оралып «Сарыарқа» газетінде редактордың орынбасары болып қызмет етеді. Сол жылдары Санкт-Петербург қаласына барып екі айлық курстан өтеді. Алаш алыптары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы болашақ кадрларды осылай жүйелі түрде оқытып, дайындап отырған.

Мәннан Тұрғанбайұлы тек қана қайраткер емес, сонымен қатар қаламы төселген шығармашылық иесі. Мәннанның 1918 жылы «Абай» журналының екінші нөмірінде «Ұлтшылдық» деген мақаласы жарық көреді. Осы мақаласында партия және оның мәні туралы былай дейді: «Қазіргі үстіміздегі заманда пікір көбейіп, түрлі партиялар туғызып, ол партиялар майданға түсіп жарысып-тыртысып отырғанын көріп отырмыз. Партиялардың барлығының көздеген мақсаты теріс емес, әрқайсысы өзінше жоба жасап, іске кірісіп отыр. Қай партия болсын. «дүниені түзетеміз, шын адамшылық жолы – біздің тұтынған жолымыз» – дейді». Мәннан осылайша партияның белгілі бір мақсаты болатынын, сол партияны қолдаймын деген кісі, оның нені мақсат етіп отырғанына назар салу керектігін айтады.

Мәннан Тұрғанбайұлының мақаласының аты «Ұлтшылдық» деп аталады дедік. Автор осы мақаласында ұлтшылдықтың мәніне айрықша тоқталған. Және, оны «кісішілдікпен» салыстыра зерттейді. Кісішілдік деп отырғаны жалпы адамзаттық мәселелер дегенге саяды. Мақаланың осы мәселеге анықтама берген жеріне тоқталайық: «Қазақ қатарға кіріп жұрт болсын деген кісі тәрбиенің жолынан айрылмасқа керек. Әуелі қазаққа өзінің кім екенін, адамшылық құқығын білдіруге онан соң Отанын танытып, жақсы көргізуге, сонан соң дүниедегі барлық адам баласы бауыр екенін білдіріп, көпшіл адамды сүйгіш қылуға тырысу керек. Ұлтшылдық кісішілдікті айыра білмеген, бас пайдасынан иіп іске асырмаған, мәдениеттен жырақ жатқан қазақ секілді жұртты салғаннан көпшіл қылам демей, әуелі ұлтшыл қылу керек. Қысқасы: ұлтшылдардың мақсаты әрбір ұлттарға мәдениетін кіргізіп, бақыт таңының атауына себепші болмақ. Мәдениет күшейген соң өздері-ақ кісішілдік пікірін тауып алады. Ұлтшылдар әр жұртты шиеленістіріп, қырлыстыру, өз ұлты үшін басқаларды құрбан қылу деген ойдан жырақ». Біз осыдан, Мәннан Тұрғанбайұлының зерек ғалымдық танымының терең екенін байқаймыз. Осы мақаласында автор тәрбие мәселесіне де ерекше маңыз беріп қарастырған. Тәрбие туралы айта келіп мынадай мысал келтіреді. Және, осы жерде «кісішілдік», «ұлтшылдықпен» қатар «өзімшілдік» мәселесін де қарастырады: «Теңіз бетінде адасып, азықтары таусылып, аштан өліп бара жатқан адамдар бірін-бірі пісіріп жейді, кісіде өзімшілдік қандай күшті екенін осы мысалдар көрсетеді. Дұрыс кісі де өзімшілдік күшті дедік. Дүниедегі кісінің бәрі алғы өзімшіл болса, бас пайдасынан басқаны ойламаса, бірігіп жұрт болып жасау мүмкін емес қой. Олай болса өзімшілдіктен құтқарып, көпшіл қылатын нәрсе болуға тиіс. Ол бар нәрсе тәрбие деп білемін. Тәрбиені ғылымдар мойындаған. Тәрбиенің жалпы ережелері бар: жақыннан алысқа, аздан көпке,

оңайдан қиынға, жеңілден ауырға қарай бару керек деген. Сол сияқты кісі ең әуелі баға беріп, өзін сүйсін, онан соң жаны ашып ағайын-туғанына күйсін. Онан кейін ел-жұртын сүйсін. Ел үшін құрбан болсын, жанын қисын». Міне, осындай ұғымдардың мәніне үңіле отырып, оны талдай саралай отырып, ел-жұртын сүйіуге шақырады. Осылайша, қайраткерлігімен де, қаламымен де өзі ел-жұртына қызмет етеді. 1917 жылғы сәуір айында өткен Семей облыстық қазақ съезінде комитет мүшесі болып сайланады, елдік мәселеге қатысты қыруар шаруаны атқарады. Семей педтехникумының меңгерушісі, тағы басқа жұмыстары осыған айқын дәлел.

Өкінішті, көп қуғынның соңынан соң, ақыры абзал азамат 24 қаңтар 1937 жылы Семей түрмесіне қамауға алынады. Ол 1937 жылғы 20 тамызда ату жазасына кесіледі. Бірақ, еліне, жұртына адал еңбек еткен асыл ер есімі мәңгі сақталады.

МАДИЯР НАСЫРОВ, *жас ғалым. 2022 жылы Семей қаласындағы Шәкәрім университетін тарих мамандығы бойынша бітірген. Белгілі ғалым Мұхтарбек Каримовтың жетекшілігімен «АЛЖИР»-дегі тұтқын қазақ әйелдерінің тағдыры» тақырыбында дипломдық жұмыс жазған. 2023 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне Шығыстану мамандығы бойынша магистратураға түседі. Түрлі әлеуметтік жағдайға байланысты Семейге оралады. Қазіргі уақытта Семей қаласындағы Шәкәрім университеті жанындағы Тарих және археология ғылыми-зерттеу орталығында кіші ғылыми қызметкер. «XYII ғасырдағы қолжазбаның табылуы», «Семей қаласындағы ескі мұсылман қорымы», «Семей қаласындағы көне ағаш мешіт» тағы басқа мақалалары жарық көрген. 2023 жылы Семейдің «Ескі мұсылман қорымынан» Абай заманындағы Риза хазіреттің бейітін анықтаған. Жас ғалымның «Тарих ғылымында «инскрит» қолтаңбаның мәні» мақаласын «Шәкәрім» журналына ұсына отырып, ғылымдағы жолы ашық, әрі сәтті болсын демекпіз.*

ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДА «ИНСКРИПТ» ҚОЛТАҢБАНЫҢ МӘНІ

(Фотоқұжаттағы инскрипт XX ғ. басындағы тарихи тұлғалардың биографиясын зерттеудегі қосымша дереккөз ретінде (Жансұлтан Сейдалиннің Ғариф Вәлиевке сыйлаған фотосуреті мысалында).

Аннотация. XX ғ. басында қазақ даласы мен сібірде өрбіген түріктілдес халықтардың қоғамдық-мәдени қатынастарының зерттелуі қазіргі деректану саласында өзекті екені мәлім. Буржуазиялық революцияның (1917 ж.) қарсаңында, сол кездегі Ресей ішінде, ірі саяси-қоғамдық, ұлттық қозғалыстар мен ұйымдар пісіп жетілді. Олардың қатарында Алаш автономиясы, Түркістан автономиясы, Дума төңірегіндегі Мұсылман фракциясы, Еділ-Орал штаты және т.б. бар. Аталмыш қозғалыстарды зерттеу барысында: архивтік құжаттардың, мерзімді басылымдардың, қолжазбалардың және естеліктер мен мемуарлардың дереккөздік маңызы орасан зор болды.

Мақалада фотоқұжатта кездесетін инскрипттің тарихи тұрғыдан беретін мағлұматы қарастырылып, олардың кейбір түрлері Жансұлтан Сейдалиннің Ғариф Вәлиевке сыйлаған отбасылық фотосуреті негізінде талқыланады. Инскрипттің кейбір терминологиялық ерекшеліктеріне шолу жасалады. Фотосуреттің алғаш жарияланыуына байланысты оның сақталу тарихы жеке бөлімде қысқаша баяндалады.

Түйін сөздер: инскрипт, арнау жазбасы, фотоқұжат, фотосурет, деректану, дереккөз, биография, Жансұлтан Сейдалин, Ғариф Вәлиев, Троицк.

Кіріспе

Қазіргі деректануда белгілі бір тарихи оқиғаны зерттеуде кинофотоқұжаттардың дереккөздік маңызы артып келеді. Кинохроникалар мен фотосуреттердің қоғам арасында тек XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында тарауына байланысты бұндай дереккөздерді сәйкесінше сол кезеңнен бері қарай орын алған оқиғаларға негіздеп, зерттеу жұмыстарында қолдана аламыз. Олардың ғылыми шеңберде кеңінен қолданылуы немесе деректануда жеке түр ретінде қарастырылуы XX ғ. соңғы ширегіне сәйкес келеді[1]. Кеш

[1] Т.ғ.д., профессор Дина Аманжолова келесі ойды жеткізеді: *«Бұндай дереккөздерді зерттеудегі бетбұрыс пен серпіліс 1990 жж. басталды, алайда өнердің басқа да түрлерімен фотосуреттің байланысы жеткілікті түрде ескерілмейді, фотомұраның қолжетімділігі мен атрибуциялау мәселелері әлі де сақталған, фотосуреттің тарихын білмеу, бұндай дереккөздерге жүгінгенде сюжеттерге бағдар жасау мен тек саяси тарихтың болуы және т.б.».* Түпнұсқа мәтіні: *«Поворот и даже прорыв в изучении этого вида источников произошел с 1990-х гг., но пока недостаточно учитывается связь фотографии с другими видами искусства, сохраняются проблемы доступности и атрибуции фотографического наследия, незнания истории фотографии, ориентация на сюжеты и явления лишь политической истории при обращении к такому виду источников и др.»* [1. 28 б.].

ескерілуіне бірнеше себепті тізбектеуге болады. Мысалы, кинофотоқұжаттардың көпшілікке қолжетімсіз болуы. Айталық, КСРО билігі тұсында (1922-1991 жж.) XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Қазақстан тарихына қатысты тың деректер, оның ішінде кинофотоқұжаттар Мәскеу, Ленинград (Санкт-Петербург), Омбы сияқты қалалардың архив пен музей қорларында шоғырланды. Оларды еркін түрде зерттеу мүмкіндігі тоталитарлық жүйеде қалыптасқан шектеулердің алынып тастауынан кейін ғана артты.

Зерттеу жолындағы бұл құбылысты саяси-қоғамдық мәселелердің кедергісі деп танысақ, ал ғылымда, әрине, тиісті әдістердің жеткілікті болмауы, деректану саласында оқу-әдістемелік құралдардың баяу түрде жариялануы және т.б. айтуға болады. Мысалы, 2000 ж. басында деректану бойынша қазақ тілді оқу-құралдарын жүйелі түрде шығара бастаған т.ғ.д., профессор Қамбарбек Махамбетұлы Атабаев болды[2].

XX ғ. басындағы тарихи оқиғаларды зерттеуде фотоқұжаттардың қосымша дереккөз ретінде кеш қаралуының тағы бір кемшілігі – фотосуреттердің сақталу тарихында. Олардың бір бөлігі табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен жойылып жатса, енді бір бөлігі жеке қорларда ұмыт қалады. Бұл жағдайда этнографиялық және археографиялық экспедицияларға негізделген мамандардың даярлануы маңызды болмақ.

Қазақстан тарихында Алаш қозғалысы мен қоғамдық-мәдени қатынастардың дамуы фотосурет өнерінің де тарау кезеңімен тұспа-тұс келеді. (XIX ғ. ортасынан бастау алатын ғылыми экспедициялардың фотоқұжаттық қорларымен шатастырмаған жөн. Өйткені, олар қарапайым халыққа қолжетімсіз болды. Ал бұл мақалада қозғалатын фотоқұжат көбіне шығармашылық негізде немесе еркін алаңда түсірілген фотосуреттерге тән.)

Зерттеу нысаны инскрипт – белгілі бір мәтіннің ішіндегі, көбіне негізгі мәтіннің алдынан берілген автордың қолжазбасы. Бұндай инскрипттер кітаптың авантитулында[3] немесе форзац[4] және т.б. бөліктерінде, сонымен қатар фотосуреттерде және антикварлық бұйымдар мен өнер туындыларының беттерінде кездеседі.

Мақалаға мысал болған инскрипттің авторы Жансұлтан Сейдалин (1856-1919)[5] – заң магистрі ретінде қазақ елінің әкімшілік ел басқару мәселелерін шешу үшін сиез шақыру туралы хаттарымен белгілі ұлт зиялысы. «Айқап» бетінде «Народный сот», «Ұрлық түбі қорлық» т.б. әдет-ғұрып, салт-сана, әкімшілік, жер пайдалану туралы мақала, хабарлары жарық көрген. Журналдың ұйымдастыру жұмыстарына, тілшілер тарту жұмысына белсене қатысқан [3. 300 б.].

Инскрипті бар фотосуретті сыйға алушы, Башқортсан жерінің тумасы Ғариф Вәлиев (?-1935) – Новосібір (РФ) қаласының бірінші имам-хатибы[6]; Троицк, Новосібір және Семей қалалары арасында қатынаған XX ғ. бірінші жартысындағы дін қайраткері[7].

Материалдар мен әдістер

Соңғы жылдары отандық тарихнама мен деректануда фотоқұжаттарды қосымша дереккөз ретінде пайдаланудың көрсеткіші жоғарлады. Оларды қолданудағы әдістер мен жүйелілік салыстырмалы түрде жетіліп келеді. Мысалы, профессор Д.А. Аманжолова өзінің авторлық мақаласында[8] Алаш қозғалы-

[2] *Қ. Атабаев.* Қазақстан тарихының деректанулық негіздері: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. – 2002. – 302 б.

[3] Авантитул – негізгі титул бетінің алдында орналасқан бірінші бет. Авантитулда шығу деректеріне жататын кейбір мәліметтер жазылады. Sozdikqor.kz.

[4] Форзац – кітапты мұқаба бетімен жалғайтын қос қағаздан тұратын парақ. Sozdikqor.kz.

[5] Кейбір архивтік құжаттарда туған жылы 1859 ж. деп көрсетіледі [2. 100 б.].

[6] Имам-хатиб. Имам (ар. إمام) – 1. Діни дәреже, лауазым. 2. Діни жетекші. 3. Мешітті басқаратын немесе намаз оқығанда алда тұратын дін басшысы. Хатиб (ар. خطيب) – мешітте мұсылмандарға діни үгіт-насихат жүргізіп, құпта оқушы. Sozdikqor.kz.

[7] Толығырақ: Мулла Гариф Валеев, имам-хатыб Новониколаевский и Новосибирский. 17.08.2012. http://www.islamrf.ru/news/culture/legacy/23516 (жүгіну мерзімі: 19.05.2024).

[8] Д.А. Аманжолова. О визуальных источниках по истории движения Алаш. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. 2022. №1(138)/2022. 25–39 бб. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-138-1-25-39.

сының тарихына қатысты фотоқұжаттардың дереккөздік сипатына тоқталып өткен. Оны зерттеудегі негізгі әдістеріне: деректанулық, тарихи-антропологиялық анализді, проблемалық-хронологиялық, салыстыру, конструктивисттік және классификация, жүйелеу мен типологизация әдістерін жатқызған [1. 27 б.]. Бұндай зерттеу әдістері фотоқұжаттан бір емес, бірнеше тарихи деректерді алуда тиімді болуы мүмкін.

Мақалада Жансұлтан Сейдалиннің отбасылық фотосуретіндегі инскрипттің дереккөздік сипаты; өзінің және имам Ғариф Вәлиевтің биографиясына қатысты кейбір деректер талқыланғандықтан, зерттеу барысында: деректанулық, проблемалық-хронологиялық, салыстыру, типологизация және контекстологиялық әдістері қолданылды.

«Инскрипт» пен оның мағынасына жақын «арнау» терминдерін анықтауда ф.ғ.к., доцент Елена Анатольевна Косыхтың; т.ғ.к., профессор Василий Элинархович Молодяковтың; отандық ғалымдар ф.ғ.д., академик Зәки Ахметұлы мен ф.ғ.д. Тұрдықұл Қасенұлы Шаңбайдың; ф.ғ.д., профессор Гүлзия Жайлауқызы Пірәлінің және т.б. зерттеушілердің еңбектерін жатқызуға болады.

Аталмыш тақырып туралы жазылған көлемді еңбектердің қатарында «Феномен затекста»[9] монографиясына да мән берген жөн. Монографияның екінші бөлімінде инскрипттің кітап беттеріндегі ерекшеліктері мен сипаттары қарастырылған.

Талқылаулар мен нәтижелер

Инскрипт, синонимі – арнау жазбасы?

Фотоқұжатты талқылауға дейін «инск-рипт» сөзінің терминологиясы мен тарихнамасын анықтап өткен жөн[10]. XX ғ. бірінші жартысынан бері инскрипттің түрлі түсініктері филологтар мен тарихшылардың арасында кеңінен тарады. Инскрипттің зерттелу тарихы көп жылдар бойы әдеби-публицистикалық басылымдармен және археологиялық немесе тарихи нысандардағы жазба мәтіндерімен шектеліп келді. Ал фотоқұжаттарда кездесетін инскрипттің дереккөздік сипаты, жоғарыда айтылғандай, кеш ескерілді.

Отандық деректануда «инскрипт» термині әлі бекімеген тәрізді. Себебі, оның сипаты басқа терминдердің негізінде қарастырылатыны байқалады: «арнау», «автограф», «авторлық қолтаңба», «қолжазба», «қолжазба мәтіні» т.б. Айталық, профессор Г.Ж. Пірәлі жазушы Мұхтар Әуезовтің кітап қорында кездесетін инскрипттерді зерттеп, авторлық монографиясын жазған. Мысалы, келесі үзіндіні алсақ: *«Мұхтар Әуезовтің мұрағаты мен жеке кітапханасында өзінің және көптеген ақын-жазушылар мен ғылым, өнер, қоғам қайраткерлерінің жазушыға сыйға тартқан кітаптарында авторлық қолтаңбалары бар»* [4. 7 б.], бұл сөйлемнен *«жазушыға сыйға тартқан кітаптарында авторлық қолтаңбалары бар»* деген түсінікті көреміз. Бір сөзбен бұл – инскрипт.

Инскрипт жайлы жазылған жаңа зерттеу жұмыстарының бірі ретінде доцент Е.А. Косыхтың мақаласын[11] атауға болады. Онда инскрипттің «арнау» сипаты, яғни, жоғарыда айтылғандай, «сыйға тарту» негізінде жазылған қолжазбалар қарастырылған. Жансұлтан Сейдалиннің Ғариф Вәливеке сыйлаған фотосуреттегі қолжазбасы осы – инскрипт (en: dedicatory inscription[12]; рус: дарственная надпись).

Е.А. Косыхтың айтуы бойынша,

[9] Бұл туралы толығырақ: Феномен затекста = The Phenomenon of Aftertext: монография. Т. А. Снигирева, А. В. Подчиненов, О. А. Михайлова [и др.]; под общ. ред. Т. А. Снигиревой, А. В. Подчиненова. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та. 2021. – 392 с.: ил. – Авт. указаны на обороте тит. л. – 300 экз. – ISBN 978-5-7996-3277-9. – Текст: непосредственный.

[10] Мақалада фотоқұжатта кездесетін инскрипттің тарихи тұрғыдан беретін мағлұматы қарастырылғандықтан, «инскрипттің» толық терминологиялық түсініктемесі автор тарапынан анықталмайды. Автор тек «инскрипттің» негізгі сипаттарын ашықтау үшін әдебиеттануға қатысты терминдерге шолу жасап, пәнаралық байланыстың маңыздылығына тоқталмақ болды.

[11] Е.А. Косых. Инскрипт в речевой парадигме социума: к проблеме классификации. Филология и человек. 2022. №1. 53–66 бб. DOI 10.14258/filichel(2022)1–04.

[12] Dedicatory inscription – ағылшын тілді ортада бұл термин орыс тіліндегі «посвящение» мағынасында жиі қолданылатыны байқалады.

инскриптті автордың сыйға тартатын бұйымында қалдырған қолжазбасы, автографы, құттықтау мен тілегі ретінде білеміз. Арнау жазбасы[13] жалпы сөйлеушілердің, оның ішінде орыс тілінің мәдени және тілдік тәжірибесінде белсенді қолданылып келді, қолданылады да [5. 28 б.].

«Арнаудың» терминологиялық анықтамасын 1990 ж. соңында отандық ғалымдар З. Ахметов пен Т. Шаңбай көрсеткен: *«Арнау – әдеби шығарманың басында берілетін, сол шығарманың кімге, қандай уақиғаға байланысты екенін көрсететін, көбінесе өлең түрінде келетін автордың сөзі. Кейде арнауда автор өз шығармасын белгілі бір адамға ізет-құрмет көрсетіп, сый ғып тартатыны айтылады»* [6. 52-53 бб.]. Соңғы сөйлем ағылшын тіліндегі «dedicatory inscription» пен орыс тіліндегі «посвящение» терминдеріне жақын. Бұны құрастырушылар да ескерген[14].

Инскрипт – автордың сыйға алушыға тартқан бұйымында қолтаңбасымен немесе қолтаңбасыз қалдырған қолжазбасы болғандықтан [7. 53-54 бб.], «арнау» емес, негізгі мәтіннен тыс жазылған «арнау жазбасы» болуы тиіс. Бұл екі ұғымды ажырату үшін тарихшы В.Э. Молодяковтың мақаласына сүйенуге болады. Оның айтуынша, инскрипт шығармадағы мәтінмен әрқашан тікелей байланыста бола бермейді [8. 549 б.]. Инскриптте белгілі бір жағдайдағы осы қарым-қатынастар (автор мен адресат арасындағы. – В.Э.), автордың өз кітабына берген бағасы, оның өнерге, адамдарға және уақытқа деген көзқарасы туралы ақпарат болуы мүмкін, сондықтан оны ең алдымен биографиялық және тарихи-әдеби дереккөз ретінде қарастыру қажет [8. 549-550 бб.].

Алаш қайраткері Жансұлтан Сейдалиннің отбасы

Инскрипт авторы Ж. Сейдалиннің 1859 ж. Қостанай қаласында Кіші жүздің ханы Нұралыдан тараған Шуақтың отбасында дүниеге келгені мен 1883 ж. Қазан университетінде заң ғылымдары бойынша магистр атанғаны жайлы деректер архивтік құжаттар негізінде белгілі. Қазіргі таңда өзі де заң ғылымдарының докторы, профессор, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің» Басқарма Төрағасы – ректоры, профессор Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбековтің «Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері» кітабын айырықша атап өтуге болады [2]. Мысалы, онда Ж. Сейдалиннің отбасы мүшелеріне қатысты 1899 ж. мағлұмат сақталған: *«Торғай облысының сұлтаны, есаул Махмұт Жантөриннің қызы – Зере Жантөринаға үйленген; балалары бар, ұлдары: Аббас 1890 жылдың 12 тамызында, Сапаржан 1896 жылдың 17 наурызында туылған, қыздары: Мәриям 1891 жылдың 18 қыркүйегінде, Ажар 1893 жылдың 29 желтоқсанында, Гүлімжамал 1898 жылдың 12 сәуірінде туылған; жары мен балалары мұсылман дінінде»* [2. 103-104 бб.].

Бұлардың барлығы архивтен алынған негізгі дереккөз болып есептелетіні анық. Шежірелік және тарихи тұрғыдан – құнды құжат. Келтірілген тізімге сүйене отырып, қосымша дереккөздерді өзара сәйкестендіріп, салыстыруға болады. Солардың бірі төменде ұсынылған фотоқұжат [1-сурет]:

[13] Бұнда және одан әрі: Арнау жазбасы – рус: дарственная надпись. Мақалада орыс тілінде келтірілген «дарственная надпись» термині «арнау жазбасы» болып аударылды. Бұл автор тарапынан ұсынылған термин емес, тек қазақ тіліндегі баламаларының бірі. Түпнұсқа мәтінде: *«Дарственная надпись активно использовалась и используется в культурной и речевой практике носителей языка, в том числе и русского»* [5. 28 б.].

[14] *«Кейбір қазақша қолданылып жүрген терминдердің бірнеше мағынасын ажыратып, айқындай түсуге де көңіл аударды. Мысал үшін айтсақ, «арнау» деген ұғымды бөлек алып, оны көлемді шығарманың басында автордың біреуге ізет-құрмет сезімін білдіріп, кейде шығармасын соған тарту етіп отырғанын айтатын сөзі (орысша – посвящение) деген мағынада алып* [...] *қолдандық»* [3. 21 б.].

[1-сурет]. Ж. Сейдалиннің отбасы. 26.09.1913 ж.
Лейля Экштейннің жеке қорынан. Өлшемдері: 24×18 см.

Фотосуреттің қай қалада түсірілгені көрсетілмеген[15]. Жоғарыда келтірілген архивтік дерекпен салыстыратын болсақ: бұл фотосуреттен еш күмәнсіз Жансұлтан Сейдалиннің өзін, әйелін (Зере Жантөрина?), ұлдары Аббас пен Сапаржанды және қыздары Мәриям мен Гүлімжамалды анық көреміз. Ал қалған тұлғаларды есімдеп атау үшін мәлімет аз. Фотосуретте барлығы 9 тұлға бейнеленген:

Бірінші қатарда солдан оңға қарай отырғандар: 1) Мәриям Сейдалина, 2) белгісіз, 3) Зере Жантөрина? 4) Жансұлтан Сейдалин, 5) белгісіз, 6) Гүлімжамал Сейдалина.

Екінші қатарда солдан оңға қарай тұрғандар: 1) Аббас Сейдалин, 2) белгісіз (Жиһанша Сейдалин?[16]), 3) Сапаржан Сейдалин.

Архивтік тізімде көрсетілген жылдарды дұрыс деп есептесек: 1913 ж. фотосуретте Ж. Сейдалинге шамамен 56/57 жас, әйелі – белгісіз, Аббасқа – 23 жас, Сапаржанға – 17 жас, Мәриямға – 22 жас, Гүлімжамалға – 15 жас сәйкес келеді. Ал Ажар есімді қыз бұл фотосуретке түспеген көрінеді. Өйткені, 20 жастағы бөтен бір қыздың бейнесі байқалмайды.

Жансұлтан Сейдалиннің кемі үш әйелі болған деген деректер де кездеседі[17]. Сол себепті, антропологиялық тұрғыдан балалардың әкесіне де, отырған әйел – «анасына» да ұқсас болулары Зере Жантөринаның болмысын анықтауда септігін тигізуі мүмкін. Сейдалиндер отбасындағы балаларды есімдеп, анықтау үшін төмендегі фотосуреттер қосымша ретінде ұсынылады[18] [Қосымша А, В, С].

[15] Ж. Сейдалиннің Троицк өлкелік сотында қызмет атқарғаны мен балаларының сол қалада оқығанын ескерсек, фотосуреттің Троицкте түсірілуі әбден мүмкін.

[16] Жиһанша Сейдалиннің 1911 ж. бастап Троицкте өмір сүргені жайлы [9. 17 б.] және фотосуреттің түсірілген жылы, яғни 1913 ж. әлі де Троицкте қалуы құжаттар негізінде белгілі [9. 13-16 бб.]. Бұны ескерсек, ол аталмыш фотосуретке түсуі мүмкін. Бірақ қосымша деректердің аздығына байланысты белгілі бір қорытындыға келу қиын.

[17] Бұл туралы қараңыз: Рауф Гизатуллин, Гюльнар Муканова. Марьям Сейдалина – корреспондент журнала «Айқап». «Айқап» Халықаралық қоғамдық-саяси, ғылыми, әдеби-көркем журнал. №1(107). 2018. 113-119 бб. https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2020/08/aykap_1-2018.pdf.

[18] Бұл да.

[Қосымша А].
Мәриям Сейдалина.

[Қосымша В].
Аббас Сейдалин.

[Қосымша С].
Сапаржан Сейдалин.

Бейнеленгендердің киімдеріне назар аударсақ, барынша жаңа қоғамға сай киінгендерін (батыстық үлгідегі костюм мен көйлек) байқаймыз. Бұны, әрине, қалалы жердің ықпалы мен мемлекеттік қызметте болған Ж. Сейдалиннің ортасына байланысты десек, әйел кісілердің ақ жаулықтарымен отырғанын (символикалық тұрғыда) діни тәрбие мен ұлттық құндылықтардың сақталуы деп пайымдауға болады.

Фотоқұжаттағы инскрипт

Фотосуреттің екінші жақ бетінде [2-сурет]: «Учителю моихъ дѣтей // муллѣ Гарифу Валѣеву // Статский Совѣтникъ Джан- // Султанъ Сейдалинъ // 26/IX // 1913 г.» деген сия негізінде жазылған инскрипт орналасқан. [Қазақ тіліндегі текст: «Балаларымның ұстазы молда Ғариф Вәлиевке. Статтық Кеңесші Жансұлтан Сейдалин. 26/IX.1913 ж.» – М.Н.].



[2-сурет]. Фотосуреттің екінші жақ беті:
Лейля Экштейннің жеке қорынан. Өлшемдері: 24×18 см.

Ж.Сейдалиннің инскриптінен (немесе арнау жазбасы) мәлімет алу үшін әуелі оның жазылу мақсатын анықтап өткен дұрыс. Себебі, инскрипт автор мен адресаттың әлеуметтік рөліне қарай ерекшеленуі мүмкін. Мысалы, Е.А. Косых инскрипттің бірнеше түрін ажыратқан. Солардың бірі – «достық-ресми»[19] негіздегі жазбалар. Ж. Сейдалиннің қолжазбасы құрылымы жағынан аталмыш «достық-ресми» негіздегі инскриптке жақын. Себебі, онда *есім, лауазым* және *дата* ғана көрсетілген. Е.А. Косыхтың классификациясында инскрипттің басқа да түрлері кездеседі. Атап айтсақ, олар:

1. Инскрипт авторларының немесе адресаттарының саны бойынша: «индивидуалды-коллективті».

2. Адресаттық ерекшелігі бойынша[20]: «эксклюзивті-тираждалған (коммерциялық)».

3. Адресаттың сыйға алған затына қатынасы бойынша: «авторлық-тұтынушылық».

4. Адресаттың әлеуметтік рөлі мен жалпы адресаттық бағыты бойынша: «достық-ресми».

5. Инскрипттің жалпы семантикасы бойынша: инскрипт-тілек, инскрипт-алғыс, инскрипт-арнау, мемориалды-инскрипт.

6. Инскрипттердің бір тасымалдаушыдағы саны бойынша: «моноинскрипт-полиинскрипт» [7. 61-62 б.].

Осылардың ішінде «достық-ресми» түрден бөлек, «инскрипт-тілек» пен «инскрипт-алғыс» түрлері де Ж. Сейдалиннің жазбасын мақсаты жағынан анықтай түседі. Мысалы, Ж. Сейдалин өзінің отбасылық фотосуретін Ғ. Вәлиевтің Троицктен Новосібірге көшуіне байланысты сыйлаған болса, онда оның инскриптінде: «Балаларымның ұстазы... [болғаныңыз үшін алғыстымын, қош болыңыз. – М.Н.]» деген толық контексттегі ойы жасырынуы мүмкін. Осы мағынада автордың арнау жазбасын: «достық-ресми», «инскрипт-тілек», «инскрипт-алғыс» түрлері негізінде талқылауға болады. Арнау жазбасында қысқаша нұсқада бірегей тарихи, тарихи-мәдени және психологиялық мәліметтер бар [5. 37 б.] болғандықтан, тарихи тұрғыдан оны құнды дереккөз ретінде қарастырамыз. Осылайша, бұл арқылы:

1) Ғ. Вәлиевтің Ж. Сейдалиннің балаларына ұстаз болғанын;

2) Ж. Сейдалиннің 1913 ж. «Статтық кеңесші» лауазымын атқарғанын және өзін сол лауазыммен таныстырғанын өзге дереккөздермен салыстырып, нақтылау мүмкіндігіне ие боламыз.

Хронологиялық тұрғыдан Ж. Сейдалин мен Ғ. Вәлиевтің таныс болу кезеңін Троицк қаласымен байланыстырсақ, сәйкесінше, біріншісінің балалары Троицктің мектеп-медресесінде оқыды деген ойға келеміз.

Мысалы, Ж. Сейдалиннің 1899 ж. Троицк өлкелік сотының Мүшесі болып тағайындалғаны архивтік құжат негізінде белгілі [2. 103 б.]. Орынбор губерниясының 1913 ж. «Естелік кітабында» Ж. Сейдалиннің Троицк өлкелік сотында мүше екені анық жазылған [10. 182 б.]. Сондай-ақ оның есімі 1901 ж. «Адрес-календарь» кітабында Троицк өлкелік сотында *«коллеждік кеңесші Жансұлтан Сейдалин»* деп кездессе [11. 52 б.], 1917 ж. *«статтық кеңесші»* лауазымында таныстырылған [12. 82 б.]. Демек оның Троицкте көп жылдар бойы (1899-1917 жж. немесе 1919 ж. қайтыс болғанына дейін) өмір сүргені және балаларының сол қалада оқығандары нақтыланады. Айталық, Аббас Сейдалин Троицктегі ерлер гимназиясын 1914 ж. тәмамдаған [2. 106 б.].

Ғариф Вәлиев те Троицк медресесін аяқтап, XX ғ. басында сол қалада ұстаздық еткен. Мысалы: *«Расулия»*[21] *медресесінің оқытушылық ұжымы келесі тұлғалардан тұрады:* [...] *Ғариф Вәлиев Құранды, Дін ғылымын, арифметиканы, географияны, Қасиетті тарих пен татар тілін*

[19] Түпнұсқа мәтінде: *«Дружеский-официальный»* [7. 62 б.].

[20] Түпнұсқа мәтінде: *«По личностной адресатности»* [7. 62 б.].

[21] Расулия – Троицкте Зайнулла ишан Расуловтың бастамасымен 1884 ж. ашылған медресе. Ж. Сейдалиннің балалары осы ғимаратта оқыды деген ойды Ғ. Вәлиевтің сол медреседе ұстаздық еткенімен байланыстыруға болады. Толығырақ: А.З. Кулбахтина. Традиционная школа мусульман Башкирии на рубеже XIX-XX веков: монография. – Уфа: Изд-во БГПУ. 2012. – 12 п.л. pdf.

оқытты»[22] [13. 115 б.]. Осы деректер арқылы XX ғ. алғашқы жылдарында екі тарихи тұлғаның да Троицкте өмір сүргені ашықтала түседі. Сәйкесінше, инскриптте көрсетілгендей, Ғ. Вәлиевтің Ж. Сейдалиннің балаларына ұстаз болуы хронологиялық тұрғыдан сәйкес келіп, расталады.

Ғариф Вәлиев шамамен 1915 ж. қарай тұрақты түрде Ново-Николаевскке (Новосибирск) көшіп, өмірінің келесі бөлігін сол қалада өткізген[23]. Ж. Сейдалиннің отбасылық фотосуретін сыйлап, оған балаларының ұстазы ретінде арнау жабзасын қалдыруы Ғ. Вәлиевтің қоныс аудару себебімен байланысты болуы мүмкін деген тұжырымға әкеледі.

Қорытынды

Фотоқұжаттағы инскрипттің тарихшыларға, биографтарға, әдебиеттанушыларға және т.б. зерттеушілерге берер мағлұматы аз емес екені мәлім. Ғариф Вәлиевтің Жансұлтан Сейдалиннің балаларына ұстаз болғанын және араларында достық қарым-қатынастың өрбігенін фотоқұжаттағы инскрипт арқылы анықтап отырмыз.

Инскрипттің отандық деректануда «арнау», «арнау жазбасы», «авторлық қолтаңба», «автограф» және т.б. терминдердің негізінде қолданылуы деректану саласында қосымша зерттеу жұмыстарын талап ететінін қайталап өткен жөн. Терминнің әдебиет пен тарих салаларында бірдей бекуі соның төңірегінде қарастырылатын дереккөздердің зерттелуін де арттыратыны сөзсіз.

Мақалада инскрипттің XX ғ. басындағы тарихи тұлғалардың биографиясын зерттеудегі қосымша дереккөздік сипаты талқыланды. Нәтижеде фотоқұжаттық дереккөз бен фотоқұжаттағы инскрипт арқылы әртүрлі тарихи-әдеби және биографиялық мәліметтерді алып, оны зерттеу жұмыстарында пайдаланудың маңыздылығы көрсетілді. Ж. Сейдалиннің отбасы мен Ғ. Вәлиевтің дін жолындағы қызметіне қатысты кейбір деректер толысып, жаңа зерттеу сұрақтары туындады.

Фотосуреттің сақталу тарихы (қосымша бөлім)

Фотосуреттің сақталуы

2023 ж. Семей қаласының «Ескі мұсылман қорымында» бірнеше діни қайраткердің қабірі табылып, жаңалық жергілікті халық арасында мүмкіндігінше тарап үлгерді. Ақын Абайдың шәкірттік кезеңінде Семейде қызмет еткен имам-хатиб, мүдәріс[24] Ризаетдин Уәлитұлының қабірі де аталмыш қорымда сақталған [14. 6-15 бб.].

Ғ. Вәлиевтің ерте қайтыс болған баласы Зарифулла Ғарифұлымен мен Ж. Сейдалиннің отбасылық фотосуретін сақтап келген Мәриям Ғарифқызы да (1907-1971) Семейдің «Ескі мұсылман қорымында» жерленген [15].

М. Ғарифқызын жерлеу рәсімінде қаланың XX ғ. ақсақалдар қауымы мен белгілі молдасы Шакиржан қари (1913-2001) қатысып: *«Ғариф молданың қызы, біз оны танимыз»* деп имамды еске алған. Осы мағлұматты М. Ғарифқызының жиені Лейля Экштейн (1957 ж. туған) отбасылық мұра ретінде фотосуреттермен қоса сақтаған [16]. Автор мен Л. Экштейннің арасында болған сұхбаттың барысында Ж. Сейдалиннің отбасылық фотосуреті сақталғаны жайлы мәлімет белгілі болды[15]. Л. Экштейннің айтуы бойынша, фотосурет отбасылық архивтің бөлшегі ретінде сақталып келген. Атап айтсақ, әуелі Ғариф Вәлиевтің өзінде, ондан кейін Мәриям Ғарифқызында, ал қазіргі күндері – Лейля Экштейннің[25] қорында сақталған [15].

[22] Бұнда келтірілген архивтік деректің қай жылға тиесілі екені жазылмаған. Алайда дерек 1911-12 жж. сәйкес болуы тиіс. Бұл туралы толығырақ: А.З. Кулбахтина. Традиционная школа мусульман Башкирии на рубеже XIX-XX веков: монография. – Уфа: Изд-во БГПУ. 2012. – 12 п.л. pdf.

[23] Толығырақ: Мулла Гариф Валеев, имам-хатыб Новониколаевский и Новосибирский. 17.08.2012. http://www.islamrf.ru/news/culture/legacy/23516 (жүгіну мерзімі: 26.05.2024).

[24] Мүдәріс – медреседе сақбақ беруші ұстаз, дәріс оқушы.

[25] Автор отбасылық естеліктерін бөліскені үшін Семей қаласының тумасы, бүгінде Германияда өмір сүруші, имам Ғариф Вәлиевтің төртінші буындағы ұрпағы Лейля Экштейнге алғысын білдіреді.

[3-сурет].
Имам Ғариф Вәлиевтің фотосуреті.
Ново-Николаевск (Новосибирск). 1919 ж.
Лейля Экштейннің жеке қорынан.
Өлшемдері: 32×38 см.

Имам Ғариф жайлы қорытынды сөз

Ғ. Вәлиев Троицктен кейінгі өмірін Новосібірде өткізген. Оның бастауымен сол қалада 1916 ж. мешіт ашылып, 1919 ж. Бүкілсібірлік мұсылмандардың сиезі өткен. Өзі 1935 ж. қайтыс болып, Новосібірдегі «Мұсылман қорымында» жерленген.

Осы оқиғалардың барлығын XX ғ. басында түріктілдес халықтардың арасында өрбіген қоғамдық және мәдени қарым-қатынастардың жемісі ретінде білеміз. Ұлт зиялыларының алыс қашықтыққа қарамай, байланыстарының үзбегендері – осыған дәлел.

Әдебиеттер мен сілтемелер:

1. Д.А. Аманжолова. О визуальных источниках по истории движения Алаш. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. 2022. №1(138)/2022. 25–39 бб. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-138-1-25-39.

2. Н. Дулатбеков. Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері. – Алматы: «Таймас» баспа үйі. 2013. – 240 б.

3. Р.Нұрғалиев. Энциклопедия «Айқап». Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 1995. – 300 б.

4. Г.Пірәлі. Автограф. Алматы: «Елтаным баспасы». 2015. – 182 б.

5. Е.Косых. Дарственная надпись (инскрипт) в речевом поведении Homo Scribens. GISAP: Philological Sciences. №12 Liberal*(January 2017). Chief Editor – J.D., Prof., Acad. V.V. Pavlov. pp. 37–39. http://dx.doi.org/10.18007/gisap:ps.v0i12.1591 (жүгіну датасы: 4.05.2024).

6. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: «Ана тілі». 1998. – 384 б.

7. Е.А. Косых. Инскрипт в речевой парадигме социума: к проблеме классификации. Филология и человек. 2022. №1. 53–66 бб. DOI: 10.14258/filichel(2022)1–04.

8. В.Э. Молодяков. Дарственные надписи Валерия Брюсова на книгах и фотографиях: итоги и перспективы изучения. Брюсовские чтения 2013 года:

Сборник статей / ЕГУЯС; Ред. коллегия: Г.Р. Гаспарян и др. – Ереван: Лингва. 2014. – 658 с. pdf.

9. Алаш-Орда: Сборник документов. Сост. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Малое издательство “Айкап“. 1992. – 192 с.

10. Памятная Книжка Оренбургской губерніи на 1913 годъ. https://istmat.org/files/uploads/55283/1913_pamyatnaya_knizhka_orenburgskoy_gubernii.pdf (жүгіну датасы: 19.05.2024).

11. Адресъ-Календарь и Памятная Книжка Оренбургской губерніи на 1901 годъ. https://istmat.org/files/uploads/55283/1901_adres-kalendar_i_pamyatnaya_knizhka_orenburgskoy_gubernii.pdf (жүгіну датасы: 26.05.2024).

12. Адресъ-Календарь Оренбургской губерніи на 1917 годъ. https://istmat.org/files/uploads/55283/1917_adres-kalendar_orenburgskoy_gubernii.pdf (жүгіну датасы: 26.05.2024).

13. А.З. Кулбахтина. Традиционная школа мусульман Башкирии на рубеже XIX-XX веков: монография. – Уфа: Изд-во БГПУ. 2012. – 12 п.л. pdf.

14. М. Насыров. Семейдегі Ескі мұсылман қорымы. «Абай» Республикалық фольклорлық-этнографиялық әдебі-көркем журналы. 2023. №5 (162), 6-15 бб.

15. Автордың Лейля Экштейнмен сұхбаты. Семей – Фрайбург. 6.04.2024.

16. Бұл да. 27.04.2024.

ДИНА МҰХАМЕДХАН, *PhD доктор, профессор, «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығының» директоры. Бостон университетінің Білімнің халықаралық дамуы Магистрлік ғылыми дәрежесін алған. Семей, Алматы қалаларындағы ЖОО-нда дәріс оқыған. Орталық Азиядағы USAID Білім жобасының Академиялық директоры қызметін атқарды. Сондай-ақ, TACIS, Soros, UNESCO, АБР және тағы басқа халықаралық жобаларда сарапшы болды. «Ұстаз бен шәкірт – Мұхтар мен Қайым», «Отец и Сын – Мухамедхан Сейткулов и Каюм Мухамедханов – патриоты Отечества», «Фархинур Мухамедханова», кітаптарының авторы, «Шәкәрім мен Қайым: тағдырлас», «Қайым Мұхамедханов. Тағдыр және Қарлаг», «История страны в судьбах людей» кітаптарының құрастырушысы, Алаш алыптарының қанатты сөздері жинақталған «Алаш ұлағаты» кітабының орыс тілінде жазылған бөліміне қатысушы. Республикалық баспасөзде мәдениет, білім және азаматтық тәрбиеге қатысты мақалалары жарық көрген. Автордың «Шәкәрім шығармашылығын ақтау жолындағы Қайым Мұхаметханов күресінің хроникасы» мақаласын оқырман қауымға ұсынып отырмыз. Онда ғалымның табанды қайраткерлігі жан-жақты ашылған.*

ХРОНИКА БОРЬБЫ КАЮМА МУХАМЕДХАНОВА ЗА РЕАБИЛИТАЦИЮ ТВОРЧЕСТВА ШАКАРИМА

Шаһкәрім – Абайдың нағыз мұрагерлерінің бірі,
бірі болғанда – бірегейі.

Қайым Мұхаметқанұлы

Каюм Мухамедханов достойно стоит в одном ряду с Абаем, Шакаримом, Мухтаром. Не будь Каюма, не было бы создано прочных и чистых фундаментов этих наук и многое бы кануло в лету. Это нужно изучать и помнить, ведь только память и совесть отличает человека от всего остального мира и сохраняет народ. Наше общество долгие десятилетия находилось под разрушающим казахский народ сталинским режимом, а его деградирующие моральные последствия до сих пор не преодолены и уроки тех страшных трагедий, к, сожалению, не были извлечены. И более чем тридцать лет современной истории привели к дальнейшему падению духовных устоев, что, несомненно, отразилось на качестве науки и образования. Мы все ответственны за сохранение исторической правды и справедливости, от этого зависит будущее народа.

Реабилитация имени и творчества Шакарима, написание его научно-творческой биографии, сохранение методом текстологического анализа канонических текстов Шакарима и подготовка к публикации произведений поэта в запретное время, а также увековечение его имени в наименовании Семипалатинского пединститута и инициирование вопроса о создании первого памятника поэту, – это и многое другое является непревзойденной заслугой ученого Каюма Мухамедханова в сохранении достойной памяти о Шакариме и в построении им науки шакаримоведения. Он создал прочные и чистые фундаменты наук абаеведения, шакаримоведения, алашеведения и мухтароведения.

Необычайный и многогранный талант и человеческие качества, сильный дух и мужество, унаследованные сыном от отца и безграничная преданность ученика своему учителю М.Ауэзову стали определяющими в его служении народу, в сохранении исторической правды и справедливости. Необходимо отметить и такие важные факты, имевшие значение в его

открытиях. Каюм никогда не состоял в партии. Он никогда не примыкал ни к каким группировкам по принадлежности к тому или иному роду или географическому региону. Каюм никогда не вертелся как флюгер в разные стороны в зависимости от направления ветра, а потому он смог так много сделать для сохранения культуры казахского и других народов. Он оставил для будущих поколений достойный и вечный пример истинного ученого и педагога, патриота родной земли.

Сохранение правды в истории, в науке немыслимо без борьбы, а бороться дано не всем ученым: слишком высока морально-духовная планка, которую выдерживают немногие. Борьба К.Мухамедханова за реабилитацию имени Шакарима и его творчества, как и многих других знаковых личностей казасхкого народа, началась еще в 1930-е годы: тогдашний режим физически уничтожил достойных граждан, а потом запретил их имена и произведения, преследуя цель превратить народ в манкуртов. Ученого лишили свободы за научные принципы и новые открытия в науке и никто не заменил его в этой борьбе. Он был готов отдать свою жизнь за народ: «Человек умирает только один раз. Если я и умру, то, что моя смерть, когда такие люди как алашордынцы погибли?!», «Школа Абая есть!» – таков был ответ Ер казаха Каюма на пытки в 1951 году. Вернувшись из Карлага, ученый продолжил бороться. Его твердая позиция и неустанная упорная борьба постепенно приносила результаты, и это был долг сына перед памятью отца Мухамедхана Сейткулова (1870-1937), перед памятью посетителей его исторического дома. Тексты Шакарима, как и многие тексты XV-XX вв. Каюм с молодости знал наизусть и сохранил их каноническую чистоту, а тексты – это основа культуры народа.

Еще в 1940-е годы он включил Шакарима в свое научное исследование о поэтической школе учеников и последователей Абая. Напомним, что диссертация, которую он писал под руководством М.Ауэзова, была готова в 1941 году. В 1945 году он также был готов к защите, о чем говорят отзывы М.Ауэзова, Е.Исмаилова и др., но зашита состоялась только в 1951 году.

И все это время его борьба за Шакарима не прекращалась: она длилась несколько десятилетий вплоть до выхода в 1988 году Постановления ЦК Компартии Казахстана о Шакариме. И текст Постановления, как впрочем и само Постановление были результатом его труда и борьбы.

В 1940-1950-е годы он оставался один в этой борьбе, но и один человек может много сделать, наконец появился результат: в начале 1960-х годов впервые была создана комиссия по Шакариму, логично, что на этом этапе и далее эпизодически появлялись те, кто поддерживал его в этой борьбе. Надо признать, что целеустремленно и упорно весь путь тернистый путь с 1940-х гг. по 1988 год он все-таки проходил один.

Приведем старую запись из библиотечного каталога: Абайдың Шәкәрімнің жас кезіндегі мінезін сынап айтқаны [Қолжазба]: тапсырушы Қ. Мұхамедханов. - 1940-1947. - 1 п. - Қ-631. - №9. - Латын әрпінде. - ҚР ҒА кітапханасында сақталған.

Это лишь маленький эпизод из очередной передачи К.Мухамедхановым на хранение в Академию наук КазССР найденных и прокомментированных им материалов, имеющих отношение к Абаю и Шакариму, и таких материалов в те годы он передал много. Трудные экспедиции в отдаленные аулы и постоянная работа в архивных завалах, поиски и находки, исследование и комментирование, сохранение и восстанавление текстов и передача бесценных материалов на государственное хранение в Академию наук КазССР, в музеи и архивы, – этим он занимался с молодости и всю жизнь. Это была мисссия порядочного ученого. Он бы предан памяти о Шакариме так же, как был предан памяти обо всех посетителях родового дома: друзья отца для него стали родными людьми.

С детства в моей памяти отпечатался образ Шакарима. Его фотографии хранилась у нас в доме среди сотен фотографий других исторических личностей. Абай и его ученики, Шакарим и алашордынцы, жырау и батыры, акыны и деятели театра и многочисленные потомки исторических личностей, которых он сам находил и всячески поддерживал, - он все собирал и бережно хранил, подписывал имена и комментировал фотографии и документы. Ученый впервые на собранных им фактах написал полные биографии многих людей, а главное – сохранил и восстановил, научно прокомментировал их про-

изведения. Помню оригинальную, изогнутую посередине фотографию и несколько ее копий, кроме того, в доме был большой портрет Шакарима. Люди приходили в дом Каюма постоянно, с раннего утра до позднего вечера, в выходные и праздничные дни. Склонившись над фотографией Шакарима, они подолгу ее рассматривали, а отец что-то увлеченно им рассказывал. Они его внимательно слушали, задавали вопросы и опять погружались в изучение фотографии и в повествование отца. По детской наивности я думала, что все, кто изображен на фотографиях, это наши родственники. А о ком можно было так тепло и душевно говорить и хранить память о них, их фотографии и документы, а еще находить их родных и заботиться о них? Каюм с детства запомнил все книги, которые были в домашней библиотеке его отца, среди которых были книги Шакарима: изданные в Семипалатинске в 1912 г. поэмы Шакарима «Қалқаман–Мамыр», «Еңлік–Кебек», а также «Қазақ айнасы», «Шежіре». Шакарим был частым гостем в доме М.Сейткулова в Семипалатинске, а Каюм вспоминал рассказ своего отца: «Он был красивой внешности, высокий и видный человек. Шакарим был мастером на все руки и он сам себе шил одежду, головной убор и даже кожаную обувь. Он умел делать инструменты – домбру и скрипку».

В один из приездов в Семей Шакарим остановился у Мухамедхана. Как-то утром, попив чаю, Шакарим решил прогуляться по городу и сказал, что вернется к обеду. К обеду он не вернулся. Мухамедхан Сейткулов забеспокоился и стал искать его. Через некоторое время в дом пришел полицейский и сообщил, что Сейткулова вызывают в участок. Как оказалось, Шакарима задержали на улице полицейские и доставили в участок. У него не было при себе документа и он только смог назвать имя Мухамедхана, в доме которого остановился. Высокий, нестандартной внешности, в оригинальной, сшитой им самим одежде, в длинном шапане он показался стражам порядка подозрительным. Они приняли его за шпиона и арестовали. Мухамедхан сразу же пошел в полицейский участок и освободил его. А известная всем фотография Шакарима была сделана именно в этот приезд Шакарима в дом Мухамедхана.

Потомки репрессированных людей относились к категории врагов народа, советская власть их опасалась и преследовала. Сын Шакарима Ахат был дружен с Каюмом. Ахата арестовали и посадили в одну из тюрем города Семей, которая находилась на острове Полковничий, а Каюм навещал его. Ахат просил Каюма быть осторожнее: «Айналайын, Каюм, не приходи, ты навлечешь на себя беду», но для Каюма зов предков был сильнее страха. Как известно, ученый был репрессирован за науку о школе учеников и последователей Абая, к последователям он отнес алашординцев. А вынесенный ему приговор – 25 лет лишения свободы приравнивался к смертному приговору: после победы в войне смертный приговор был заменен на этот срок.

Вернувшись из Карлага в 1955 году, находясь на краю пропасти, он рассказывал студентам о Шакариме и цитировал его произведения. А когда начались первые реабилитации, он вместе с Ахатом ходатайствовал, писал письма в Москву о реабилитации имени поэта. В 1958 г. они получили из Москвы долгожданную Справку о реабилитации Шакарима (ее фотографическая копия с тех времен хранится в архиве ученого), но борьба Каюма за Шакарима продолжалась. Теперь это была борьба за возвращение творчества поэта, и она продолжалась еще 30 лет!

Шлейф репрессированного всю жизнь тянулся за ученым. После возвращения из Карлага ему пришлось бороться за себя, за семью, за право просто жить и трудиться, за право говорить правду в науке и творчестве, а это, безусловно, включало борьбу за сотни запрещенных имен. Творчество Шакарима оставалась под запретом. Каюм неоднократно обращался в Семипалатинский обком Компартии Казахстана и Абайский районный комитет партии, поднимая вопрос о реабилитации творчества Шакарима. Он высылал свои исследования о Шакариме, Справку о реабилитации поэта, его фотографию и другие материалы. И это наконец дало результат. В 1962 году впервые была создана Комиссии по изучению жизни и творчества Шакарима. Комиссия провела большую работу на земле Абая, в

том числе опросила более 300 земляков Шакарима и сделала вывод: Шакарим ни в чем не виноват и не причастен к бандитизму, в чем его обвиняли. О работе этой комиссии подробно рассказано в большом рукописном документе Каюма, который составлял сам ученый.

Комиссия далее обратилась в ЦК КП Казахстана с предложением издавать Шакарима. Но ничего не происходило, и Шакарим оставался под запретом. Возвращение Шакарима к народу блокировали его убийцы и последователи сталинских репрессий.

Не найдя правды на родной земле, Каюм и Ахат решили обратиться в Москву. В марте 1964 г. Каюм составил письмо к Н.С. Хрущеву от имени Ахата. (рукописный вариант этого письма, составленный Каюмом, как и другие материалы, я передала в 2005 году в Центр/Музей Шакарима при Семипалатинском пединституте).

В 1970-е годы ученый направил материалы о Шакариме в редколлегии казахстанских и всесоюзных изданий, приложив написанную им полную научно-творческую биографию, исследовательские статьи и подготовленные им в печать произведения поэта, а также его фотографию, документ 1958 года о реабилитации и выводы комиссии от 1962 года. Он продолжал бороться и ходатайствовать. И кто бы еще смог бы, да и смог ли бы вообще идти по этому тернистому пути борьбы за справедливость: он все пропускал через свое сердце, ведь Шакарим стал родным для его отца, значит, для него.

В 1971 году в Семипалатинскую область прибыла делегация из Российской Федерации и гостей повезли на экскурсию в Абайский район, показывая достопримечательности, связанные с жизнью и творчеством Абая, в том числе, и его могилу. Делегацию сопровождали работники Семипалатинского обкома Компартии. После осмотра могилы Абая, Каюм сказал: «Здесь лежит еще один великий сын казахского народа, это – Шакарим» и он повел гостей к месту его захоронения.

«Ты нас всех погубил!» – возмущались партийцы, но Каюм, как и его отец, ничего и никого никогда не боялся. Совесть и память были для него сильнее страха.

Он не переставал просвещать народ о Шакариме. Такая борьба за Шакарима и распространение информации о нем за пределы Казахстана стала постепенно давать результат. В 1978 году в Ленинграде был издан коллективный сборник стихов поэтов на русском языке, куда вошли несколько переведенных стихотворений Шакарима. Я помню, как радовался отец, получив этот сборник из России. Но на родной земле Шакарим так и оставался под запретом, и ученый продолжал бороться за Шакарима, так же, как он боролся за Абая, за алашординцев и других достойных людей нашего народа. Эта борьба приносила ему только проблемы и неприятности, но он никогда не останавливался на этом трудном пути, потому что память и правда была для него превыше всего. Я всегда задаю себе вопрос: в наше комфортное время есть ли такие борцы за правду, за память о Каюме, который в трагическое время спас сотни имен?

В 1982 году К. Мухамедханов вновь обратился с письмом в ЦК КПСС и ЦК Компартии Казахстана, но даже с наступлением горбачевской перестройки в 1985 г. ничего не происходило. В то время в журнале «Огонек» начали публиковать статьи о белых пятнах нашей истории и открывалась засекреченная правда. Из небытия возвращались несправедливо забытые имена. Каюм с волнением читал эти материалы, радовался, и надежда не покидала его. Он выслал материалы о Шакариме в журнал «Огонек».

24 июня 1987 последовал его очередной запрос в Семипалатинский обком Компартии Казахстана. Обком в свою очередь направил докладную записку в ЦК КП Казахстана.

6 июля 1987 г. К. Мухамедханов отправил письмо-ходатайство Первому секретарю ЦК КП Казахстана Г. В. Колбину и Первому секретарю правления Союза писателей СССР В. В. Карпову. Письмо сопровождалось его объемным литературоведческим исследованием на более, чем 30 листах, приложенными к письму фото Шакарима, документом о его реабилитации и подготовленными Каюмом произведениями поэта.

31 января 1988 года последовало

повторное обращение Каюма Мухамедханова в Союз писателей СССР на имя В. В. Карпова, в, частности, Каюм писал о том, что наступило время гласности и его беспокоит молчание центральной писательской организации, других редакций и неизвестность о возможности опубликования материалов о поэте. Он еще 11 июля 1987 года отправил материалы в Москву, пришло уведомление: «Доставлено в Союз писателей СССР 15 июля 1987 года. Прошло больше полугода, а ответа так и нет».

23 февраля 1988 года ученый еще раз обратился к редактору журнала «Огонек» В.А. Коротичу. Такие шаги были вынужденной мерой и они были необходимы для того, чтобы начались изменения на родной земле Шакарима. Удивительно, но ведь все это время в редакции газеты «Қазақ әдебиеті» находились материалы Каюма о Шакариме, которые не публиковали: боялись «как бы чего не вышло», ведь указаний из центра, то есть из Москвы, не было.

Долгая и неустанная работа и борьба мужественного ученого и гражданина-патриота за историческую справедливость по отношению к Шакариму наконец дала результат. 7 апреля 1988 года Каюм Мухамедханов получил телеграмму от известного писателя Ади Шарипова: «Поздравляю, Шакарим реабилитирован директивными органами». И это поздравление не было случайностью. Это было признанием бесценного вклада К.Мухамедханова в реабилитацию творчества Шакарима и в увековечение памяти о великом поэте.

14 апреля 1988 года в газете «Казахстанская правда», а затем и в других республиканских изданиях было опубликовано Постановление «В Центральном Комитете Компартии Казахстана. О творческом наследии поэта Шакарима». Основой текста этого исторического документа стали исследования Каюма Мухамедханова.

А на следующий день 15 апреля 1988 года в газетах «Семей таңы» и «Қазақ әдебиеті» были опубликованы объемные, на нескольких газетных листах статьи Каюма Мухамедханова о Шакариме, его биография и произведения, впервые подготовленные в печать Каюмом. Так народ увидел произведения опального поэта.

Ученый К.Мухамедханов как никто другой имел полное моральное, научное и гражданское право первым выступить в печати Казахстана со статьями о Шакариме. В то время газеты сразу в нескольких номерах, а также и журналы опубликовали серию его статей о поэте и подготовленные к печати и прокомментированные ученым произведения Шакарима. Этот титанический труд (!), которым он занимался с молодости и всю жизнь, наконец, увидел свет в газетах. А книги репрессированного ученого и в то время не публиковали, но для ученого было важно другое: народ теперь знает имя поэта и его произведения, и это главное.

УВЕКОВЕЧЕНИЕ ИМЕНИ ШАКАРИМА В НАЗВАНИИ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА ИМЕНИ Н.КРУПСКОЙ

Необходимо сказать правду и о том, как происходило увековечение имени Шакарима в названии Семипалатинского педагогического института. С наступлением гласности и перестройки (1985-1987 гг.) Каюм пришел к ректору Семипалатинского педагогического института имени Н.К.Крупской Михаилу Семеновичу Панину с предложением о присвоении вузу имени Шакарима. Ректор попросил коллегу подготовить аргументированное письмо и поддержал ученого: «Хорошо. Будем отправлять в столицу». Каюм спросил: «Михаил, а, ты не боишься, что можешь лишиться своего места?», на что ректор ответил: «Ректоры приходят и уходят, все это временно, а имя Шакарима – это вечная ценность!». Сохранилось видео с этими воспоминаниями М.Панина. Он тогда не побоялся обратиться с ходатайством в вышестоящие органы. Между тем и в перестроечное время имя Шакарима вызывало недоумение: некоторые ученые и педагоги недоумевали: «Кто такой и почему его имя нужно присвоить педагогическому институту?», а сейчас находятся те, кто хочет присвоить себе лавры «борцов». И это тоже последствие падения нравов нашего общества за последние

более чем тридцать лет.

В одной из статей того времени Каюм поднял вопрос о необходимости соорудить «памятник Шакариму, который станет символом памяти по всем жертвам трагического времени».

Ученый также впервые раскрыл переписку Шакарима с великим русским писателем Л.Толстым, раскрыл содержание трех вопросов, заданных Шакаримом русскому писателю и привел его ответы. Он много что сделал и это еще предстоит открыть.

БОРЬБА ЗА ЧИСТОТУ НАСЛЕДИЯ ШАКАРИМА

Но борьба за Шакарима для Каюма на этом не закончилась. После выхода Постановления 1988 года многие взялись спешно готовить к печати свои книги с произведениями Шакарима, допускали ошибки и вольность в обращении с текстами. Однажды из Алматы к учителю приехал его студент Турдыкул Шанбай, работавший тогда в Академии наук. Он знал, что его учитель знает наизусть тексты Шакарима, а потому привез показать типографский набор книги Шакарима, которую подготовила Академия наук. Каюм начал читать, а потом предложил: «Вот тебе карандаш. Я буду читать Шакарима по памяти, а ты исправляй ошибки». И таких ошибок, которые выявил Каюм, как вспоминает Турдыкул, оказалось немало.

Впрочем, и сейчас мало кого волнует чистота текстов Абая, Шакарима и других исторических личностей. Получить финансирование, спешно что-то написать и издать в красочном переплете, отчитаться – вот это, к сожалению, стало нормой, а коммерческий интерес затмил истинные ценности. И есть ли сейчас такие ученые, которые также бережно относились бы к наследию и заботились бы о сохранности канонических текстов? Таких ученых, думается, нужно еще взрастить. Слишком долго длились репрессии, а моральная деградация общества повлияла на появление армии псевдоученых. Без исторической правды невозможно духовное очищение, а оно крайне необходимо всем нам для духовного возрождения.

Ученый глубоко знал не только жизнь и творчество, но и другую деятельность поэта. «Шакарим был действительным членом Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского императорского Русского географического общества, как и Р. Марсеков», – отмечал в записях Каюм, подтверждая это найденными им архивными данными с обозначением номеров каталогов и дел.

А преданность науке текстологии оставалась с ним навсегда. Когда-то М.Ауэзов поручил ему сохранить канонические тексты Абая, а ученик охватил этим поручением все культурное пространство нашего народа. «Народу не нужен искаженный Шакарим», – ученый оперативно реагировал на ошибки в текстах Шакарима, которые стали повсеместно тогда публиковать. Он приводил научные аргументы и комментарии, анализировал допущенные разными издательствами ошибки в текстах Шакарима. Он всю жизнь боролся за чистоту текстов, за правду, а потому достойно сохранил сотни имен и тысячи произведений.

ПЕДАГОГ- ПРОСВЕТИТЕЛЬ

Вот уникальный случай. Каюм Мухамедханов – непревзойденный педагог-наставник, который начал преподавать в родном вузе будучи студеном первого курса! Преподаватели увидели его педагогический талант и профессиональную готовность к профессии. До поступления в вуз он преподавал в школе № 11 и продолжи работу в школе, как и работу преподавателя вуза. И на какой бы должности ученый ни находился: старший научный сотрудник Музея Абая (1940-1947), а потом директор Музея Абая (1947-1951), Ученый секретарь правительственного юбилейного комитета по подготовке 100-летия Абая (1940-1945) или уполномоченный Союза писателей СССР по Семипалатинской области (1942-1949), старший научный сотрудник Академии наук КазССР (с 1948 года) и др., он всегда преподавал. В родном вузе Каюм работал до 1990 года, а потом был приглашен в Академию наук (1990-1996), а когда все дела, связанные

с подготовкой 150-летия Абая были завершены, он с 1996 года до самой смерти оставался с родным вузом в качестве научного консультанта. Таким образом, Каюм посвятил Семипалатинскому пединституту 67 лет жизни. А его общий педагогический стаж, начиная с 1932 года, когда он стал преподавать на курсах, составляет 72 года!

Кинаят Шаяхметов – ученик Каюма, доктор наук отмечал интересный литературоведческий факт. В казахской литературе существует всего три перевода русской прозы языком казахской поэзии. Это «Вадим» М.Лермонтова в переводе Абая, «Дубровский» А. Пушкина в переводе Шакарима и «Бедная Лиза» Н. Карамзина в переводе Каюма. Русская проза, переведенная языком казахской поэзии, объединила трех поэтов – Абая, Шакарима и Каюма. Данный перевод ученый сделал не в комфортных для писательского труда условиях, а в Карлаговских бараках. В письме детям он писал: «У одного товарища по несчастью оказалась эта книга». Он перевел повесть Н. Карамзина «Бедная Лиза» в Карлаге в начале 1954 года за 15 дней: «Настроение было соответствующее этой повести». Он был преемником традиций Абая и Шакарима.

Как мы уже отмечали, книги репрессированного ученого запрещали, ему разрешалось публиковаться только в газетах и журналах, а книги начали публиковать только в начале 1990-х годов, с наступлением независимости. Но он не отчаивался и всю жизнь просвещал в газетеах и журналах, на радио и телевидении, в аулах и на заводах, на курсах. Он нес в народ правду о нашей истории и культуре, а потому каждая его публикация становилась сенсацией.

Важные исследования о Шакариме и произведения Шакарима, подготовленные Каюмом, долго ждали своего часа. А что означает подготовить к публикации произведения? Это значит найти первоисточник, перевести тексты с арабской и других график, дать научные комментарии исторического, географического, событийного, личностого и других контекстов и организовать все для печати. Так пытливый ученый-текстолог работал по каждой историческуой личности, по каждому тексту. Статьи его о Шакариме были впервые опубликованы в газетах, журналах, энциклопедиях, а позже в книгах «Абайдың ақын шәкірттері», «Абай мұрагерлері» и в 10-томнике избранных трудов ученого. К.Мухамедханов в то время провел ряд прямых радиоэфиров и телевизионнных передач на Семипалатинском и республиканском телевидении, написал сценарии к документальным фильмам о Шакариме и стал консультантом к ним. Истинный педагог, он продолжал просветительскую работу о Шакариме и откликался на просьбы выступить в музеях, школах и библиотеках, в аулах и на заводах, на встречах с молодежью и общественностью. Он рассказывал о поэте так, чтобы заинтересовать любую аудиторию, сопровождая беседу демонстрацией документов и фотографий. Люди впервые видели образ вернувшегося из забвения поэта и прикоснулись к его творчеству. Поиск и нахождение, исследование и сохранение, борьба и просвещение – его миссия продолжалась с молодости и всю жизнь.

Тема «Шакарим и Каюм» требует отдельного изучения и введения в содержание образования в вузе. К, сожалению, в родном вузе до сих пор нет ни одного! курса, посвященного Каюму, в то время как их дожно быть много в таких предметах, как история Казахстана, прежде всего, краеведение и литературное краеведение, взаимосвязи культур, психология, литература казахская и русская и др. И, несомненно, глубоко разработанные темы и курсы о бесценном вкладе ученого необходимо включить там, где изучают Абая и Шакарима, Алаш и Мухтара, фольклор и эпос. Видно, уровень науки и образования не позволяет этого сейчас сделать, а потому для этой высокой цели нужно готовить новое поколение.

АРАП ЕСПЕНБЕТОВ, *көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Парасат» орденінің иегері, Семей қаласының және Абай ауданының құрметті азаматы. Семей қалалық ономастика комиссиясының мүшесі. «Уақыт өрнегі», «Шәкәрім және Сұлтанмахмұт», «Ақындары Алаштың», «Абай әлемі» сияқты монография, ғылыми зерттеу және оқулықтардың авторы. Шәкәрім университеті жанындағы «Абай және ұлттық руханият» орталығының жетекші ғылыми қызметкері. Облыстық «Абай жолы» кітапханасы әдеби жобасының Бас редакторы. Профессор Арап Еспенбетовтың «Қайым Мұхаметханұлы және Абайтану мәселелері» мақаласын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.*

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНҰЛЫ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қайым Мұхамедханұлы 2004 жылдың 30 маусымы күні фәни дүниеден озды. Дүниеге келгеніне 90 жыл толуына орай Семей қаласы әкімінің шешімімен Қайым Мұхамедханұлына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Осы конференция қарсаңында, тұжырымдап байқасақ біршама іс тындырылған екен. «Алаш» баспасынан 10 томдық жинақ жарық көрді. Бір қуаныштысы, бұл бұрынғы төрт кітапты тұтастай сөзбе-сөз қайталамайды екен, оған жарияланбаған біраз дүниелері қосылыпты.

Екінші – Астанадағы «Фолиант» баспасынан «Қайым туралы сөз» – «Слова о Каюме» дейтін үлкен естелік кітабы шықты. Бұл да болашақтағы жазылатын естеліктердің бастамасы, үлкен шаруа. Мерзімді баспасөздегі көптеген материалдар жарық көрді. Қайым Мұхамедханов атындағы әсем безендірілген дәрісхананың ашылу сәтінде бірге болдық. Ал атқарылмақ істер, болашақта біз жасауға тиісті жұмыстар одан да көп. Олар не: ғалым мұрасын жан-жақты зерттеу, жарияланбай қолжазба күйінде қалғандары болса әуелі көлемін анықтап, соңынан жариялауға ұсыну. Таңдамалы шығармаларының тым болмаса екі томдығын орыс тілінде шығару. Ғалым есімін мәңгі есте қалдыруға байланысты іс-шараларын нақтылап, жүзеге асырсақ, тек ұлтымыздың алдындағы борышымызды ақтау ғана емес, қазақ мәдениетіне қосылған қомақты үлестен саналары шүбәсіз.

Қайым Мұхамедханұлы «Абай және абайтану» ұғымдарын бір-бірінен ажырамастұтастықтаүнемі біздің құлағымызға құйды, жадымызға сіңірді. Абай қазақтың тілі, ділі, әдебиеті, мәдениеті, рухы, ұлттық санасы сияқты тиянақты түсініктерді көз алдымызға әкеледі. Ендеше Абай туралы сөз тұтас қазақ руханияты ұғымына ұласып кетері хақ. 1889 жылдан бері баспасөзде Абай жөнінде жазылған дүниелер қолымызда, мәселе сапалық-ғылымдық тағылымында.

Абайтану қазіргі таңда тарам-тарам тараулары бар іргелі ғылымға айналды. Абайтану асқан белес артта қалса, алар асу мұнартып қол бұлғайды. Демек, тындырылмақ шаруа баршылық. Осы орайда үлкеніміз бар, кішіміз бар, ғалымымыз бар, студентіміз бар үнемі жадымызда сақтайтын бір сөз бар, ол Міржақып Дулатовтың пайғамбарлық болжамы, осыны жадымыздан шығармауымыз шарт. Міржақып Дулатов: «Абай құрметі күннен-күнге артылар. Бірінші ақынымыз деп қадірлі халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар», – деген. Міржақып сәуегейлікпен

айтқан заманға аяқ басқандаймыз. Абайдың қадірін танып, қасиетін ұлықтаған зиялы ұрпақтың қолында толайым табыстардың куәсіндей том-том зерттеулер мен монографиялар жұртшылық игілігіне айналғалы қашан. Сондықтан біз абайтану жоқ, қазақтың ғылымы жоқ демей, барды көрмей, қол жеткенді елемесек онда парасатқа бастайтын жол болмайды. Табысқа масаттану да шынайы ғылымға жат мінез.

Сөз арасында әріптес қауымға, әсіресе, студент-шәкірттерге ащы шындықты бүкпесіз айтуды азаматтық парызым деп санаймын. Дәл бүгінгі күнге дейін Абайды зерттеуде науқаншылық белең алуда. 150 жылдық мерейтой қарсаңында жапа тармағай таласа-тармаса қолдарына қалам алып «абайтанушылар» тізімінен көрінгілері келсе, той тарап үлгерместен әлгі «зерттеушілерден» көз жазып қалдық.

Университеттер мен көпшілік жоғары оқу орындарында «Абайтану» арнайы курсы міндетті оқылатын пәндер қатарына енбейді. Академиялық институттың абайтану бөлімінің мерейтойлар кезеңінде істің басы-қасында болып, артынша жабық жатуы үлкен қамқорлықтың белгісі емес. Ұстазымыз Қайым Мұхамедханов көзі тірісінде осындай одағай жайларға қатты қамығушы еді.

Соңғы кездері Абай есімін алдына қалқан етіп ұстап, ақыл-ойға сыймайтын ертегі-аңызшылардың пайда болуына қалайша немқұрайлы қарайсың. Олардың қатары көбейіп кетсе, қоғамдық сана, ұлттық руханият үшін қауіпті құбылыс. Бірер ай бедерінде теледидардан қазақ мәдениеті төңірегінде өзінше ой бөліскен бір «шешен» сөзінің дәмін келтіру ниетінде Абайды куәге тартып: «Су ішкен құдығыңа түкірме», – деді емес пе ұлы Абай, бұл кәрінің де, жастың да есінде болуы керек деп, кіжіне, екілене сөйледі. Сеніп қала жаздадым. Абайды оқымайды, ұқпайды екенбіз ғой деп өз-өзіме налыдым. Ерінбей-жалықпай қос томдықты бірнеше рет аудырып шықтым, ондай сөз жоқ екен. Абайды өзінің қажетіне сәйкес бұрмалап түсіндіріп, ұлы ақын айтпаған сөзді айтқызып, тұнығымызды лайлап, жадымызды шимайлап жатса көлденең көк атты абыройдан айрыламыз. Абайдың әр сөзіне абай болайық! Қазынамызды қастерлейік, қасиет тұтайық, ағайын!

Абайтану ғылымының зерттеу объектісі үнемі молайып, көкжиегі кеңейе түсуі керек. Ұлы Әуезов негізін салып берген абайтану ғылымының Қайым Мұхамедханов араласпаған тармағы жоқ. Біз де шағын баяндамамызда қордаланған мәселелерді түпкілікті шешіп тастау міндетін өз алдымызға қойған жоқпыз.

Қайталап айта беруге, үнемі зерттеушілер көз ауласында болуға тиісті мәселе – текстология, мәтінтану. Әбден тексеріліп, қалыпқа түскен мәтінсіз байсалды ғылыми тұжырымға келу мүмкін емес. Данышпан Абай қапысыз айтқан: «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел!». Ақынның биік идеялық-эстетикалық принциптері өрнектелген. Дей тұрғанмен, «сөз түзелді» дегенде бастапқы қалыптағы мәтін ұғымының да есепке алынғандығын жадымыздан шығармайық.

Қайым Мұхамедханұлы өмір бойы Абай текстінің дәлдігін қадағалап, қолынан келгенше бір әріптің бұрмалануына жол бермеуге тырысты. Ал уақыт пен қоршаған орта өз таңбасын қалдырмай қойған жоқ.

Екі томдық шыққаннан соң да [1995 ж. – А.Е.] өзінің сөзінің өтпегеніне Қайым Мұхамедханов қынжылып, талай айтып еді. «Екі жүз елу сөзді түзеттім, жүз жиырма сөзге түсінік жаздым, бірақ баспаға берген кезде «өздерінше түзеткен», – деп қиналатын.

Мен бұл жерде бос сөзділікке бармай, Қайымның шәкірті Дәулет Сейсенұлымен сұхбатын ұсынайын: «Өзі Абайдың артына тастап кеткен өсиет-аманатын орындау үшін, ең алдымен, оның сөзін қалың бұқараға ақынның «іші алтын, сырты жақсы сөздерінің жақсысын» бұрмаламай жеткізе білуіміз керек. Рас, ақынның ұлы дүбір тойы қарсаңында соған талпыныс жасалғанын жоққа шығаруға болмас. Соған орай, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтында бұрын жабылып қалған абайтану бөлімі қайта ашылды. Осы бөлім ақынның екі томдық академиялық жинағын шығаруға кірісіп кетті. Бұл іске Семейде жатқан мен де шақырылдым. Абайдың бұл жолғы академиялық жинағы екеу емес, төрт томдық болып шығу керек еді. Амалсыз

осы екі томмен қанағат етуге тура келді. Ал енді бүгінде соның өзіне көңілім толмайтынын несіне жасырайын!», – деп жүрекжарды шындықты қамығып, қапаланып қайталайтын.

«Тегінде біздің академиялық жинақ туралы түсінігіміз қызық, – деп әңгіме өрбітер еді Қайым Мұхамедханов, бұрын да ұлы ақын шығармаларында қате кеткен сөздер тағы да қайталанып жататын-ды. Сөйтсек, әлгі академиялық жинақтың редакциялық алқасына енгендер шидің басын сындыруға ерініп, бұрынғы жинақтың парақтарын ақ қағазға желімдеп, баспаханаға сол күйі жібере салудан тайынбапты. Кейбір «білгіштер» ақынның 1909 жылы шыққан жинағын қолына ұстап көрмесе де, сенімен ақын өлеңдерінің текстологиясы хақында айтысқысы, салғыласқысы келсе, екіншісі: «Кәке, көз үйренген, қалыптасып кеткен сөзді өзгертіп қайтеміз», – деп сырғақсиды».

Болмаса тағы бір сұхбатында: «... біздің ауылдың ақсақалдары былай айтатын бұл сөзді», – деп қыңырланғанына қатты ренжитін. Кемпір мен шалдың сөзінен ғылым жасалмайды, Абайдың өзі қалай айтып еді, сол текске қарай ұмтылуымыз керек деуші еді. Ендеше әлі де Абайды зерттеу аяқталмайды. Әуелі дұрыс текст қолымызға тимей, соны түзеп алмай, барлығы салыстырып зерттелмей, әңгіме шырайы кірмейді.

«Абай шығармаларының текстологиясы жайында» Қ.Мұхамедхановтың күрделі еңбегі. Бұл тектес зерттеу әзір қазақ әдебиетінде жоқ. Ал зерттеу нәтижесінің іске аспауы ғылымға қиянат.

Енді тоқталмағымыз – «Абай және орыс әдебиеті». Іргелі мәселе. Абай нәр алған үш қайнар бұлақтың ең басымы орыс, батыс әдебиетінен алған үлгі-өрнектер екендігі үнемі құнтталып келгені белгілі.

Ілгеріректегі зерттеулерде бұл фактор басымдылыққа ие болып, ешбір дау туғызбайтын аксиомалық дәрежеде қарастырылатын. Дәл осы тұста саясат тигізген ықпал бар дегенді ойға да алмаушы едік.

Орыс және батыс әдебиеттерінің Абайға ықпалын саясаттан тыс, момақан мәселе қатарында қарастыру ағаттық екен.

М.Әуезов қайтыс болғаннан кейін 1967 жылы жарық көрген «Абай Құнанбаев» атты мақалалар мен зерттеулер жинағын құрастырып, алғы сөзін жазған ірі әдебиетші Ысқақ Дүйсенбаев. Сол кітаптың 48 бетінде Құнанбай айтыпты деген сөз келтірілген: «Кезі келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын: ең әуелі – сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің, жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге кәдірің болмайды. Екінші – көрінгенмен жақын боласың, кісі танымайтын, желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші мінің – орысшылсың».

Абай әкесіне өз пайымдауын ұсынады да, үшінші «орысшылсың дегенге – оның қолында зор қуат, өнер, білімі бар. Егер сол өнер-білімді үйренуден қашсақ, ол – надандық болар, жақсылық болмас. Мен өнер-білімі үшін орысшылмын», – деп жауап қатады.

Орысшылсың деген Құнабайдың сыны да, оған Абай жауабы да ақынның 1933, 1940 жылдардағы жинақтарының алғыс өздерінен алынып тасталған. Оның себебі де белгілі.

1932 жылы жарияланған әйгілі «Ашық хатта» М.Әуезов: «... өз шығармаларының көпшілігімен анығында беті ашық ұлтшылдық күйіндегі жазушы боп шықтым.... Түгелдеп айтқанда, төңкеріс жылдарының қоғамдық заказы мен төңкерісшіл жұртшылықтың тілегіне біржолата үйлеспейтін сөздерім болған... Соған ұқсаған қателер Абай шығармаларын тексеруімде де бар», – дейді.

Үш ғасырға созылған бодандық бұғауы тоталитарлық жүйе теперіші қателеспесе де «қателестім», адал болса да «жаздым, жаңылдым» дегізді еріксіз.

Жоғарыда көрсетілген 1967 жылғы кітапта «орысшылсың» деген сөзден кейінгі «орыстың дұшпандығын ұмытасың» деген Құнанбайдың сыны алынып тасталған, ал оған Абайдың берген жауабы саясат әуенімен «редакцияланып» кеткен.

М.Әуезовтің 50 томдық жинағының сегізінші томында Абайдың жауабы ұлы жазушының музей-үйінің архивтік

қорынан алынып төмендегіше берілген: «Орысшылсың дегенге: заман орыстікі, ол жеңген, біз жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білмесең, алысқа шығудан мағына жоқ. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі алуға керек» (71-б.). Жалпақ жұртты ауызына қаратқан Құнанбай пайымы мен кемелдікке талпынған Абай танымы жарыса бой көрсетеді. Бодандық қамытын киген елдің өкілі Құнанбай мен Абайдың патша саясаты және орыс отаршылдығына қатысты қалыптасқан тиянақты түйіндері бар. Түрмеге қамалған, тінту көрген, үйқамақта отырған, маңайын тыңшылар шырмаған, жөнсіз, жосықсыз айып тағылып, тентіреп ұлықтың есігін тоздырған әке мен бала жүрегіне шаншудай қадалған өктемдік із-түссіз қалған жоқ, көкіректерінде шемен боп қатты.

Қитұрқы саясаттың соңынан әлі де көзсіз ере бермей, әсіресе, «Абай және орыс әдебиеті» аңғарында сөз қозғағанда жоғарыдағы ойларымыз зерттеушілердің назарынан тыс қалмаса еңбегіңіздің еш кетпегені.

Қазақ әдебиетін орыс әдебиетінің шәкірті ретінде ғана тану тоталитарлық жүйенің көлгір саясатының елесі есебінде ғана қабылдануы керек бүгінде.

Келесі проблема – Абай шәкірттері, Абайдың ақындық мектебі. Бұл – Қайым Мұхамедханов ұстазымыздың басты тақырыбы.

Абайдың ақындық мектебі сияқты құбылыс–қазақ әдебиетін былай қойғанда, әлем әдебиетінде де ұшыраспайтын сирек құбылыс. М.Әуезов жазады: «Өзге ақындар «шәкірт» деп аталған соң, Абай әрине, олардың басшысы – ұстаз болмаққа керек. Әрбір әдебиеттік мектеп осындай аға ақын мен іні ақындардың екі буынынан құралатын болса, ең алдымен сол әдебиеттік мектепте басшы ақынның бағыты, стилі, өзгеше идеялар, өз халқының әдебиет тарихына кіргізген анық тарихтық көркемдік жаңалықтары – қысқасын айтқанда, барлық қасиеттері әр алуан бой көрсететін болады».

М.Әуезов негіздеп, қалыптастырған Абай шәкірттері жөніндегі ғылыми тұжырым көпе-көрнеу бұрмаланып, қаншама қиянпұрыс пікірлер айтылмады?!

Қ.Мұхамедханов 1951 жылы «Абайдың ақындық мектебі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. М.Әуезов пен оның шәкірті Қ.Мұхамедхановты кінәлап, тырнақ астынан кір іздегендер: «Абайдың ақындық мектебі» деген не?! Ол қандай мектеп?! ... Орыс әдебиетінде жоқ мектеп бізге қайдан келген?! ...», – деп бет қаратпаса, кейбірі: «Бұл ақындық мектеп тек Абай аулында болғаны ғой!...», – деп келемеждеді. Бұл – ғылыми айтыс емес, Қайым ағамыздың ұстазы, кемеңгер М.Әуезовке тура бағытталған дөрекі шабуыл еді. «Жаптым жала, жақтым күйенің» «нәтижесінде» Мұхамедханов Карлагтың қаншеңгел тырнағына ілінді.

Тар қапастан құтылғаннан соң қайсар ғалым 1958 жылы «Абай төңірегіндегі ақындар» деп ат қойып, кандидаттық диссертациясын қайта қорғаады.

Екі диссертация нұсқасын салыстырып оқып қана қоймай, ежіктеп оқу шарт. Негізгі діңгекті ойдан ауытқымағынымен кей тұстарда шегініске барып, айтпақ ойларын бүркемелеуге мәжбүр болды. Тумысынан алған жолынан қайтпайтын, қандай қиыншылыққа кездессе де шындықтан ауытқымауды зерттеушілік жұмысының басты кредосы етіп алған Қ.Мұхамедханұлы таңдаған тақырыбына өле-өлгенше адалдығын дәлелдеп кетті.

Абай ұлттық идеяның жүйе ретінде қалыптасуының бастауында тұр. Сондықтан да Абайдың әдебиет мектебі, ақындық дәстүрі ұғымдары мазмұн жағынан көкжиегін кеңейтіп, ғылыми-теориялық маңызды салаға ұласа алды.

Абайдың ізбасарлары, шәкірттері ұлттық сезімнің ұлттық санаға ұласып, шырқау биікке бағыт алған шығармашылық еңбектерімен қызмет жасап, ХХ ғасырдың бас шенінде қазақ әдебиеті арқалаған зілбатпан салмақты қайыспай көтерген ренессанстық тұлғалармен қарым-қатынаста маңдай терлерін төкті. Бір сөзбен түйіндегенде, Абайдың әдебиет мектебі ақын-шәкірттері, ақындық айналасы ұғымдары қазақ әдебиеттану ғылымына қайта оралды.

Жазушы кітапханасы – қазақ әдебиетшілері жете мән бермей келе жатқан мәселелер санатында. «Қазақтың бас ақыны – Абай» (А.Байтұрсынов) кітапханасы зерттеу объектісіне толық енбесе, ол қуанарлық жағдай емес. Ақын кітапханасы түптеп келгенде жазушы лабораториясының құпия сырларын ашуға жәрдемдесетіндігін ескерсек, мәселе тіпті маңыздана түседі.

Мәдениеті дамыған елдерде жеке кітапхана, әсіресе, жазушы кітапханасы проблемаларына айырықша көңіл бөлінеді. Алысқа ұзамай-ақ орыс әдебиетіндегі жатымды үлгілерге үңілейік.

Әдебиет зерттеушісі Б.Л.Модзалевскийдің ұлы Пушкинге арнаған бірнеше кітабы бар. Соның ішінде әдебиетшілердің қолынан түспейтіні – «Библиотека А.С.Пушкина». «Исследователю подчас прямо необходимо бывает знать, для правильности вывода, что именно читал он, имел ли он в руках то или другое сочинение, в какой мере был он знаком с ним, какие места книги остановили на себе его внимание», – деп қадағалайды Б.Л.Модзалевский.

Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, А.С.Пушкиннің жеке кітапханасында мөлшермен 5000-дай кітап болған, көбі жоғалып кеткен. Пушкин музейі қызметкерлерінің жанкешті еңбегімен 1500-дей дүние жиналған. Оның ішінде тізімдегі ұлы ақын кітаптары, не фотокопиялары, болмаса дубликаттары қорға түскен, паспортталған. Осының ішінде бағажетпес қымбаттылары – А.С.Пушкиннің таңдану, не сұрақ белгілерін қойған тұстары, асты сызылған, я болмаса жазбаша белгі салған жерлері. Сол бойынша ақынның оқырман ретіндегі мінез-құлқы, табиғаты сараланған. Айтайын дегенім осы тектес ізденістерге төл әдебиетті зерттейтін ғылымымыз мұқтаж.

Ізденімпаз ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Кемеңгердің кітапханасы» («Парасат», 1995, №8) және «Абай Құнанбайұлы» (Ақиқат, 1995, №8), мақалалары мәселені тұңғыш рет арнайы қойуымен қымбат. Он жыл өтсе де кейінгі жас зерттеушілер тарапынан қолдау таппауы қынжыларлық жағдай.

Иә, Абайдың жеке кітапханасы болған. Семей шәһарындағы кітапханалардың баршасының тұрақты оқушысы Абай онымен қанағат етпей, басқа ірі қалаларға барған туыс-таныстарын, жақын жолдастарын, балаларын базарлыққа кітап сатып әкеліп сыйлауға дағдыландырып, дәстүрге айналдырған.

Өкініштісі, бірнеше монографиялар мен диссертацияларға жүк боларлық кешенді тақырып жабулы қазан күйінде қалуда.

Жеке кітапхана жинау өнегесімен шектелмей жастарды оқуға тәрбиелеу, пікір жарыстырып, ой таластыру, оқыған, естіген дүниелерді сыннан өткізу, тағысын тағылар ұлы ақынның айналасына ізденімпаз өнерлі жастардың шоғырлануының алғышарты іспетті.

«Жас кезінде парсы жұртының ертегілерін: Иамшіт, Қаһарман сықылды кітаптарын да көп оқысаң керек. Өзім көрген «Мың бір түннің» кітабын оқып, алғаш біздің елге «Мың бір түнді» таныстырған кісі менің әкем еді. Орыс кітабындағы Густав әмір сықылды әңгіме кітаптарды оқып елді таныстырды, біздің ел «Мың бір түннен» жалығып орыс романдарына әуестеп кетті», – деп еске алады Турағұл Абайұлы («Әкем Абай туралы», Алматы, 1993).

Бұл – мың мысалдың бірі ғана. Ақын кітапханасының бізге көрінген шет пұшпағы.

Задында қазақтың сәлемдесуі, қонақ күтуінде дәстүрлі мәдениеттің көрінісі айқын десек, оның үстіне Абай аулында ертегі, әңгіме айту, шежіре тарату, ән салу, күй шерту, сал, серілер өнерін тамашалау, ақындарды айтыстыру берік ірге тепкен мәдени құбылыстардан саналған. Дойбы, тоғызқұмалақ ойнау, салбурынға шығу, саят құру қазақтың атадан балаға мирас өнері де осында. Ұзатылған қыздың жасауының көркі дана ақын өлеңдерінің көшірмелері болса Абай аулының мәдениеті емей не дерсіз?!

Осы тізбелеген дүниелер зерттеу нысанына айналар күн алыс емес. Ләйім солай болғай.

ҚАЙЫМ МҰХАМЕТХАНҰЛЫ

ҒАРИФОЛЛА ЕСІМ, *көрнекті философ-ғалым, жазушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Абайтану және Шәкәрімтану саласының қалыптасуына даралық көзқарасымен келді. «Хакім Абай», «Данышпан Шәкәрім», «Кемеңгер Мұхтар» және «Ғұлама-наме» сияқты іргелі еңбектердің авторы. Ойшылдың жиырма кітаптан тұратын «Сана болмысы» атты ғылыми-сериялық еңбегі – қазақ фәлсапасының мәйегі. «Мұң» атты фәлсапалық романы, «Жар жағасы» жинағы қазақ фәлсапалық прозаның қалыптасуында өзіндік орны бар шығармалар. Академик Ғарифолла Есімнің «Ұстаз ұлағаты» мақаласы ұстазы Қайым Мұхаметханұлына арналған эссе-арнау.*

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Бала кезімде атам Есімнен талай естігенім:

- Балаларым, қарақтарым неге қазақша сөйлемейсіңдер? – деген ескертпесін.

Сөз жоқ бәріміз қазақшамыз, ол кезде орыс тілі әлі қонбаған. Атамызға қазақша сөйлеудеміз деп ақталамыз. Атамыз одан сайын мейірлене түсіп:

- Айтпағым сөздің ұлағатына мән бермейсіңдер – дейтін. Ол кезде мен үшін сөз ұлағаты түсініксіз, қабылдай алмаймын.

Есейе келе ұлағат дегенге ерекше мән бере бастадым. Ұлағат – сөз мағынасын түсіну. Сөз мағынасын кім түсіндіреді, әрине, ұстаз. Сөздің тереңін ұғындырушы – ұстаз. Сөз туралы күллі қазақтың ұстазы хакім Абай қалай тамаша айтып еді: «Терең ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз».

Сол еркеленіп шыққан сөзі ұғыну – ұлағат. Қайым аға сөздің мәйегіне дейін тамаша айтатын ұлағатты ұстаз еді.

Ол бізді сөзге тәрбиеледі. Студент кезімізде көпшіліктің аузынан түспеген бір ақын туралы, бізге шәкірттерге мұндай өлең болмайды, мұнда шын шыңыраудан шыққан поэзия жоқ деп, дәлел үшін екіүш шумақ өлеңді келтірейін. Біз аң-таңбыз мұндай поэзияға құлап түсіп:

- Бұл қандай тамаша өлең кімдікі дейміз жамырап, ұстаз сабырлық танытып:

- Бұл бір керемет ақынның өлеңі дейді, ақынның есімін айтпайтын, оны айтуға болмайтын «халық жауы».

Көп кейін білдік, ол Мағжан Жұмабаевтың өлеңінен үзінді екен.

Хакім Абай «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» демеп пе еді. Сөздің патшасы деу – сөздің ұлағатын тану.

Тағы да бірде, сол кезде аты әйгілі болып қалған бір жазушының республикалық журналда жарияланған әңгімесін бізге таныстырып:

- Бұл көркем шығарма емес, сөздің қадірі қашқан – деді де, міне нағыз көркем проза деп, үзінді оқыды.

Біз, ұстаз сіз проза ма, поэзия оқып отырсыз ба дедік, мәтінге таң қалып. Қайым аға бұл көркем проза – деді. Ғажап мәтін, бұл кімнің шығармасы деп сұраймыз, ұстазымыз «бұл жазушының шығармасы» деп әрі айтпады.

Кейінірек білсек, ағамыз Жүсіпбек Аймауытовтан үзінді оқыпты. Ол кезде ол «халық жауы» оқытылмайды.

Бұдан әрі ұстаз өлең, көркем проза, сөз құдіреті туралы терең толғауларға кететін. Тәптіштеп Абайды түсіндіретін. Әттең ұстаз дәрісін жазып алмадық, ол кезде жазатын «техникада» шамалы. Бірақ, бір мәселе санамда әбден ұялап қалды.

* * *

Қайым аға, ұстаз 1951 жылдың бірінші желтоқсанынан 1954 жылдың 9 желтоқсанына дейін түрмеде отырып шықты. Жазықсыз үш жыл азап шекті. Түрмедегі тұрмысты айтқанды

ұнатпайтын, біз қазбалап сұрамайтынбыз. Алдымызда жас жігіттей жайнап түйдек-түйдек дәріс оқып отырған ұстазымызды түрмеде, азапта болды деуге қимайтынбыз. Түрме дегеннің тұқымы құрысын! Біз секілді жастардың түсінігінде түрмеде қағылған-соғылған ұры-қаралар отырады. «Халық жауы» деген қасірет санаға әлі түбегейлі сіңбеген. Ойымыз қалайша асыл текті жандар түрмеге түспек. Көзі шыққыр коммунистік партия әлі сана сезімімізді улауда. Қазір байқасақ, коммунистер (бандиттер дей беріңіз Ғ.Е.) тарихын аттай-шаппай тұтас бір жыл оқып, емтихан тапсырған босқа кеткен уақытты қайда қоямыз. Реті келген соң, айта кетейін «КПСС тарихы» дегені тура, алайда ол кезде бұлай дей айлмайсың.

Дастархан басындағы бір шағын оқиға. Партия тарихынан доп-домалақ бір қасқа сабақ беріп, оны педагогика ұжымы партия хатшысы етіп сайлаған. Дастархан басында әлгі К. деген және Қайым аға өзгелер отырған.

???? асқан партком хатшысы К. өзінше кісімсініп:

- Кәке, Қайым ағаға қарап:

- Моральный шаршап отырмын демесі бар ма, Қайым аға, қылышын суырып алып (метафора):

- За то, политикаға мықтысың, іш мына арақты деді. Дастархан басына отыра қалған партия қызметкерлерінің әбден мазақтап зықыларын шығаратын болғандықтан дастарханнан тез кетуге тырысатын. Үш жылғы түрмедегі өмірі кей-кейде (өзі де сәл көңілденіп) қазандай қайнап шығатын. Біз түсінетінбіз, қиналатын біз, бірақ өткен іс өтті. Болары болды, бояуы сіңді, дегенмен, мен ағаның үйінде жиі болатынмын, сонда сәл жібіп отырғанда, түрме есіне түскенде көзінен жас парлаушы еді. Амал қанша, іштегі ыза сыртқа солай шығатын.

* * *

Ойымызға оралайық. Аға түрме жайын айтпайтын дедік, бірақ бір әңгімені, менің әбден есімде сақталды. Ол кейін шығармашылығының, әсіресе абайтанудағы темірқазыққа айналды.

Әңгімесін түрмеде рахат деп бастайтын. Қайдағы рахат. Айтар сөзге мән бересін дегені ғой.

Иә, сонымен, түрмеде Москва, Ленинград қалаларынан ғылым докторлары, профессорлары болды. Біз жастар өмірден түңіліп кетпесін дей ме, әйтеуір, кешқұрым олар біздермен шұғылданатын, есімде біреулерге тіл үйретті. Менің әдебиет маманы екенімді білген профессор мынандай мәселені бірнеше қайтара айтатын, ол өлеңді талдауға қатысты.

Ұстаз айтады, бізде өлең талдайтын мамандар жоқ. Өлең талдағанда, айталық Абайдың барлық өлеңдерін шолу жасап кетеді. Ол дұрыс емес екен, талдасаң бір өлеңге, не оның бір шумағына, не бір өлең жолына талдау жасау керек. Бұл мәтіндік талдауды герменевтикалық әдіс дейді.

* * *

Ұстаз ойы енді оянуда. Ол кісі: «Тоты құс түсті көбелек» деп басталатын үш шумақтан тұратын өлеңді жиі мысалға келтіре айтатын. Біз түсінген болып қабылдағанмен, өлеңнің түп мағынасына жетпеппіз, себебі өмір тәжірибесі шағын болғандықтан табиғат, Адам, қоғам деген кереметтерге үстірт қараппыз.

Өмір тауқыметін тартып, біздің алдымызға дәріс оқуға шыққан Ұстаздың табиғат, Адам және заман туралы түйгендері хакім Абай өлеңіндегі терең ойлармен иықтас болғандықтан, біздерге бұл өлеңді қайталап айта беруші еді. Шөлдемесең судың қадірін білмейсің, ашықпасаң ас қадірін білмейсің дегендей ұстаздың айтқанын дәл сол кезде, бізге түсіндіргісі келгендей қабылдай алмадық. Ұстаз ойы енді санамда оянуда (көп кейін).

Әңгіме не туралы.

Тоты құс түсті көбелек, жаз сайларда еліп-еркін, өзінше рахат күй кешуде, алайда оның ұшып қонатын бәйшешегі солып, күйреді, енді бәйшешек оған пана емес, амалсыз тағдыр кез келіп, енді көбелектің өзі өлді. Бұл табиғаттың көрініс-болмысы. Осылай көбелек ғұмыр мәңгі емес, ойлан, сенің өзің көбелек емессің бе?!

Көбелек ғұмырды бір десек, енді дүниенің келесі сатысы тұр, ол адамзатқа қа-

жеттілік.

Хакім Абай адамзатқа не керегін санап, саралап берген: сүймек, сезбек, кейімек, харекет қылмақ жүгірмек. Осылардың нәтижесінде ақылмен ойлап сөйлемек. Болды. Енді алда көбелек ғұмыр тағдыры Адамда уақыты болғанда Жан тапсырмақ. Ақын оны ашып айтпаған, бірақ айтпаса да түсінікті Ғұмыр көрінісі көбелек, ол өз мезгілінде гулейді, яғни сүйеді, сезеді, кейін??? харекет қылады. Адам болған соң, ақылмен ойлап сөйлейді, бірақ мұның бәрі таусылады...

Хакім Абай дүниенің келесі үшінші сатысына ауысады, ол заманға қатысты мәңгілік шешімі табылмаған мәселе.

Ақын әркімді заман сүйрейді – дейді. Рас. Біз қайсымыз болмасын заман жетегіндеміз. Заман сүйрейді, біз сүйретілеміз, онымызды мансап дейміз, байлық дейміз, әйтеуір толып жатқан атаулар бар, аныағы заманның сүйреуіндеміз. Басқа шындық жоқ. Олай болмаса, осы заманды билей аламыз ба? Ойлаймыз билейміз деп, бос сөз қиял. Заманды билеу адам баласына бұйырмаған. Заманды бұзуға әрекеттену адам баласына тән пәлекет. Сөздің қысқасы, жаман заманға күйлейді, заман оны илейді.

Хакім Абайдың заманға жаман күйлейді дегені, жаманның өзінше заманды билемек болған шайтан әрекеті, нәтижесінде заман оны Алла тағала әмірімен әбден илейді, илейді.

Міне, осы ойларды дәп мен жазғандай айтты ма білмеймін, бірақ Ұстаз ой салғаны рас. Сонда Ұстаз деген ой салушы, оны тұтатушы болғаны ғой. Ұстаз сөзі мәңгілік деуге болады. Бұл Ұстаздың асыл қасиеті.

* * *

Әріптесіміз Арап Еспенбетовтың әкесі Слям ақсақал қайтыс болғанда көңіл айтуға келген Қайым аға дұға оқыды. Сәтті пайдаланып:

- Аға, сіздің дінге көзқарасыңыз қалай дедім. Ұстаз былай деді:

- Данышпан Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас». Рас сөз еш уақытта жалған болмас – деген, менің де ислам діні туралы түйгенім де осы – деді. Басқа сөз жоқ.

* * *

Ұстаз айтады: Жоғарғы жақта жазушылар өңір-өңірді аралап дәріс оқысын деген шешім қабылдапты. Семейге Сәбит Мұқанов бөлініпті.

Бұл Қайым Мұхаметхановтың түрмеден кейін кандидаттық диссертацияны қайта қорғап, Семей педагогика институтында қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша қызмет атқарып жүрген кезі. Өткен оқиғалар «ұмыт болғандай» Сәбит келе Қайымға жармасып:

- Ал, Қайым сіздерге дәріс оқуға арнайы келдім деген соң, ұстаз: - Жақсы болған, студенттер сіздің дәрісіңізге ынтық, жағдайлар жасаймыз дейді ағынан жарылып. Сәбит ашық мінезіне салып:

- Қайым, өзің білесің, менің білетінім мол, маған 200-300-дей сағат дәріс қойыңдар – дейді. Сәбеңнің дәріс оқудан тәжірибесінің жоқтығын сезген Қайым аға:

- Сәбе, айтқаныңыз болады, әуелі дәрісті бастап кетіңіз – дейді.

Ұстаз айтады: Сәбит алғашқы дәрісті қызықты оқыды, өзі де терлеп-тепшіп рахаттанды. Ертеңінде екінші дәріс те солай болды да үшінші дәріске келгенде айтары таусылғандай сыңай білдіреді.

- Мұхтар дәріс оқуға шебер. Ол қандай кітаптарды пайдаланады екен, байқауым керек еді, - деп, Әй, Қайым, әдебиет туралы жазған менің, Мұхтрадың кітаптары бар ма – дейді. Мен оларды даярлап қойғам. Сөздің қысқасы, төртінші дәріспен Сәбит келген шаруасын аяқтады. Сәбиттен профессор шықпады.

* * *

Сәбит Мұқанов дүниеден өтер алдында бірер жыл салып, арнайы сапармен Семейге келді. Бұл оның екінші келуі.

Облыс басшылары қаламгерді жақсы жылы қарсы алды. Ол Семей педагогика институтының кең залында сөз сөйледі. Зал лық толы. Көбі Сәбит Мұқановты көріп, тыңдап қалуға ниетті.

Сәбең 1,5 сағаттай сөйледі. Қазақша,

орысшасы аралас. Ол кісі көрген-білгендерін шет елдерде болған сапарларын және жұртқа белгілі тұлғалармен аралас-құраластары туралы жұртшылыққа (бір тыңдауға) қызықты әңгімеледі.

Мұқият тыңдадым, іліп аларға татымды жайлар таппадым. Мәселе Сәбит Мұқановтың елді шарлап кеткен атақ-даңқында ғана деген пікірде қалдым.

Кейінірек Сәбит Мұқанов туралы Ұстазбен әңгіме болды. Бұл кезде ғылым кандидатымын, оң-солымды аңғарып қалған кезім.

Аға, Сәбеңмен кеңірек сөйлесе алдыңыз ба? – дедім. Сөйлестім – деді Ұстаз.

- Бұрынғы Сәбит Мұқанов жоқ секілді көрінді маған, қайта-қайта өткенге орала береді. Болған іс болды ғой Қайым, сен оның көбінен хабардарсың, осы жолы Абайға зират етсем деген ниетім бар, соған қол ұшын бер, бірге жүр деп өтінді. Кейінірек білдім Қайым аға Сәбеңмен әңгімелескенің лентаға жазып алыпты. Ол ағаның архивінде болуы керек.

* * *

Топта еті ширақ студент достарың бар ма – деді бір әңгіме ретіне қарай.

- Бар, Әлібек Қаңтарбаев деген талантты жігіт бар, әттең өзінің талантына да, білім, ғылымға да құнтсыздау – дедім. Одан кейін Асхат Смайлов деген талантты азамат бар, ізденісте – ол Әріп Тәңірбергенов ақынның тумалары болып келеді деп едім. Қайым аға найманнан талантты ақындар шыққан, Әріп соның ірісі деді де, сендер біліп қойыңдар «Біржан-Сара» айтысы болмаған, оны жазған Әріп Тәңірбергенов деп осы тақырыпты әңгімелеп кетті.

* * *

Қадірлі оқырман, біз Қайым Мұхаметхановты бізге сабақ берген мұғалімдерден арнайы даралап алудамыз, оның себебі толық.

Күпіршілік болмасын, төрт жыл оқуда әр қилы пәндерден 10-15-тей мұғалім білім берді не білім беруге тырысты.

Қайым аға дәріс барасында «сендер мынандай мәселені оқыдыңыздар ма?» - деп сауал қойып қалатын.

Сондай жағдайдың бірі, көне түркі жазуына қатысты әңгіме болды. Көне түркі жазуы толы қасиет, оның данышпаны Жүсіп Баласағұн деген болған дегенде ойға қалдым. Бізге «Көне түркі жазуы деген» пәннен Б. деген апай беретін. Ол кісі «Құтадғу білік» дегенді дұрыс айтпай, дәрісі мүлдем түсініксіз болып қабылданбайтын.

Қайым аға болса, «Құтты білім» авторы Жүсіп Баласағұнды данышпан деп тамсанып, таңдануда.

Бертін келе өзім «Құтты білімін» тереңдеп оқып, зерттеп бір тамаша халге тап болдым. Рас. Жүсіп Баласағұн дананың данасы екен. Ол Күн толды – Әділет, Ай толды – Құт, оның баласы – Ақыл, ақыл уәзірдің туысы – Қанағат.

Иванов осы еңбекті «Благодатное знание» – деп орысшаға тәржімалады. Ол кісі айтады, мұндай әдебиет (кітап) әлемде жоқ деп. «Жібекті түте алмаған жүн қылады» – дегендей, тамаша туындымен, өкінішке орай, студент кезімізде тоғыса алмадық. Өкінішті.

Мұғалімдер арасында Ғинаят Шаяхметов деген дана адам болды. Ол кісі өз дәрісінде «Құтты білік» туралы айтатын, әттең оған мән бермеппін.

Данышпанды даналар таниды. Дана Ұстаз, дана Ұстаз Ғинаят данышпан Жүсіп Баласағұнды өз заманында таныған. Әттең-ау деймін Жүсіп Баласағұн кітабы туралы осы екі Ұстаздың бірі арнайы пән жүргізсе, міне, білімді сол кезде-ақ арқалар едік.

* * *

Қайым аға, әдебиеттің теориясына жетік еді. Айғақты бір мысал.

Бірінші курста «Әдебиеттануға кіріспе» деген пән, ал төртінші курста «Әдебиет теориясы» деген мықты пәнді оқимыз.

Ұстаз әдебиет теориясынан мысалдар келтіріп, ой тұжырымын жасайды. Біз аң-таңбыз, оны өткен жоқпыз. Намысқа тырысып, кітапханадан екі кітапты алдым, бірі «Введение в литературоведение» авторы Абрамович, екінші «Теория литературы» авторы Тимофеев. Сөйтіп,

өзімше «қаруланып» алып, ұстазды тыңдай бастадым. Сонда да әдебиет теңізінде ескексіз қайық сияқтымын. Ұстаз сөзі мығым, кейін білдім сол кезде ол кісінің қолында Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» бар екен.

Сабақ беруші мұғалім әдебиеттің кіріспесімен әдебиет теориясын шатастыра берді. Осы мәселе, қазір әдебиеттен маманданып жатқандарда қалай екен?

Әдебиетке кіріспе мен әдебиет теория арақатынасынан ашылды ма екен? Әдебиет теориясы әдебиет сынының негізі дейтін Ұстаз. Оған өзі әдеби сын мақалалар жаза бастағанда көзім анық жетті, әсіресе Жұмекен Нәжімеденовтың «Ақ шағыл», «Кішкентай» «Даңқ пен дақпырт» романдары туралы жазбаларымда әдеби сын мен әдебиет теориясының тұтастығын айқын сездім.

* * *

Қайым аға әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясы туралы саралап, талдап айтып беретін, өзі әдебиет тарихынан дәрістер оқыды, әсіресе ол кісінің қазақ ауыз әдебиетінен оқыған дәрістері аса құнды еді. Олай дейтінім, Ұстаздың дәрістері авторлық дәстүрде. Ұстазымыз өз дәрістеріне аса ұқыпты болғанымен, емтихан алу ісінде либерал еді. Сондай бір жағдай есіме түсіп отыр.

Емтиханның билеттерін таратып беріп, өзі бір жерге шығып кетті. Әлдекімдер бұл жайды факультет деканы Попов дегенге жеткізе қойған екен. Ол кісі Ұстазға ескертпе жасады. Міне, мына студенттер «шпаргалка» пайдалануда деп оқулықтарды жинап алыпты. Қайым аға «Мейлі кітапханада отырсың менің айтқандарым онда жоқ» – деп тойтарыс берді. Шынында Ұстаз пікірлерін оқулықтардан таппайсың, ол өз айтқанын сұрайтын.

Емтихан алғаны да ерекше.

К-деген студентке шамамен үштік деңгейінде жауап берді, мен Ұстазға ассистент болып көмектесіп отырмын.

- Мына балаға төрт қойсақ стипендияға іліге ме, киімі тым жұпыны екен – деді Ұстаз. Мен: - Жоқ, ілікпейді десем, онда бес қоялық деген шешімге келді.

Тағы да декан Попов:

- Қайым Мұхаметханович сізде бәрі төрт көп десе, аға не біз өңшең нашар оқитындарды қабылдап па едік – деп еді. Оның үні өшті.

Осы «екілік», «үштік» бағаларды қайдан аласыңдар деп, беломорканал папиросын бұрқыратып отырушы еді, жарықтық. Ол емтиханға емес, сабақты сапалы өткізуді басты мәселе дейтін.

* * *

Ұстазымның мінезі туралы бірер сөз.

Қайым Мұхаметханов жаны таза, шыншыл болды. Отыз бес жасында жиырма бес жылға сотталғаны, сол адалдығы үшін. Үш жыл түрме азабын көргені де сол адалдығы үшін. Бүгінгі мемлекет басшысының Адал азамат идеясын көтергенде, осы сөз Қайым аға секілді жандарға тән.

Ел, қоғам алдында адал болу қиынның қиыны. Талай жандар қиыншылыққа төзе алмай солқылдағаны тарихты белгілі.

Адал болу – ауыр сын, оның ішінде өз ұстазына (Мұхтар Әуезов) адал болуы қаншама азап болды десеңші. Ол мәрт адам болатын. Мәрттік – Ұстаздықтың белгісі.

Білімге, ғылымға тазалық, адамшылық, кісілікті сап қалпында сақтай білу үшін қандай қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек қажет болды десеңші.

* * *

Ұстаз деген таза ауа, қанға сіңеді, таза су шөліңді қандырады. Таза сөз терең ойға ынтықтырады. Ұстаз деген тура жолға бағыт!

АҚМАРАЛ СМАҒҰЛОВА, *ғалым-әдебиеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты. Профессор Арап Еспенбетовтың жетекшілігімен «Қайым Мұхамедхановтың шығармашылық өмірбаяны» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті жанындағы «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі. «Ғалым мұраты» зерттеу еңбегінің, 1 оқу құралының, 100-ден аса ғылыми мақалалардың авторы. Студенттерге арналған «Абайтану» оқу құралының авторы (Ж.Әубәкірмен бірге, 2021). Жалпы орта білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарына арналған «Абайтану» оқулық авторларының бірі (2022). ҚРҒЖБМ Ғылым Комитеті тарапынан қаржыландырылатын «Абай қарасөздерінің тезаурусы», «Абай өңірі ақын-жазушыларының тәуелсіздік дүниетанымы әлемдік ой кеңістігінде (Абай облысы бойынша ақын-жазушылар шығармаларын талдау)» ғылыми жобалардың орындаушысы ретінде ғылымға үлес қосуда. Автордың «Абай – оның пешенесіне жазған тағдыры» мақаласын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.*

АБАЙ – ОНЫҢ ПЕШЕНЕСІНЕ ЖАЗҒАН ТАҒДЫРЫ

(Қайым Мұхамедханұлының дүниеден өткеніне 20 жыл)

«Мынау өлмепті, тірі екен».

Осы бір тіркес Қайымның түрме азаптарының куәсі. Иә, ол өлген жоқ! №14 камераның дәмін татып, адам төзгісіз азаптаулардан кейін ес-түссіз қалса да есін жиғанда осы сөзді естіді... Мынау өлмепті тірі...

Оны Тәңірі қолдады. Абайы үшін, қазағы үшін тірі қалды. Фәни дүниенің сексен сегіз жылы нәсіп етілді маңдайына. Абайды, оның айналасын түгендеу үшін. Себебі Абай оның пешенесіне жазған тағдыры еді.

«Абайымнан түк қалмайды...».

Иә, ол мойындаса алаш зиялыларындай, Абайды да айта алмайтын мылқауға айналатынымыз күмәнсіз еді.

«Егер мен мойындасам, Әуезов кетеді. Әуезов кетсе, Абайымнан түк қалмайды...».

Әрбір аяусыз ұрып-соққан сайын ішінен осы сөздерді күбірледі. Ішкі дауысы оны алдағы жарқын күндерге жетеледі. Ол мойындамады. Ол Абайын сатпады. Ол Мұхтарын қолдады. Қазағын қорғады.

Ол Алаш ойымен тамырланды.

Алаш аңсарын, алаш аманатын жеткізу үшін жаралғандай. Себебі Қайым – алаш арыстарының әңгіме-дүкенін рухына сіңіріп өсті. Ол – алаштықтардың қазыналы ойларын құйып алған қормалы. Елдің танымал ақын-әншілерінің сағаттап отырып ән мен жырға толтырған өнер базарының куәсі болды.

Абайдың көзін көрген жандармен дастарқандас, дәмдес болды, талай сырға қанықты. Зиялылар бас қосып кеңескен әңгіме-дүкен бала Қайым зердесінде жатталып, көкірегінде шежіредей қатталып, кемелдікке жетеледі. Өмір тәжірибесінде үнемі сәуле беріп ұлтжанды болып өсуіне себеп болды. Себебі Қайым алаш идеясының мирасқоры еді.

Әкесінің тілегі Қайымға аманат еді.

Қайым отызыншы жылдардың зобалаң-сұмдықтарын басынан өткерді. Әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлы халық жауы атанды, көмусіз, атаусыз қалды. Ол Қайымның дархан көңіл, парасатты болып өсуіне зор ықпал жасаған жан еді. Ол өзінің адал еңбегімен жиған дәулет-байлығын ұлт руханиятына демеушілік қылды. Халық жауы атанып, ескерусіз қалған әкенің ұлтым деген жалғыз тілегі перзентіне аманат еді. Қайым әке аманатына адал болды, әке аңсарын орындады.

Оларды телқоңырдай жақындастырған Абай еді.

«Мұхтарды сат, диссертацияны зорлап

жазғызды, ғылыми еңбектеріңнен бас тарт, жазаң жеңілдейді». Бұл – Қайымның сегіз ай тергеуде жатқанда естігендері. Тергеушілердің лажсыздан ойлап тапқан әрекеттері еді. Әдебиетті саясаттың құлы еткен қоғам Қайымды өз үддесінен шығара алмады. Себебі ол жалған айта алмады. Осы мінезі оны Карлагтың қан шеңгеліне тоғытты.

Иә, ол ғұлама Мұхтардың жанторсығы атанды. Тіпті, жазықсыз айыптауларда «Әуезовтің көлеңкесі» деушілер де болды. Ол, шын мәнінде, Мұхтардың ғылымдағы сенімді серігі, рухани інісі еді. Ал оларды телқоңырдай жақындастырған Абай еді.

«Абайға өмірімнің ақырына дейін қызмет етемін» деген Қайымға тиесілі қағидалы сөз бар. Ғалым сол сертінің үдесінен шығып, адам төзбес қиянатқа, қорлыққа шыдап бақты. Қажымай, талмай қайрат тауып Абайдың әдеби мектебін халықтың рухани игілігіне айналдырды. Абайдың ақын шәкірттері шығармашылығын жүйелеуде жарты ғасырға жуық уақыты кетсе де, ақын шәкірттері мұраларын жинастыруда ыждаhаттылық көрсете білді. Ақын мұрагерлерінің халық аузында жатталып қалған мұраларын қолжазба деректермен салыстыра отырып, түбегейлі зерттеп, ақиқатына жетті.

Абай туындыларының төл нұсқасын қалпына келтіру ісінің жүлгесін салып, жүйесін жасауда Қ.Мұхамедханұлы еңбегі – қашанда негізге алар құнды дүние.

Соның айғағындай, қазақ әдебиеттану ғылымына «Абайдың ақын шәкірттері», «Абай мұрагерлері», «Абай шығармаларының текстологиясы» сынды сүбелі зерттеулері келді. Бұл еңбектер – абайтану ғылымының адастырмас темірқазығы. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті тарихына қатысты сын-зерттеулері Қайым Мұхамедханұлының зерттеушілік аясының, ғалымдық қарымқұлашының кеңдігін даралайды.

«Тарта гөр Семейімнің топырағы.
Төстіктей жеріңе мен еркін сиям!».

Туған топырақтың қадірін бұдан артық қалай жеткізуге болады екен. Темір торлы тас қамау тұтқыны Қайымның өмірге құштар жанын шабыттандырған, жігерін жүдетпеген қуат туған жерге деген махаббаты еді. Қайым азаттық күнге аңсарын қазақтың қара өлеңінен тапты. Ақын рухының тәу етері – туған жері. Жазықсыз жала жабылып торықса да, үміт, мақсұт үстем. Алған бетінен қайтпауға бекемдігі туған жерге деген сағыныштан тамыр алады.

Алты алашқа астана болған Семей жеріне табаны тиген жан ең алдымен Қайымды іздейтіні хақ. Алаш мүддесі үшін, ұлт руханияты үшін басын бәйгеге тіккен, арын сатпаған, намысын таптатпаған, рухын аласартпаған қазақтың Қайымына деген аңсар-сағыныш Семей топырағына жетелері де сөзсіз әрқайсымызды.

Сағынамыз жыл өткен сайын біздер,
Толқын жуып, қаншама шайылды іздер.
Бұл күндері Семейге келген адам
Ең алдымен еленді деп Қайымды іздер, –

деп ақын Несіпбек Айтұлының жырға қосуы да сағыныштан туған сөзсіз.

Ал отбасы шаттығын, балаларын сағынған Қайым:

Сағындым да, сарғайдым да, жүдедім,
Қайғы отына өртенгендей жүрегім.
Көңіл қаяу, жүрек баяу соққанда,
Осы өлеңім дұғам менен тілегім,

– деп қара өлеңнен жан дауасына жұбаныш іздейді, медет табады, сағынышын сейілтеді.

«Бүгінде үйқым тыныш, себебі рухым таза».

Қайымды айналасындағылары сатса да сағы сынбады. Азапты тартса да, қиындықта мұқалмады.

Жай жүрсем, табалады ұтылды деп,
Қатты бассам, күндеді құтырды деп,
Орта жүрсем, онда да көре алмады- ау,
Бұл өзі ақылды адам сықылды деп.

Өз заманының адам түсініп болмас әсірелігіне таңырқап, жанындағылардың құнсыз тірлігіне күйінсе де, Қайым –

ұлттық мүддені жеке бас қамынан жоғары қойды. Қайым – қайталанбас тұлға, жаратылысы ерен жан.

Ол – Ақ алмас...

Мынау жалған дүниеден қазақтың Қайымының өткеніне де жиырма жыл өтіпті. Жиырма жыл... сол кезде іңгәлап дүние есігін ашқан сәби де ат жалын тартып мінер жігітке айналды бүгінде. Ал біз не тындырдық, нені түгендедік? Өнегесі – мектеп, өрісі – әдебиет болған Қайым Мұхамедханұлының құнды мұрасын қаншалықты сараладық. Қайымтану ғылымының көкжиегін кеңейту Қайым үшін емес қазақ үшін қажет екендігін пайымдасақ болғаны.

Қайым ағаны соңынан ергеншәкірттері үнемі ерекше бір ілтипат-сағынышпен еске алатыны да ақиқат. Тіптен қазақ әдебиеттануы да Сіз сынды нені зерттесе де, бір ауыз сөздің түпнұсқасын анықтауға бар ғұмыры сарп етілсе де тек шындықты көксейтін зерттеушілерге сусап отырғаны да жалған емес.

Ақ алмас сынды тасқа шапқан сайын жетілді. Иә, расымен де ол нағыз ақ алмас.

Ол – көк тәңірісі қыран бүркіттей текті, талғампаз, тұнық, тұңғиық.

Қайым ағаның алдын көру менің пешенеме небәрі екі-ақ рет нәсіп етіліпті. Ең алғаш 2003 жылы профессор А.Еспенбетовтің жетекшілігімен кандидаттық диссертациямның тақырыбы «Қайым Мұхамедхановтың шығармашылық өмірбаяны» деп бекітілгенде Қайым ағаға арнайы бардым. Мән-жайымды айттым. Қайым аға өзіне деген осындай құрметті күтпеді ме, әлде өз шығармашылығын ғылыми-зерттеуге арқау еткені үшін шәкіртіне (Арап Еспенбетовке) ерекше ырза болды ма, әлде сонау сұрапыл кезеңнің ащы бейнеті есіне түсіп кетті ме әйтеуір терең ойға шомып үндемей ұзақ отырды.

– Аға, батаңызды алайын деп едім, – дедім мен имене қолымды жайып.

– Балам, ең бастысы мына жеріндегі (қолымен жүрек тұсын нұсқап) адалдық керек, одан басқамен адалмын, ақпын деген бос сөз, – деді. Тоқсанды алқымдап қалса да, дауысы нық, көз жанары өткір. Естіген құлақтың өзінің денесін түршіктірер ауыр азапты тартса да адалдығынан танбаған Аға бейне бір қыран бүркітті елестетті сол сәтте. Көк тәңірісі қыран бүркіттей текті, талғампаз, тұнық, тұңғиық.

Ғалымның маған берген бір ауыз батасы Қайымға «табынуымының» өрісті өзегіне айналды. Бәлкім, біреулер бұнымды әбестік те көрер, бірақ мен үшін Қайым қашан да Ұлы.

Ал екінші рет көруім – 2004 жылдың 5 қаңтары күні, яғни туған күнінде құттықтап бардым. Дастарханның төрінде, бала-шағасының ортасында. Ерекше көңілді көрінді маған. Өткен жолы келген аспирантпын ғой деп өзімді таныстырып жатырмын, бетіме қарап жымиды да басын изеді. Бұл менің алаш арысын соңғы көруім еді.

Уақыт зымырап жылдарды алмастырса да Қайым салған із, Қайым салған сүрлеу соқпағы сайрап жатыр.

НҰРБОЛАТ БӨГЕНБАЕВ, *түрколог, шығыстанушы, PhD доктор, Халықаралық Түркі академиясының сарапшысы. 2002-06 жж. М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін тарих мамандығы бойынша бітірген. Дипломдық жұмысы: «Жамбыл облысындағы орта ғасырлық түрік ескерткіштерінің зерттелуі». 2006-08 жж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті магистратурасын бітірген. Диссертация тақырыбы: «Жайсан және Мерке мемориалды ескерткіштерінің тарихи маңызы». 2011-14 жж. Л.Н. Гумилев атындағы ЕНУ докторанты. Диссертация тақырыбы: «Түрк дәуіріндегі Алтай өңірі: саяси тарихы және әлеуметтік-мәдени құндылықтары». 2009-11 жж. Президенттік мәдениет орталығында ғылыми қызметкер, 2011-15 жж. Л.Н. Гумилев атындағы ЕНУ-да оқытушы, 2016 ж. Қазақ ұлтты өнер университеті, Қорқыт ата атындағы ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, бөлім басшысы. 2016 ж. Халықаралық Түркі академиясында Ғылым бөлімінің аға сарапшы.*

АББАСҚҰЛЫ БАКИХАНОВ – АЛҒАШҚЫ ӘЗЕРБАЙЖАН АҒАРТУШЫСЫ

XIX ғасырда түрк дүниесіндегі ағартушы тұлғалардың қалыптасуымен зайырлы мектептер ашылып, халық ағарту жұмыстары жанданды, ұлттық баспа ісі жүзеге асырылып, рухани-мәдени сілкіністің жаңа басталды. Бұл үдерістер өз кезегінде жалпы қоғамның оянуына, мәдени ортаның қалыптасуына әсер етті. Түрк әлеміндегі мәдениет пен ғылымның, ағартушылық пен баспасөз саласының дамуына әзербайжан ұлт зиялылары да зор үлес қосты. Бұл кезеңдегі Әзербайжандағы ұлттық жаңғыру идеясының бастауында шоқтығы биік тұлғалардың бірі – Кудси, Аббасқұлы Аға Бакиханов тұрды.

А.Бакиханов – Әзербайжан ғылымының көкжиегін кеңейтіп, халықтың сауаттылығын арттыруға айрықша ықпал еткен алғашқы ағартушы, ақын, энциклопедист-ғалым. Ол сонау сақ-ғұн дәуірінен тамыр тартқан Түрк қағандығы, Аққойлы, Қарақойлы, Ширваншах, Сафави мемлекеттері арқылы үздіксіз жалғасқан әзербайжан халқының мыңжылдық тарихы мен мәдениетін зерделеп, әлемге танытқан көрнекті тарихшы. Сондықтан Бакиханов «Әзербайжан тарихнамасының негізін қалаушысы», «Тұңғыш әзербайжан тілтанушысы», «Тұңғыш әзербайжан ағартушысы» ретінде дәріптеледі.

Аббасқұлы, кейіннен әйгілі ағартушы 1794 жылы Амиражана ауылында, Баку ханы II Мырза Мұхаммедтің отбасында дүниеге келген. Ол дүниеге келмей тұрып әкесі II Мырза Мұхаммед хан мен ағасы Мұхаммедқұли хан арасында билік үшін күрес басталып, нәтижесінде II Мырза Мұхаммед ханның жеңілуімен аяқталған еді. Әзербайжандағы хандықтардың өзара жауласуы Баку хандығының Ресей патшалығының құрамына енуін жеделдете түскен оқиғалардың бірі болды. Сондықтан, Бакихановтың балалық шағы отаршылдық пен хандықтардың өзара алауыздығына ұласқан аласапыран дәуірге тұспа-тұс келді. Ол туралы өз өмірбаянында: «Мен жеті жасымнан бастап әріп танып, оқи бастадым, бірақ үздіксіз соғыстардың салдарынан он жыл бойы парсы тілінен өзге ештеңе үйрене алмадым», – деп жазды.

Осындай қиыншылықтарға қарамастан ол 1801 жылы Маштагада сауат ашып, 1803 жылы Амсар ауылында білімін жалғастырады. Әзербайжандағы саяси қозғалыстар саябырсып, отбасы Губа қаласына қоныс аударған соң, бар уақытын араб тілі мен өзге де білім салаларын үйренуге арнайды. Оның араб-парсы тілдерін жетік меңгеруі келешекте әскери салада табысты қызмет етуіне себеп болды. Патша үкіметі тұсындағы Кавказ бас қолбасшысы, генерал А.П.

Ермоловтың шақыруымен 1820 жылы Кавказ корпусында әскери салада қызмет етті. Кейін бас қолбасшының кеңсесінде шығыс тілдерінің аудармашысы қызметіне тағайындалып, полковник дәрежесіне дейін көтеріледі.

1826-1829 жылдары әскери дипломат ретінде Иран-Түркия арасындағы соғысқа және Түрікменчайдағы Ресей мен Иран арасындағы бейбіт келіссөздерге қатысты. Әскери салада жүріп, дарынды дипломат, кәнігі аудармашы ретінде бірқатар маңызды мәселелердің тиімді шешілуіне ықпал етті. Бакиханов жайында Кавказдағы орыс әскери қолбасшысы А.Паскевич өз хатында: «Мен оның дипломатиялық саладағы жоғары іскерлік қабілеті мен асыл қасиетіне куә болдым. Әсіресе, оның Иран мен Ресей қарым-қатынасындағы қызметіне дән ризамын. Сондықтан Бакиханов қызметін әрі қарай жалғастыра беруі қажет деп шештім», – деп жазады.

А. Бакиханов әскери салада қызмет еткен жылдары көптеген тарихи құжаттарға қол жеткізді. Ресей, Латвия, Литва, Польша, Украина, Мажарстан елдеріне саяхат жасап көрнекті ғалымдармен, ақын-жазушылармен, өнер қайраткерлерімен кездесті. Еуропа әдебиетінің үздік шығармаларын аударып, әлем мәдениетінің озық үлгілерімен танысты. Бұл кезеңде оның ағартушылық идеясы жан-жақты толысып, шығармалары да таныла түскен еді.

1834 жылы Варшавадан Әзербайжанға оралып, кейін көп ұзамай қызметтен бас тартып, туған жері Губаға келеді. Бұл кезде оның дүниетанымында жаңа көзқарастар қалыптасты. Себебі, Әзербайжандағы отарлық езгі ақынның жанына қатты батқан еді. Ол ел ішіндегі көтерілістердің себеп-салдары шамадан тыс алым-салықтар екенін ашық айтты. Әзербайжан хандары мен бектерінің құқығына нұқсан келтіретін Патша үкіметінің ережелеріне наразылық танытып, сынады. Кейін де туған елінің тағдырына алаңдап, бірқатар идеяларға жетекшілік етті. 1843 жылы Оңтүстік Кавказдағы жоғарғы мұсылман қоғамының жеке құқықтары туралы ережені әзірлеу жөніндегі арнайы комитеттің жұмысына бел шешіп кірісті.

А.Бакиханов Кавказдағы әскери қызметі мен Еуропадағы жылдары Кавказ тарихы мен мәдениеті, этнографиясы мен географиясы жайында көптеген құнды деректер жинады. Шығыс Кавказ – Ширван мен Дағыстанның байырғы тарихын, жергілікті тұрғындарының этникалық құрамы мен географиялық орналасу аймағын, тілі мен мәдениетін зерттеп, нәтижесінде «Гүлстан-и Ирам» (Кавказдың шығыс бөлігінің тарихы) атты еңбек жазды. Зерттеу барысында Геродот, Страбон, Плутарх сынды ежелгі авторлармен бірге грузин, парсы, араб, орыс және түрк тілдеріндегі ортағасырлық еңбектерге сүйенді. Сонымен бірге, бірнеше рет археологиялық зерттеулер жүргізіп, тарихи ескерткіштерді, патшалар мен хандардың жарлықтарын, халық арасындағы аңыз-әңгімелерді де тиімді қолдана білді.

Ғалым аталған еңбегінде, Әзербайжанның байырғы тұрғындарының тарихына, Араб үстемдігіне қарсы Бабек бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа, Моңғол кезеңіндегі басты оқиғаларға, Ширваншах, Қарақойлы, Аққойлы мемлекеттерінің құрылуы мен кейінгі Әзербайжан хандықтары туралы яғни, көне дәуірден 1813 жылға дейінгі аралықтағы Кавказ өңірінің тұтас тарихына ғылыми шолу жасайды.

Ғалымның «Гүлстан-и Ирам» шығармасы сол тұстағы ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағаланды. Тіпті, I Николай патша аталған шығармасы үшін Бакихановқа 800 рубль күміс ақша тағайындап, қолжазбаны Ғылым академиясының қарауына ұсынады. Ғылыми кеңеске қатысқан М.Броссе мен Б.Дорн сынды атақты академиктер бұл шығарманы «Ғылымды алға жетелейтін еңбек», деп жоғары баға берді. Алайда, Патша үкіметі қазына есебінен жариялауға рұқсат бермеді. Осыдан кейін қолжазбаның кейбір тараулары мерзімді басылымдарда жарияланып, тек араға жылдар салып, 1926 жылы орыс тілінде толық нұсқасы жарық көрді. Ал, 1951 жылы әзербайжан тілінде, 1991 жылы Бакуде академик З.Буниятовтың редакторлығымен Грузия

Ғылым академиясының қолжазбалар институтында сақталған орысша аударма нұсқасы басылып шықты.

Әзербайжанда Бакихановтың қолтаңбасы қалмаған ғылым саласы кемде-кем. Ол тарих ғылымынан өзге география, этнография, астрономия, философия, педогогика, археология салаларында да ірі бетбұрыстар жасап, іргелі еңбектер жазып қалдырды. Каспий жағалауына жақын маңнан Чираккале («Шырақ қала») сынды генуялық немесе венециялық бірнеше бекініс-қамалдар мен өзге де археологиялық ескерткіштерді зерттеп, Әзербайжандағы археология ілімінің қалыптасуына да игі әсер етті.

Сонымен бірге, оның Американың ашылу тарихына арналған – «Кашф әл-Карайб» кітабы әлемдік ғылымға үлес қосқан үздік туындылардың қатарынан орын алды. Екі бөлімнен тұратын бұл еңбектің бірінші тарауында Христофор Колумбтың Американы ашуы туралы оқиғалар қамтылса, екінші бөлімі Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерін сипаттауға арналды. Ғалымның бұдан өзге «Асрар әл-Малакут» («Аспан әлемінің құпиялары») атты астрономиялық еңбегін де айрықша атап өтуіміз қажет. Бакиханов бұл еңбегінде әйгілі астроном Коперниктің ғана емес, Ньютон, Кеплер, Галилей сынды көрнекті еуропалық астрономдардың да еңбектерін терең зерттейді.

Осы орайда, Бакихановтың энциклопедиялық білімі, жан-жақты ғалымдық қайраткерлігі қазақтың тұңғыш ағартушы-ғалымы Шоқан Уәлихановты еске түсіреді. Аталған екі тұлғаның саяси қызметі, шығармашылық мұрасы, тіпті өмір жолы да ұқсас өрілген. Қос ғұлама да хан-сұлтандар әулетінде дүниеге келіп, жастайынан халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілері – қисса-дастандар мен аңыз-әңгімелерді санасына сіңіріп, халықтың салт-дәстүрі мен тарихынан тағлым алып, араб-парсы, түрік, шағатай сынды шығыс тілдерін игеріп өскен, Еуропа оқымыстыларымен ерте араласып, әлем өркениетінің озық үлгілерімен танысқан. Осылайша, Батыс пен Шығыс мәдениетін тең игеріп, халықтың рухани қазынасынан нәр алуы екі тұлғаның әйгілі ғалым болып қалыптасуына зор әсер етсе керек. Олардың өмір сүрген жылдарында алшақтық болғанымен халқының өткен тарихы мен мәдениетін зерттеп, әлемге паш ету мұраты, сол арқылы ұлт санасын серпілтіп, озық өркениетке жетелеудегі ұмтылысында мол үндестік байқалады. Олардың бірі қазақ даласында, енді бірі Әзербайжанда тұрып, Патшалық Ресей тұсындағы аласапыран дәуірде өмір сүрсе де, саналы ғұмырларын туған халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнады.

Аббасқұлы Бакиханов ақын әрі аудармашы ретінде әдеби шығармалары арқылы әзербайжан әдебиетіне жаңа леп әкелді. Губақаласындаақындармен поэзия әуесқойларынан құралған «Гүлстан» атты әдеби мәжіліс ұйымдастырып, «Кудси» (мағынасы – текті, таза) деген бүркеншік есіммен өлеңдер жазды, мысалдар аударып, көркем шығармамен айналысты.

Ақын шығармаларының негізгі сюжеттері шынайы өмірден алынған ағартушылық идеяға негізделді. «Насихат кітабы» еңбегіндегі қоғам, отбасы, адами құндылықтарға құралған шығармалары арқылы үлкендерді құрметтеуге, ата-ананы сыйлауға, өтірік пен мақтаншақтық тәрізді жаман әдеттерден аулақ болуға шақырды. Бакихановтың тәрбиелік тағылымы, рухани ұстанымы Абайдың «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ», деген өлең жолдарындағы тәрбиелік ой-тұжырымымен ұштасады. Сол сияқты, әзербайжан ақынының: «Сенбе өзгеге, бауырың болсадағы», деп басталатын өлеңі мен қазақтың бас ақынының: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап!», деген өлең жолындағы адамның кез келген сәтте өзіннің «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» арқылы қиындықтан жол таба білуге шақыратын тағылымынан көп сәйкестік аңғарылады.

Аббасқұлы Бакиханов «Түлкі мен қой», «Қасқыр мен ұлу», «Адасқан мақтаныш» секілді түрк халықтары әдебиетінің алтын қорына енген алғашқы әзербайжан ертегілерін жазды. Сол сияқты, ақынның «Тифлис» (өлең), «Есек пен Бұлбұл» (мысал, аударма), надандықты әшкерелейтін әрі әлеуметтік сатираға негізделген «Тебриз

тұрғындарына үндеу» сынды бірқатар аудармалары мен шығармалары бар. Бакихановтың мысалдар аударып, жалынды жырлар жазу арқылы ұйқыда жатқан халқының ой-санасын серпілтіп, жігерін жануға арналған ағартушылық әрекеті Алаш арысы Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ», деп ұран тастауымен, Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» болып қалың қазақты оятуымен, қараңғы қапастан құтқармақ болған асыл мұратымен үндеседі.

XIX ғасырдың аяғында Әзербайжанда білім берудің жаңа кезеңі басталғанда Бакихановтың идеясы кең өріс алды. Оның 1832 жылы Бакуде зайырлы мектеп ашу жобасы іс жүзінде қолдау таппағанымен, 1887 жылы Ғ.Махмудбеков пен С.М.Ганизаденің бастамасымен ашылған орыс-әзербайжан мектебінің құрылуына жол ашты. Сол сияқты, 1869 жылы Әзербайжанның Шамахи қаласында жаңа үлгідегі алғашқы жәдиттік мектептің ашылуына, кейіннен осы жәдит ұғымының Анадолы, Еділ-Жайық пен Түркістан өлкелеріне таралуына, И.Гаспралы, А.Байтұрсынұлы, А.Авлони, А.Фитраттардың жетекшілігімен жәдиттік білім беру жүйесінің пайда болуына С. Ширвани, Ш.Маржани, Г.Курсави сынды ағартушылармен қатар Аббасқұл Аға Бакихановтың да рухани ықпалы болғаны анық.

Сондықтан жан-жақты талантымен өшпес ғибрат, ғылыми мол мұра қалдырған ғұлама ғалым Аббасқұл Аға Бакихановты Әзербайжан халқының ғана емес, барша түрк әлемінің ортақ мақтанышы әрі ағартушысы деуге негіз бар. Себебі ол ұшан-теңіз зерттеулері арқылы түрк тарихының бойына қан жүгіртіп, шығыстану, кавказтану, түріктану ілімінің қалыптасуына айрықша атсалысты. Ғалымның «Парсы грамматикасы» еңбегі ғылыми қауымдастық пен Үкімет тарапынан жоғары бағаланып, парсы тілін оқытудың бағдарламасына енгізілді. «Гүлстан-и Ирам» тарихи еңбегі күні бүгінге дейін жиі сілтеме жасалатын аса құнды шығармалар қатарында. Ал, ұлы ағартушының тұлғалық болмысы, ғылыми мирасы өзінен кейінгі тарихшы, шығыстанушы ғалымдардың бағдар берер темірқазығына айналды. Сондықтан атақты шығыстанушы, академик Зия Буниятов: «Бакихановтың жан-жақты білімі мен энциклопедиялық таланты әзербайжан тарихшыларының қазіргі буынына үлгі болуы тиіс», – деп жоғары бағалап, өсиет еткен еді.

СЕРІКБАЙ МАУСЫМБАЕВ, *ғалым-ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор. ҚР Ұлттық Жаратылыстану Академиясының акдемигі. Аякөз ауданының құрметті азаматы. Ыбырай Алтынсарин атындағы республикалық сыйлықтың лауреаты. ҚР атом саласына еңбек сіңірген 1 дәрежелі қызметкер. Курчатов қаласында Ұлттық ядролық орталық құрылғанда, соған қажетті ядролық-физика бағытындағы мамандарды Шәкәрім университетінде дайындауға, кванттық-физика саласының бірден-бір маманы ретінде қыруар еңбек сіңірді. Оның басшылығымен Ұлттық ядролық орталықта университеттің физика кафедрасының орталығы ашылды. Ғалымның кванттық механикаға, атомдық, ядролық, нейтрондық физикаға, қатты денелер физикасына арналған еңбектері Ресейде, Украинада, Өзбекстанда, Англияда, Голландияда, Америкада жарияланған. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» трактатында кездесетін, оның электрондарға, атомдарға және астрономияға байланысты айтқан көзқарастарына талдаулар жасаған. Профессор Серікбай Маусымбаевтың «Біздің университетке Шәкәрім есімінің берілу тарихынан» мақаласы университет тарихына арналған.*

БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТКЕ ШӘКӘРІМ ЕСІМІНІҢ БЕРІЛІУ ТАРИХЫНАН

Қазақ Елінің шығысындағы, ел таныған Семейдегі қарашаңырақ – Шәкәрім университетінің құрылғанына биыл 90 жыл толып отыр. Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің тарихы өте тереңде және сан саналы. Олай дейтініміз, біздің университет қаламыздың тарихында ерекше орны бар: Семей педагогикалық институты, Семей қаласындағы зоотехникалық-малдәрігерлік институты, Семей ет және сүт өнеркәсібі институты және Семей мемлекеттік қаржы институтының басын қосқан іргелі жоғары оқу орны екендігі бүгінде анық. Бұл расында арнайы зерттелетін тарихы бөлекше әңгіме.

Мен Семей педагогикалық институтында ұзақ жыл еңбек еттім. Әрине, бүгінде бөліп-жаруға келмейтін, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті екеніміз анық. Алғаш Шәкәрім есімінің берілуіне өзім тікелей араласқан соң, соған тоқталып келіп, бірер сөз айтпақпын. 1934 жылы 23 маусымда ВКП (б) Шығыс Қазақстан обкомының бюросы «Семейде Қазақ педагогикалық институтын ұйымдастыру туралы» мәселені қарап, оны құру туралы қаулыны қабылдады. Көп ұзамай Шығыс Қазақстан обкомы бюросының осы қаулысын Қазақ АКСР Халық Комиссарларының Кеңесі де бекіткен еді. Сөйтіп, өмірге Семей педагогикалық институты келген болатын. Осындай жасампаздық жаңа істермен қатар, қоғамдағы қалыптасқан аса ауыр идеологиялық қыспақ жағдайында белгілі бір нысандарға, оның ішінде жоғары оқу орындарына большевиктік партия мен дүниежүзі жұмысшы қозғалысы көсемдерінің, совет қайраткерлерінің аттарын беру өзінше бір үрдіске айналды. 1936 жылғы 10 шілдедегі Қазақ КСР-ы Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен Семей педагогикалық институтына сол кезеңдегі белгілі мемлекет қайраткері, ақын, пролетариат жазушысы атанған Сәкен Сейфуллиннің аты берілді. Үкіметтің қаулысында, әдебиет майданындағы жиырма жылдық шығармашылық қызметіне байланысты Қазақстандағы бірталай нысандарға Сәкен Сейфуллинің аты берілетіні атап көрсетілді. Соның бірі – Семей пединституты еді.

Сәкен Сейфуллиннің атын Семей педагаогикалық институты барды-жоғы біржарым жыл ғана алып жүрді. 1937-1938 жылдардағы бүкіл Совет Одағын қамтыған, қылмыстық кодекстің 58

бабымен айыптап, жазықсыз жандарды «халық жауы» жасаған сталиндік заңсыз зобалаңның құрбаны болып, ақиық ақын Сәкен Сейфуллинде кете барған еді. Осы жағдайға байланысты, Сәкеннің аты пединституттан алынып, оқу орны біржарым жылдан астам уақыт шамасында атаусыз тұрды. Орыс халқы «Святое место пусто не бывает» деп айтатындай, «халық жауы» болып ұсталып кеткендердің аттарын нысандардан алып тастап, қайтадан ат беру жағдайы сол кездегі біздің республикада да белең алған еді. Мәселен, бүгінгі Тараз, бұрынғы Әулиеата қаласының ғасырлардан келе жатқан аты, ескі феодалдық қоғамға тән, сондықтан өзгерту керек деген шешіммен, 1936 жылы Мирзоян аталғаны белгілі. Ал ВКП (б) Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Л.И.Мирзоян «халық жауы» болып 1938 жылы ұсталып, 1939 жылы атылғаннан кейін қалаға халық ақыны Жамбыл Жабаевтың аты берілді. Тура осындай жағдайды Семей пединституты да басынан кешті. 1939 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы бойынша институтқа Н.К.Крупскаяның аты берілді. Семей педагогикалық институты сол уақыттан 1993 жылға дейін, яғни 54 жыл осы атауымен белгілі болды. 1991 жылы еліміз көптен күткен тәуелсіздігін алды. Егемен Қазақстан дамудың өзіндік жолын таңдап алды. Қоғамда аса терең және түбегейлі бетбұрыстар мен өзгерістерді іске асыру қолға алынды. Ол қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтыды. Міне осы кезеңде, қазіргі рухани өзгерістерге сәйкес келе бермейтін бұрынғы ескі атауларды заман талабына сай болатын жаңа атаулармен ауыстыру мәселесі күн тәртібіне шыққан болатын. Мен ол кезеңде, яғни 1992-1993 жылдарда Семей пединститутының қазақ бөлімдеріндегі күндізгі және сырттай оқу ісі бойынша екінші проректоры болатынмын. Біздің оқу орнында қазақ топтарының көбейуімен тікелей байланысты арнайы осындай проректорлық қызмет құрылған еді. Ал 1994-1996 жылдары институттың оқу ісі және әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша проректоры болып қызмет жасадым. Жалпы 1986-1996 жылдардың арасында, Семейдегі үш институт біріктірілгенге дейін институтта он жыл қатарынан проректорлық қызметтерді атқарыппын. 1992 жылдың қазан айының іші еді, бірде есік қағылып, кабинетке жанында төрт-бес студенті бар Көркем сурет және сызу факультетінің деканы Қайыртай Әмірғазин кірді. Жігіттермен амандасқаннан кейін олардан жөн сұрадым. Сол арада сөз алған Қайыртай, өздерінің маған келулерінің мән-жайын түсіндірді. Сонда Қайыртай тұрып: «Серікбай Сәлімбекұлы, бәріміз білетіндей Қазақ елі егемендігін алды, қоғамда небір өзгерістер, жаңарулар басталды, қазір жоғалтқанымыз табылып, өшкеніміз жанғандай жағдайды бастан кешудеміз. Біздің институтта да оңды өзгерістер орын алуда. Осының бәрі қуантады. Алды- мызда талай қыруар жұмыстар күтіп тұр. Солардың бірі – институттың атын өзгерту мәселесі. Н.К.Крупскаяның ешкімге де, оған басқаның да өкпесі бола қоймас. Заман өзгерді, егемен Ел болдық. Кешегі күнге дейін аттары тылсымға кеткендей болған халқымызыдың небір ардақты перзенттерінің аттары жарыққа шығуда. Сондықтан да, институттың атын өзгерту қажеттілік. Мына студенттер маған соны айтуға келіпті. Мен бұларды ертіп алып сізге келіп тұрмын. Институтқа ұлтымыздың ардақты перзенті, хакім Абайдың інісі, ақын, ойшыл, аяусыз саясаттың жазықсыз құрбаны болған Шәкәрім Құдайбердіұлының атын беру керек», – деді. Оның осы сөздерін студенттер де құптап отырды. Мен сол жерде Саясаттану кафедрасының меңгерушісі Сайын Борбасовты шақырттым. Жедел келген Сайын да институтқа Шәкәрім атын беру керектігін қолдады. Шынын айту керек, сол жерде менің де ішкі жан дүнием-ді ерекше бір толғаныс баурады.

Мен жігіттерге олардың бұл ойын, басшымыз, институттың ректоры Михаил Семенович Панинге айтатынымды, сол кісімен де ақылдасатынымды айттым. М.С.Паниннен дұрыс жауап алатынына сенімді болдым. Осы бір өз ісіне жауапты, өмірлік тәжірибесі мол, білікті басшымен

талай жылдар бірге қызмет істегендіктен, оның қыр-сырын білгендей едім. Ол кісі қоғамдағы түбегейлі өзгерістерді, жалпы саясаттың ауанын жақсы түсінетіндер қатарынан еді. Михаил Семенович мені мұқият тыңдап алғаннан кейін: «Бұл мәселеде қызбалық жасамайық, елдің көңіл-күйі деген болады, қалай болғанда да сол ескі атты қимайтындардың да болуы әбден мүмкін. Сондықтан, белгілі бір тоқтамға келмес бұрын, алдымен осы шаруамен айналысатын комиссия құрайық, оны өзіңіз дайындаңыз», – деді. Осы әңгімелерден кейін қызу іске кірістік. Ең бірінші институт активінің жиналысын шақырдық. Жиналғандарға күн тәртібіндегі мәселені түсіндірдім. Ел біз айтпасақ та өзгерістің қажеттігін түсінген еді.

Жиналыста біраз адамдар сөйледі. Қуандық Жүсіпов, Қинаят Шаяхметұлы, Арап Еспенбетов, Қажи Нұрсұлтанов, Ержан Сағындықов, Роза Мәмбетбаева сияқты қатысушылар сөз алып, институтқа Шәкәрім Құдайбедіұлының атын беру туралы өз пікірлерін ұсынды. Сол сияқты басқа да тұлғаларды да ұсынғандар болды. Осы жиналыста іс-шараны одан әрі іске асыратын арнайы комиссияны құрдық. Сол жерде институттың барлық факультеттерінің студенттері арасында институт атын өзгерту туралы және нақты тұлғалардың аттары көрсетілген сауалнама жүргізуді шештік. Жүргізілген сауалнамада «Сіз институттың атының мына белгілі тұлғаларға берілуін қалайсыз ба?», – деген нақты сұрақ тұрды. Сауалға жауап берушілерге Абайдың, Шәкәрімнің, Крупскаяның, Әуезовтың және Марғұланның аттары ұсынылды.

Институттың Ғылыми Кеңесінде мен осы мәселе бойынша жасалған іс-шаралар туралы есеп беру баяндамамды жасадым. Осы жерде айта кету орынды деп ойлаймын. Сол институт активінің жиналысы өте сала, көп ұзатпай мен Алматыға, Ғылым Академиясына Қайым Мұхаметханов ағаға жолығуға бардым. Ол кезде Қайым аға Ғылым Академиясының М.Әузов атындағы Әдебиет және өнер институтында ұлы ақынның 150 жылдығына арналған Абайдың академиялық екі томдығын, «Абай» энциклопедиясын дайындау үстінде болатын. Біз үшін ғұламаның институт атын ауыстыруға байланысты пікірін білу аса маңызды болды. Мен ол кісімен жолығып, Семейден неге келген бұйымтайымды айтқанда, Қайым аға ойланбай-ақ бірден, институтқа Шәкәрім атын беру керек деді.

Сол сияқты, Шәкәрім атын институқа бергізуді қолдату үшін ұлылар мекені – Шыңғыстауға, Абай ауданы жеріне де бардым. Онда аудан әкімі Орал Арғынбекұлы бастаған азаматтарымен кездестім. Осының бәрін институт Ғылыми Кеңесінде оның мүшелеріне толықтай түсіндіре отырып, қортынды сөзімде студенттер арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесін де хабарладым. Сауалнама нәтижесі бойынша институтқа Шәкәрім атын беруге студенттердің – 71, Крупскаяға – 20, Абайға – 4, Марғұланға – 3, Әуезовке – 2 пайызының қолдау көрсеткенін айттым. Институттың Ғылыми Кеңесі Семей педагогикалық институтына Шәкәрім Құдайбердіұлының атын беру туралы бірауыздан қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес Семей педагаогикалық институтына көрнекті ақын, ғұлама-ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының атын беру туралы үкіметтің алдына мәселе қойылды. Біраз уақыт өте келе ұжымның шешімін қанағаттандырған жауапты да алдық. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы № 383 қаулысымен институтқа Шәкәрім Құдайбердіұлының аты берілді. Осы шешімді күткен азаматтардың қуанышында шек болмады. Міне содан бері отыз бір жылдай уақыт өткен екен. Бүгіндері сол бір ерекше кезеңдегі жаңарулардың куәгерлері біздердің, атқарған жұмыстарымыздың тарих қойнауына кеткенін сезінгенде, «өткен күнде белгі бар», – дегің келеді. Ол белгі – болашағына сеніммен қараған, қасиетті Шәкәрім қажының атын жоғары ұстап әкеле жатқан білім мен ғылымның ордасы біздің университетіміз.

Ректор Думан Орынбековтың «Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» конференциясын ашу сәтінен

«Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» конференциясының қонақтары

Министр Нұрбек Саясаттың конференцияға қатысушыларды онлайн құттықтауы

Конференция баяндамашылары-қонақтар

Академик Ерлан Сыдықов

Профессор Болат Тілеп

Конфенренциядан көрініс

Дінтанушы ғалым Бейбіт Сапаралы

Академик Ғарифолла Есім

Профессор Бекир Түмен Сомунжуоғлы

Профессор Жавлонбек Жовлиев

Профессор Арап Еспенбетов

Профессор Ахмет Тоқтабай

Профессор Тұрсын Жұртбай

Профессор Ислам Жеменей

Конференциядан естелік сурет

Университет ректоры қонақтармен Шәкәрім ескерткіші жанында

Профессор Қайым Мұхаметқанұлы

Ахат Шәкәрімұлы мен Қайым Мұхаметқанұлы

Ахат Шәкәрімұлы, Алим Кешоков, Қайым Мұхаметқанұлы және Фархинур Мұхаметқанова. Абай ауданында

Саятқора. Қазіргі көрінісі

Ректор Думан Орынбеков университет ғалымдарымен Шәкәрімнің Саят қорасында. Болашақ істерді талқылау сәті

Шәкәрімнің туған жері Кеңбұлаққа қойылған белгітас

Ректор Думан Орынбеков университет ғалымдарымен
Шәкәрімнің туған жері Кеңбұлақта

ШӘКӘРІМ.
Ғылыми-танымдық журнал.

Мекен-жайы: Абай облысы, Семей қаласы.
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Глинка көшесі, 20 А.
Байланыс телефондары: 8 707 596 0000; 8 777 984 5060; 8 777 854 3877.

Беттеуге тапсырылған күні – 05.06.2024 жыл. Басуға қол қойылған күні – 12.06.2024 жыл.
Форматы – 60х84 1/8. Таралымы 1000 дана. Бағасы келісімді.